



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Ерлан ҚАРИН,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ директоры

Шығаруға жауапты:

А. Арзықұлов
С. Құрманғалиева

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

«КРОИВА» ҚБ, баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ.,
Ш. Уалиханов көш., 115.

Таралымы 500 дана.

НҰРЛЫ ЖОЛ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Дария Мұхамеджанова

Қырғызстан және Қазақстан үшін ЕАЭО-ның
даму келешегі..... 5

Вера Можарова

Көлік инфрақұрылымы – кеңістіктік дамудың
факторы ретінде 23

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

**Лазат Нұрсұлтанова,
Райхан Жанболатова,
Болған Бәтішева**

Қазақстан мен Еуропалық Одақтың
экономикалық қарым-қатынастары
мәселелері 39

ІШКІ САЯСАТ ЖӘНЕ ӨЛЕУМЕТТІК ҮРДІСТЕР

Рустам Муса

Жаһандық және аймақтық саяси тәуекелдер
мен дағдарыстарға жүйелі мониторинг:
теориялық және қолданбалы аспектілері 48

ТАРИХ, ҚОҒАМ, МӘДЕНИЕТ

Ғани Қарасаев

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә.Назарбаевтың БҰҰ жұмысын
реформалау бағытындағы ұсыныстары 64

Қарлығаш Нұрмұхаметова

«Ұлы моғол империясы» тұсындағы
мәдени тоғысу 70



KOFAM
DAVIR

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Жандос Каринбаев

Поляктар: этногенезі және мәдени
ерекшеліктері80

Тимур Талғат

Ақжан Бегім

«Түркістан Республикасының Кеңестер
съезінде қаралатын ақша мәселесі
тақырыпты жобалар»: мазмұны,
маңызы және тарихи талдау 100

Анар Борсықбаева

Әскери шығыстанушылар еңбектеріндегі
көшпелілердің рухани мәдениеті 109

Түйіндеме 117

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- | | |
|-------------------|--|
| Ерлан ҚАРИН | – редакциялық кеңестің төрағасы,
ҚР Президенті жанындағы Қазақстан
стратегиялық зерттеулер институтының
(ҚСЗИ) директоры, саяси ғылымдарының
кандидаты |
| Рахман АЛШАНОВ | – «Тұран» білім корпорациясының президенті,
ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының
президенті, экономика ғылымдарының
докторы, профессор |
| Мәулен ӘШІМБАЕВ | – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,
Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік
комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының
кандидаты |
| Камал БҰРХАНОВ | – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси
ғылымдарының докторы, профессор |
| Қазбек ИСАЕВ | – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ
ғалым хатшысы,
тарих ғылымдарының кандидаты |
| Санат КӨШКІМБАЕВ | – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ
директорының орынбасары,
саяси ғылымдарының докторы |
| Бағлан МАЙЛЫБАЕВ | – ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының
орынбасары, заң ғылымдарының докторы |
| Ләйлә МҰЗАПАРОВА | – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ
директорының бірінші орынбасары,
экономика ғылымдарының кандидаты |
| Үлес НЫСАНБЕК | – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ
директорының орынбасары,
экономика ғылымдарының кандидаты |
| Марат ШАЙХУТДИНОВ | – Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі
Хатшының орынбасары, тарих
ғылымдарының докторы, профессор |
| Зарема ШӘУКЕНОВА | – ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және
дінтану институтының директоры,
әлеуметтану ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті |

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Ерлан КАРИН	– председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, кандидат политических наук
Рахман АЛШАНОВ	– президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
Маулен АШИМБАЕВ	– депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
Камал БУРХАНОВ	– депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
Казбек ИСАЕВ	– ученый секретарь КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
Санат КУШКУМБАЕВ	– заместитель директора КИСИ при Президенте РК, доктор политических наук
Баглан МАЙЛЫБАЕВ	– заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
Лейла МУЗАПАРОВА	– первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
Улес НЫСАНБЕК	– заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
Марат ШАЙХУТДИНОВ	– заместитель Секретаря Совета Безопасности Республики Казахстан, доктор исторических наук, профессор
Зарема ШАУКЕНОВА	– директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК

Қырғызстан және Қазақстан үшін ЕАЭО-ның даму келешегі

Дария МҰХАМЕДЖАНОВА,
ҚР Президенті жанындағы Қазақстан
стратегиялық зерттеулер институтының
бас ғылыми қызметкері

Кырғызстан Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) кірген күннен бастап еуразиялық кеңістікте ортаазиялық жаңа экономикалық бағдар айқындалып, интеграциялық дамудың жаңа кезеңі басталды. Қырғызстанның ЕАЭО-ға кіруі, біріншіден, ұйымның Орталық Азия аймағына қарай кеңеюі, екіншіден, ЕАЭО нарығында аймақ елдерінің тауар ағынын ұлғайту мәселесінде Орталық Азия елдерінің шоғырлануы үшін экономикалық алғышарттар құрады.

Қырғызстан экономикасының ерекшелігі сауда кеңістігін ырықтандыру саясатына, сондай-ақ тәуелсіздік құру кезеңінде ДСҰ-ға мүше болуына қарамастан, Қазақстанмен, сондай-ақ Ресеймен де тығыз сауда-экономикалық байланысты сақтап қалды.

Қазақстан – Қырғызстанның маңызды сауда серіктестерінің бірі. Қырғызстанның ЕАЭО-ға енуі, бір жағынан, Орталық Азия өңірлік экономикасына Қазақстанның араласу мүмкіндігін одан әрі күшейтсе, екінші жағынан, Қырғызстанның ЕАЭО мен Қазақстан нарығына араласу үлесі мардымсыз болғанымен, ұйымға жаңа қатысушының кіруі ынтымақтасудың жаңа шарттарына бейімделуіне қатысты қиындықтарға ұшырап отыр.

ЕАЭО және тұтастай алғанда Одаққа мүше елдер үшін бұл мәселелер аясының деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Осыған орай ЕАЭО-ның кеңею жағдайында Қазақстан экономикасының даму

келешегін зерделеуде Қырғызстанның одаққа кіруінің экономикалық мүмкіндіктері мен салдарын бағалау өзекті әрі қажетті екендігі сөзсіз.

Жаһандану жағдайындағы Қырғызстанның экономикасы: негізгі бағыттар

Жаһандану жағдайындағы Қырғызстанның экономикасы оның қазіргі ахуалын анықтаған бірқатар факторлардың әсерінен қалыптасты:

- Қырғызстан бір бөлшегі саналған кеңестік экономикалық жүйенің ыдырауы;
- сауда саясатын ырықтандырудың салдарынан Қырғызстанның жаһандық экономикаға интеграциялануы;
- Еуразияда интеграциялық үдерістердің дамуы.

Сонымен бірге елдің геоэкономикалық ерекшеліктері ғаламдық интеграциялық жобалардың бәсекелестігіне жол ашты (Еуропалық Одақтың, АҚШ пен Қытайдың қатысуымен). Шикізат экспорты мен теңізге шығатын жолы жоқ Қырғызстан аймақтағы көрші елдерге қарағанда ел экономикасында өзгеріс жүргізуді қажет етті. Сондай-ақ ТМД елдері бойынша серіктес мемлекеттердің экспорттық тауарлар нарығындағы қолайсыз әлемдік конъюнктура да экономикалық дамудың құлдырауына ықпал етті.

Осы факторлар Қырғызстанның экономикасына төмендегідей әсер етті:

- экономикалық дамудың қарқынын айқындады;
- ел экономикасының құрылымын өзгертті;
- жаһандану мен аймақтандыру үдерісіне қатысу сипатын қалыптастырды.

Посткеңестік кеңістікте экономикалық байланыстардың ыдырауы нәтижесінде, Қырғызстанның экономикалық даму қарқыны баяу жүрді, сондай-ақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елде ішкі саяси тұрақсыздық орын алды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы онжылдықта ел экономикасы мен сыртқы экономикалық байланыстарды құру жолындағы қиындықтар республикада жүргізілген либерализациялау мен реформалардың ортақ бағыты арқылы жеңілдетілді [1, 161]. Кейінгі онжылдықта елдің экономикалық даму қарқыны 2005 жылғы төңкеріс, 2008-2009 жж. әлемдік дағдарыс, 2010 жылғы төңкеріс, 2011 жылы еуразиялық интеграциялық үдерістерге белсенді қатысу сияқты оқиғалармен реттелді.

2000 жылдары Қырғызстанда экономикалық ахуал тұрақтана бастады, бірақ бұл республиканың қазіргі кезеңдегі және тұтастай

алғанда, экономикалық өсу деңгейіндегі тұрақты экономикалық даму қарқынын айтпаса керек.

Қырғызстан қазіргі кезеңде өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірісінің даму қарқыны бойынша ТМД-ның басқа елдерінен артта қалып отыр.

Нарықтық экономика құру кезеңінде, Қырғызстан экономикасындағы құрылымдық өзгерістер барысында ЖІӨ-дегі өнеркәсіп пен ауылшаруашылық үлесінің төмендеуі байқалды.

Мысалы, тек 2000–2012 жылдар кезеңінде елдің ЖІӨ-дегі өнеркәсіп үлесі 6,2%-ға, ал ауылшаруашылық үлесі 17,1%-ға азайды [2].

Қырғызстан экономикасы посткеңестік кеңістікте экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан әлсіз экономика саналады. Бүгінде жаһандық бәсекелестік рейтингінде Қырғызстан 108-орында (салыстыру үшін, Тәжікстан 91-орын, Армения 85-орын, Қазақстан 50-орын, Ресей 53-орынды иеленген). Адам дамуының индексі рейтингінде (АДИ) ТМД аймағы бойынша АДИ-дің ең төменгі деңгейі Қырғызстан мен Тәжікстанның еншісінде (125 және 133-орындарда)¹.

Қырғызстан ТМД елдері бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткішінің өсу ауқымы мен қарқыны бойынша Тәжікстаннан кейінгі орында. 2013 жылы Қырғызстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші (1213 доллар) Ресейдің жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткішінен (13415 доллар) 10 есе аз [2].

Орталық Азия елдері секілді Қырғызстан экономикалық тәуелсіздік алған сәттен бастап, әлемдік ірі мемлекеттердің саяси және экономикалық мүдделері аймағында қалды, бұл, ең алдымен:

- Орталық Азия елдеріндегі табиғи ресурстарға қолжетімділікпен;
- Орталық Азия өңірлік нарығына әсер етуге;
- Еуропа мен Шығыс және Оңтүстік Азия арасында жатқан елдің көлік әлеуеті мен көлік инфрақұрылымын қолдануымен байланысты.

Қырғызстанның жаһандық және аймақтық экономикалық жүйелерге интеграциялану үдерісі елдің халықаралық экономикалық

¹ БҰҰДБ-ның сарапшылары ТМД-да адам дамуының орташа деңгейіндегі елдерге Қырғызстан мен Тәжікстанның қатарына Түрікменстан (103-орын), Молдова (114-орын), Өзбекстан (116-орын) елдерін қойса, ал даму деңгейі жоғары елдерге Беларусь (53-орын), Ресей (57-орын), Қазақстан (70-орын), Әзірбайжан (76-орын), Украина (83-орын) мен Арменияны (87-орын) жатқызады.

альянстарға белсенді қатысуына байланысты. Қырғызстанның жаһандану үдерісіне араласуының өз ерекшелігі бар, яғни нарықтық экономикаға көшуге негізделген:

- ТМД елдері арасында ДСҰ-ға ең алғаш кірген мемлекет;
- Ауғанстанда терроризмге қарсы іс-қимылдар жүргізу үшін елде АҚШ және НАТО елдерінің әскери базасының орналасуы;
- сыртқы еңбек көші-қоны.

Қырғызстан – сауда режимінде ең либералды елдердің бірі. ДСҰ-ның сауда саясатына шолу мәліметтеріне сүйенсек, тауарлардың барлық тобы бойынша импорттық баж салығының орташа мөлшері 4,6%-ды, ауылшаруашылық өнімдері бойынша 7,4%-ды, ал басқа тауарлар түрлері бойынша 4,2%-ды құрайды [1, 163]. Тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңдегідей бүгінде сырттан әкелінген өнімдердің жалпы көлемі сыртқа шығарған өнім көлемінен асып түседі². Біздің пікірімізше, ДСҰ-ға кіру сауда тепе-теңдігінің тапшылығын ұлғайтып отыр, сонымен бірге ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерін шешкен жоқ. 2000–2013 жылдары кезеңінде экспорттық жеткізілімдер үлесіндегі сыртқы сауданың жалпы көлемі 47,8%-дан 22,8%-ға дейін төмендесе, сәйкесінше импорттық жеткізілімдер үлесі 52,2 %-дан 77,2%-ға артқан. Импорттың экспорттан өсу қарқыны нәтижесінде, сауда тепе-теңдігінің тапшылығы үнемі артып келеді және ол 2013 жылы 4 279 млн АҚШ долларын құрады [2].

Қырғызстан экономикасы сауда серіктестері елдерінің экономикалық жағдайына тәуелді. 1970 жылдардың ортасына қарай Қырғызстан 68 елге (негізінен, ЭӨКК елдері мен Югославия) тауардың 90 түрін экспортқа шығарды (оның ішінде машина жасау, түсті металлургия, жеңіл өнеркәсіп бар). 2013 жылы Қырғызстан әлемнің 143 елімен сауда жүргізді. 89 елге тауар шығарылса, 131 елден тауар әкелінген [3].

Қырғызстанның ДСҰ-ға кіруі сыртқы сауда айналымының өсуіне, соның ішінде импорттың экспорттан басым түсуіне және елдің тауар айналымында өтпелі экономика үлесінің төмендеуіне байланысты әртүрлі типті экономиканың аралығында сауда тепе-теңдігі мен географиялық құрылымының қалыптасу үрдісін бекітті. 1995–2013 жылдар кезеңінде Қырғызстанда ДСҰ-ға мүше дамыған елдерден импорттың үлесі 5,5%-ға артса, сол кезеңдегі осы елдер-

² 1989 жылы Қырғызстандағы тауар алмасудың теріс сальдосы (1989 ж. ішкі одақтық құн бойынша экспорттан импорттың асып түсуі есебінен) 52 пайызға жетті.

ге экспорттың үлесі 5,2%-ға төмендеген. Азиядағы дамушы елдерден, оның ішінде Қытайдан (ҚХР) импорттың үлесі артты. Ұзақ өсу қарқынын көрсеткен экспорт сол кезеңде 1995 жылғы деңгейге жақындады [2].

90-жылдардың басы мен 2000 жылға дейін экспорт пен импорттың географиялық құрылымы ТМД елдерімен сауданың үлестік салмағына біртіндеп төмендеуіне қарамастан, Қырғызстандағы сауда айналымының жалпы көлеміндегі ТМД елдерінің үлесі ең жоғарғы деңгейін сақтап қалды (50%-ға жуық).

Жалпы, Қырғызстанның сыртқы сауда айналымының қарқыны импорттың экспорттан көп болуы есебінен қамтамасыз етілді. 2012 жылы ЖІӨ-ге қатысты (ағымдағы құны бойынша) барлық сыртқы сауда айналымы 116%-ды құрады (2013 жылы бұл көрсеткіш 90%-ды құрады). Сонымен бірге оны айқындаушы шарт Қырғызстан экспортындағы (2012 жылға дейін³) бір тауар тобының (бағалы металдар мен олардан жасалған бұйымдар) басым түсуі болып табылды.

1995–2013 жылдары импорт құрылымы агро-өнеркәсіп кешені, химиялық және тау-кен өндірісі салалары, сондай-ақ минералды отын (импортта бұл топтың үлесі жоғары болғанымен де, 24,1%) өнімдері үлесінің төмендеуіне қарай өзгерді, ал көлік және көлік құрылғылары, басқа да өнеркәсіп тауарлары экспортының өсуі байқалды.

Әлемдік экспортта Қырғызстанның үлесі 0,01%, ал өтпелі экономика экспортында 0,02% екендігін ескерсек, әлемдік және аймақтық нарықтар үшін әртүрлі тауар топтарының мән-маңызы мен Қырғызстанның жаһандану және аймақтандыру үдерісіне қатысуы біртекті емес. Қазіргі кезеңде бірқатар тауар топтары аймақтық, сондай-ақ әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілетті. Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнімдерге: алтын мен монетарлық емес алтынды қосқанда, бағалы металдар кен орны (әлемдік экспорттың 0,4%-ы), электр энергиясы (0,24%), көкөністер мен жеміс-жидектер (0,32%) жатады. Аймақтық нарықта Қырғызстан экспортының құрылымы (негізінен, ТМД нарығында) мейлінше әртараптандырылған. Қырғызстан экспортының үлес салмағын жеңіл өнеркәсіп мен азық-түлік өнімдері құрайды. Мейлінше бәсекеге қабілетті тауарларға

³ «Құмтор» алтын өндіру өнеркәсібі өндірісінің 1,8-ге қысқаруы есебінен 2012 жылы Қырғызстан экспортының жалпы көлемі 1,2 есеге азайды, сауда теңдігінің теріс сальдосы 1,8 есеге ұлғайды.

әйелдер мен балалардың киім-кешегі, тоқыма өндірісі (өтпелі экономика экспортында 10,56%), көкөніс пен жеміс-жидек (12,5%), алтын және монетарлық емес алтынды қосқанда, бағалы металдар кен орны (9,95%), түсті метал қалдықтары (7,67%), электр энергиясы (3,42%) жатады [2].

Әлемдік және аймақтық нарықтарда осы тауар тобы мен өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі тікелей шетелдік инвестициялар ағынына (ТШИ) ықпал етті. 2010 және 2012 жылдардан бөлек түскен инвестициялар тұрақты дами бастады, сонымен бірге ел экономикасында, оның ішінде өнеркәсіпте құрылымдық теңсіздік күшейді.

Қазіргі таңда өнеркәсіп өнімдерінің негізгі көлемі төрт сала арқылы өндіріледі, олардың үлесі республика өнеркәсіп өндірісі көлемінің 83,4%-ына сәйкес келеді [3]. Қырғызстанның өңдеу өнеркәсібін: металлургиялық өндірістер мен дайын металл бұйымдары өндірісі (59,7%); азық-түлік өнімдері өндірісі (15,8%); тоқыма-тігін өндірісі (5,9%); басқа да металды емес минералды өнімдер өндірісі (10,7%) құрайды. Металлургия саласында металлургиялық ішкі сала өндірісі (98,5%) басым. Осы ішкі саладағы көлем, негізінен, аффинажды зауытты қоса алғанда, «Құмтор Голд Компаниясы» ЖАҚ, «Қырғызалтын» ААҚ өнімдерінің көлемі есебінен артып отыр [4].

Соңғы бес жылда келіп түскен тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің үлес салмағын капиталдар, яғни 2011 жылдан бөлек (бұл жылы ең жоғары үлесті қайта инвестицияланған түсім құрады, 56%) өнеркәсіптің шетелдік иелерінен алған кредиттер құрайды. Тікелей шетелдік инвестициялар, негізінен, өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарына (49,6%), сауда, автокөлік, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдалану заттарын жөндеуге (14,2%), қаржы қызметі саласына (5,9%) және жылжымайтын мүлікке қатысты іс-қимылға, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету саласына (11%) бағытталды [3].

Соңғы бес жыл ішінде тікелей шетелдік инвестицияның негізгі инвестор-елдері ҚХР (тікелей шетелдік инвестицияның 32%-ы), Канада, Ұлыбритания, Ресей Федерациясы (РФ) және Қазақстан Республикасы (ҚР) болып табылады. 2013 жылы ТМД-дан тыс елдерден түскен тікелей шетелдік инвестиция көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,6 есеге ұлғайды (салыстыру үшін 2009 жылы 2,1 есе), Қытайдан түскен инвестициялар көлемі 3,3 есеге,

Ұлыбританиядан 15,6%-ға артқан, керісінше Канададан инвестиция 21,2 %-ға төмендеген⁴.

2013 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда ТМД елдерінен түскен тікелей инвестиция көлемі 2,1 есеге ұлғайған, 2009 жылмен салыстырғанда олардың ағыны қазақстандық инвесторлардың экономиканың қаржы секторына салған салымдардың күрт төмендеуі есебінен 2 есеге азайған. 2013 жылы РФ инвесторлары салымдарының көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,7 есеге, Қазақстанның инвестициясы 1,5 есеге өскен.

Осыған байланысты Қырғызстанның жаһандануға қатысуы ел экономикасының қарқыны мен құрылымын, сондай-ақ сыртқы экономикалық және сауда саясатының дамуының негізгі трендтерін айқындады. Экономикалық өсу қарқынының бәсеңдеуі, құрылымдық үйлеспеушіліктер, кредиттер бойынша берешектер сияқты жағымсыз факторлардан басқа, Қырғызстанның жаһандық экономикаға интеграциялануы, біздің пікірімізше, ТМД кеңістігінде, оның ішінде ЕАЭО және Орталық Азия елдерімен аймақтық экономикалық ынтымақтастықты сақтау және кеңейтуде жағымды сипат алды.

Қырғызстан аймақтандыру үдерісінде: негізгі серіктестер

Қырғызстанның аймақтандыруға қатысуы халықаралық ұйымдар шеңберіндегі Еуразияның интеграциялық үдерістеріне байланысты, ал интеграцияның келешегін посткеңестік кеңістіктегі, Еуропа мен Азиядағы негізгі сауда серіктестерімен сауда-экономикалық байланыстардың даму үрдістері айқындайды.

Қырғызстанның сыртқы сауда саясаты дамуының негізгі үрдістері ТМД елдерімен аймақтық қарым-қатынастардың басым сипаттарын көрсетеді, ал олардың үлесіне ел экспортының 38,5%-ы мен импортының 49,2%-ы, сонымен бірге азиялық ынтымақтасу векторының артуы мен еуропалық бағыттың төмендеуі сәйкес

⁴ Инвестициялардың бағыты: Қытайдан: негізінен, геологиялық барлау (59,6%) және өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарына (көбінесе мұнай өнімдері өндірісіне – 34,9%); Ұлыбританиядан: геологиялық барлауға (99,4%); Канададан: өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарына (95,4%), негізінен, металлургиялық өндіріс пен дайын металл бұйымдарын жасауға; Ресейден: сауда-саттыққа, автокөліктер, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдалану заттарын жөндеуге (48,7%), өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарына (23,6%, оның 55,2%-ы тоқыма және тігін өндірісіне, 43,3%-ы сусындар мен табакты қосқанда, азық-түлік өндірісіне), электр энергиясы, газ және су өндірісі мен бөлу саласына (23,2%); ҚР-дан: қаржы саласына (32,3%), сауда-саттық, автокөліктер, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдалану заттарын жөндеуге (30,8%) және тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарына (14,1%).

келеді⁵. Сыртқы сауданың географиялық құрылымында негізгі үлестік салмақ (2013 жылы тауар айналымының 59,9%-ы) үш елге – ҚХР, Ресей мен Қазақстанға келеді [3].

Қырғызстанның ТМД кеңістігіндегі басты серіктесі – Ресей, ШЫҰ кеңістігінде – Қытай, ал Орталық Азия аймағында – Қазақстан. Осы үш мемлекеттің аймақтық экономикаға ықпалы сауда-экономикалық байланыстарды, Ресей, Қазақстан мен Қытайдың интеграциялық стратегиялары шеңберінде Қырғызстанның аймақтық экономикалық қатынастарға қатысуын айқындайды.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Қырғызстанның импорт саясатын (18,8%), ал РФ елдің экспорт саясатын (33,2%) құруда жетекші ықпалға ие. Бірақ Қытайдың Азия, Орталық Азия және ШЫҰ экономикаларында көшбасшы болу ұмтылысын, сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» тұжырымдамасының шеңберінде өзара сауда байланысының даму қарқынын, Орталық Азия елдерінің сауда және транзитті әлеуеттерін күшейту стратегиясының болуы мен Қытайдың аймақтағы инвестициялық мүмкіндіктері мен бастамаларын ескерсек, Қырғызстанның сауда саясатын құруда алғышарттары көп.

Бүгінде елдің экспорт саясатын құру және сауда тепе-теңдігінің теріс сальдосының төмендеуі тұрғысында, сондай-ақ диверсификациялау саясатын жүргізіп, ел экономикасындағы құрылымдық қиындықтарды еңсеруде Қырғызстан үшін ЕАЭО мен ТМД экономикалық кеңістігі стратегиялық тұрғыдан маңызды болып қала бермек. Қырғызстанның Орталық Азия елдерімен сауда-экономикалық байланыстары әлі де жалғасып келеді. 2013 жылы Қырғызстанның экспорты (29,5%) мен импорты (11,6%) Орталық Азиядағы 4 елдің (Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан мен Түркменстан) үлесіне сәйкес келді [3]. Қырғызстанның Қазақстан және Өзбекстанмен сауда-экономикалық байланысы жоғары. 2013 жылы Қырғызстанның осы елдермен сауда-экономикалық байланыстарының коэффициенті, сәйкесінше 0,44 және 0,42-ге тең. Мысалы, ТМД үшін бұл көрсеткіш – 0,14; Ресей үшін – 0,1; Қытай – 0,02, Швейцария – 0,008 [1, 170].

Сонымен қатар Қырғызстанның сыртқы саудасында, әсіресе импортта ТМД үлесінің жағымсыз үрдістері орын алды (2009 жылы 56,5%-дан 2013 жылы 49,2%-ға дейін азайды). Бұл өз кезегінде

⁵ Еуропада Қырғызстан экспортының (алтын, күміс) үлес салмағы Швейцарияның еншісінде (2013 жылы 25,4%).

ЕАЭО шеңберіндегі ынтымақтастықта экономикалық дамудың келешегіне теріс ықпал етуі мүмкін.

Орталық Азия төмендегі жобаларды құру шеңберінде аймақта Ресей, Қазақстан және Қытай мүдделерін үйлестіретін біріктіруші кеңістік саналады:

- Ресейдің қолдауымен ЕАЭО;
- Қазақстанның қолдауымен ортаазиялық экономикалық жүйе;
- Қытайдың қолдауымен бірыңғай Азия.

Бірақ Орталық Азиядағы негізгі сауда серіктестерінің мүдделері тоғысуы кезінде Ресей мен Қазақстанның Бірыңғай аймақтық экономикалық жүйе ретінде Орталық Азия елдері бойынша ортақ интеграциялық тұжырымдамасы мен стратегияларының болмауы қиындық тудырып отыр.

Қырғызстанның ЕАЭО-ға кіруі төмендегілердің есебінен аймақтық нарықтың (ЕАЭО) экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде принципті мәнге ие:

- еуразиялық интеграция жобасын Орталық Азия аймағы мен нарығына жылжыту;
- ТМД-ның еркін сауда аймағы (ЕСА) шеңберінде интеграциялық үдерістерді тереңдету;
- ЕАЭО және ШЫҰ-ның экономикалық әлеуеттерін біріктіру үшін мүмкіндіктерді кеңейту.

Біздің пікірімізше, Қырғызстанның еуразиялық интеграциялық жобаға қатысуының нәтижесі ел экономикасының төмендегілерді құрудағы оң әсерімен байланысты:

- ЕАЭО-ның макроэкономикалық тұрғыдан даму қарқыны (Орталық Азия елдері әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан елдерге жатады);
- ЕАЭО шеңберіндегі ортақ ресурстық саясат (ортақ нарықтардың даму үдерісінде табиғи және инфрақұрылымдық ресурстарды игеру);
- құрылымдық саясат (ортақ сауда саясаты шеңберінде экспорт-импорт ағынын диверсификациялау).

Қырғызстанның ЕАЭО елдерімен интеграциялық ынтымақтастық әлеуетін жүзеге асырудың алғышарттары елдегі тауар айналымында ЕАЭО және ТМД елдерінің жоғары үлесімен қамтамасыз етілген. Қырғызстан мен Беларусь – аймақтық нарыққа едәуір бейімделген және ТМД-ның сауда кеңістігіне біршама интеграцияланған мемлекеттер (ТМД және ЕАЭО елдері арасында) саналады. Қырғызстан

экспортында өтпелі экономикалардың үлесі – ЕАЭО-5⁶ елдері арасында ең жоғары және ол 68%-дан асып түседі. Салыстыру үшін, Беларусия экспортында өтпелі экономикалардың үлесі – 61,6%, Армения экспортында – 37,1%, ЕАЭО-5 экспортында 15%-дан төмен. 2014 жылы ЕАЭО жобасына қатысушы елдер экспортында ТМД-ның үлесі: Қырғызстан – 47,3%, Белоруссия – 58,5%, ҚР- 12,5%, РФ – 12,8%, Армения – 24,1% [3].

Сонымен бірге ЕАЭО шеңберінде Қырғызстанның импорт саясатын құруда ТМД-ның экономикалық кеңістігі мен нарығы маңызды мәнге ие [3]. Қырғызстан импортында өтпелі экономикалардың салмақты үлесі – 50,6%, бұл ЕАЭО-ның орташа мәнінен айтарлықтай жоғары (18,7%). Салыстыру үшін, Қазақстан импортында өтпелі экономикалардың үлесі – 44,6%, Ресейде – 13,2%, Арменияда – 37%, Беларусияда – 58,1%. Жалпы, Қырғызстан тауар айналымының 49,6%-ы – ТМД елдеріне; 50,4%-ы – ТМД-дан тыс елдерге; 14,3% – Орталық Азия елдеріне; 38,8% – ЕАЭО жобасына қатысушы 4 елге, оның ішінде 38,5 %-ы Қазақстан мен Ресейге сәйкес келеді. Оған қоса, ҚР мен РФ-ның сауда саясатын құруға қатысуы мен олардың Қырғызстан нарығына әсері бірдей емес. Қазақстан Қырғызстанның экспорт ағынын құруға белсенді қатысып отыр және бұл үрдіс жылдан жылға ұлғайып келеді, ал Ресей импорт ағынын толтырып отыр, бұл үдеріс керісінше төмендеген. Мәселен, Қырғызстан экспортындағы Қазақстанның үлесі 2009 жылы 8,4%-дан 2013 жылы 18,8%-ға артса, сәйкесінше Ресейдің үлесі 11,1%-дан 7,6%-ға төмендеген [3].

Біздің пікірімізше, Қырғызстанның құрылымдық және әлеуметтік-экономикалық мәселелері ЕАЭО-ның экономикалық жағдайына айтарлықтай әсер етпейді. Бұл ел экономикасы ауқымының тарлығы мен ЕАЭО елдерімен тауар айналымының көлеміне байланысты. Мәселен, ЕАЭО-5 елдерімен тауар айналымында Қырғызстанның үлесі – 0,7% (экспортта – 0,3%, импортта – 1,4%), ЖІӨ-і – 0,3%. Соған қарамастан, Қырғызстанның ЕАЭО-ның аймақтық нарығына интеграциялануына теріс әсер етіп отырған бірқатар мәселелер кездеседі, оны объективті бағалау қажет. Біздің пікірімізше, бұл – ЕАЭО-ны құру шеңберіндегі мәселелер:

- бірыңғай тауар нарығы және оған Қырғызстан арқылы реэкспорттың әсері. Қырғызстан арқылы реэкспорттың негізгі бап-

⁶ ЕАЭО-5 – ЕАЭО жобасына қатысушы мемлекеттер: БР, ҚР, РФ, Қырғызстан және Армения.

тары автокөлік, Қытайдан және басқа да елдерден (Түркия, Корея, Үндістан) әкелінетін жинақтық және кең қолданыста тұтынатын тауарлар саналады⁷. 2008 жылдан кейін осы тұстағы дағдарысқа және де 2010 жылы Кедендік одақтың құрылуына байланысты реэкспорттың көлемі тұрақты түрде қысқара бастады⁸. Реэкспортта мұнай өнімдерін, әсіресе ресейлік мұнай өнімдерін Тәжікстан мен Ауғанстанға жеткізу айрықша орын алды⁹;

- бірыңғай еңбек нарығы және оған Қырғызстаннан келетін еңбек миграциясы ағынының әсері¹⁰ [1, 175]. Қырғызстаннан тұрғындардың жаппай ағыны 90-жылдары орын алды, кейін ресми қызметтер кері миграцияны көрсетті. Еңбек миграциясы Қырғызстан экономикасында айрықша мәнге ие. Әртүрлі зерттеулер мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі таңда шетелде 1 млн-ға дейін қырғызстандық қызмет етеді.

Еңбек мигранттарының көпшілігі (80%-ға дейін) РФ-ға табыс табу үшін кетуде, жеке тұлғалардың Қырғызстанға трансшекаралық аударымдары (90%-дан астам) ресейлік ақша аударымдарының жүйелері арқылы жүргізіледі [1, 177]. Қырғызстанмен шекарасы ортақ (ұзындығы 1200 шақырым) Қазақстан үшін Қытайдан келетін тауарлардың баж салығынсыз реэкспортына жол бермеу қиындық тудыруы мүмкін. Бірақ ЕАЭО шеңберінде бірыңғай тауар нарығы мен еңбек нарығын құрудағы жоғарыда аталған мәселелер көп жағдайда Ресейге қатысты.

Қазақстан мен Қырғызстан еуразиялық интеграция жобасында

ЕАЭО шеңберінде Қырғызстанның сыртқы саудасының құрылымы Ресей және Қазақстанмен тауар алмасу барысында

⁷ Жеңілдетілген салығы бар және реттеудің қолайлы режимі жағдайында жұмыс істейтін ірі аймақтық базарлар арқылы қытайлық тауарлардың реэкспорты («Дордой», «Мадина», Ош облысындағы «Қара-Су» көтерме-бөлшек базары).

⁸ Қырғызстан территориясы арқылы реэкспорттың жолын кесу бойынша қабылданған шаралар (бірінші кезекте қытайлық тауарлар): жеткілікті қайта өңдеу критерийлері бойынша талаптарды қатаңдату, оның үстіне қосылған құнның үлесі 50%-дан кем болмауы тиіс, сондай-ақ тауарлар шығарылған елді анықтау критерийлерін қолдану.

⁹ 2013 жылы мамыр айында тауар жеткізілімдері ресми түрде тоқтатылды, бірақ ЖЖМ реэкспорты бойынша Қырғызстан бірнеше ай бойы Тәжікстанға мұнай өнімдерін жеткізуде көшбасшы танылды.

¹⁰ Қырғызстаннан тұрғындар ағынының ең көп кетуі 1993 жылы орын алды (143 мың адам, оның ішінде этникалық орыстар). Тұрғындардың жаппай кетуінің келесі кезеңі төңкеріс жылдарына келді: 2005-2006 жж. (65,1 мың адам); 2010-2011 жж. (100,2 мың адам, этникалық топтың ең көбін қырғыздар құрады, 40%-ға жуық)

қалыптасады, оның үлесіне Қырғызстаннан ЕАЭО-4 елдеріне тасымалданатын барлық экспорттың 97,6%-ы және импорттың 95,6%-ы сәйкес келеді.

ЕАЭО-ға Қырғызстан экспорттының негізгі баптары: тоқыма және тоқыма бұйымдары (23,9%), минералды өнімдер (16,4%), өсімдік тектес өнімдер (14,8%). Жалпы алғанда, Қырғызстаннан ЕАЭО нарығына экспортталатын үш негізгі тауар тобының үлес салмағы 55,1%-ды құрайды. РФ мен ҚР-дан Қырғызстанға бағытталған импорт құрылымында минералды өнімдер 50,1%-ды құрайды.

Бірақ, біздің пікірімізше, ЕАЭО елдері (Қазақстан және Ресеймен) мен Қырғызстан арасында экспорттық-импорттың тауар ағынын қалыптастыру ерекшелігін жекелеген тауарлар тобындағы сыртқы сауданың теріс сальдосы (экспорт пен импорттың арасындағы айырмашылық) көрсетеді. Сонымен қатар, жалпы ҚР мен РФ сауда тепе-теңдігінің оң сальдосын да ескеру қажет. Жекелеген тауарлар тобындағы сыртқы сауданың теріс сальдосы, бір жағынан, жекелеген тауар топтарының дамымағандығын көрсетсе, екінші жағынан, серіктес-елдер нарығында осы тауар топтарының бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

Жекелеген тауарлар тобында Ресей мен Қырғызстанның сыртқы саудасындағы теріс сальдо, негізінен, Қырғызстаннан әкелінетін тоқыма және тоқыма бұйымдары сияқты импорттың есебінен қалыптасып отыр. Бұл Ресейде тоқыма нарығы жеткілікті дамымай отырғанын және ресейлік тауар нарығында Қырғызстаннан әкелінетін тоқыма бұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Дегенмен осы тауарлар тобы бойынша Ресей мен Қырғызстан арасындағы саудада теріс сальдоның көлемі азайып келеді (2011 жылы 160,4 млн доллардан 2013 жылы 11,1 млн долларға дейін).

Қазақстан – тауарлардың кең номенклатурасы бойынша Қырғызстанның ең ірі сауда серіктесі, бірақ бұл, негізінен, Қырғызстаннан экспортталатын тауарларға қатысты: тоқыма және тоқыма бұйымдары (2013 жылы Қырғызстанның экспорты 28,6%), өсімдік тектес өнімдер (19,2%), мал шаруашылығы өнімдері (6,1%), химия саласындағы өнімдері (7,6%), тастан, гипстен, асбестен, слюдадан жасалған бұйымдар (7,9%). Қазақстаннан Қырғызстанға тасымалданатын импорт екі негізгі тауар тобынан тұрады, бұл ҚР-ның барлық импортының 49,4%-ына сәйкес келеді: өсімдік тектес өнімдер (бидай және дақылдан жасалатын өнімдер) мен минералды өнімдер (көмір, мұнай өңдеу өнімдері). Бұдан бөлек ҚР-дан

Қырғызстанға келетін импорттың елеулі үлесін дайын азық-түлік өнімдері мен сусындар (18,6%), бағалы емес металдар және олардан жасалатын бұйымдар (10,1%) құрайды.

Қырғызстан мен Қазақстан арасындағы тауар алмасулар Ресейден гөрі диверсификацияланған құрылымға ие. Қазақстандық нарық әртүрлі тауар топтарындағы, оның ішінде Қырғызстанның өңдеуші кәсіпорындары салаларында шығарылатын және Қазақстанның тауар нарығында бәскелестікке қабілетті тауарларға сұранысты қажет етіп отыр. Жекелеген тауарлар топтарында Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы сыртқы сауданың теріс сальдосын құру негізінде Қырғызстаннан келетін киім-кешек, тоқыма (-107,2 млн доллар), тірі мал мен мал шаруашылығы өнімдері (-22,2 млн доллар), тастан, гипстен, цементтен, асбестен, слюдадан жасалған бұйымдар (-24,7 млн доллар), машиналар, механизмдер, электр техника құрал-жабдықтары (-7,3 млн доллар), жерүсті, әуе және су көліктері жабдықтары (-19,1 млн доллар) сияқты тауарлар импорты басым.

Қазақстанның сыртқы саудасында Қырғызстанның үлесі аз екендігін (1%-дан төмен) ескерсек, қазіргі кезеңде және келешекте де осы тауар топтарының жеткізілімдері осы екі ел арасындағы сауда тепе-теңдігіне елеулі ықпалын тигізе қоймайды. Біздің пікірімізше, керісінше тоқыма өнеркәсібі, мал шаруашылығы мен Қазақстанның тауар нарығында сұраныс көп басқа да өнімдер саласында экономикалық ынтымақтасудың мүмкіндігіне назар аудару қажет. Қырғызстан үшін бұл экономикалық өсудің алғышарттарын құрады, ЕАЭО тауар нарығына шығады, құрылымдық және әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктерді теңестіреді, түптеп келгенде, еуразиялық интеграциялық кеңістік пен Орталық Азия кеңістігінің экономикалық тұрақтылығына оң сипат береді.

Жалпы, аймақтағы елдердің сыртқы саудада үлес салмағы төмен екендігіне қарамастан, Қазақстан мен Орталық Азия елдері (оның ішінде Қырғызстанмен) арасындағы сыртқы сауда қатынастары ТМД елдерінен гөрі қарқынды дамып келеді. 2005–2014 жж. Қазақстанның импорты мен экспортында ТМД елдерінің үлесі сәйкесінше 14,6%-дан 12,5%-ға төмендесе, керісінше Орталық Азия елдерінің үлесі сәйкесінше 2,3%-дан 3,5%-ға және 2,3%-дан 3,8%-ға артқан. Осы кезеңде Қазақстанның тауар айналымында Қырғызстанның үлесі аз да болса, ұлғайған (экспортта 0,8%-дан 0,9%-ға дейін; импортта 0,7%-дан 0,9%-ға дейін) [5]. Осы үрдісті

ескерсек, Қазақстан Орталық Азия аймағында сыртқы сауданы қарқынды дамытуға және аймақтағы елдермен, соның ішінде Қырғызстанмен ынтымақтастықтың ортаазиялық векторын дамыту үшін қолайлы алғышарттарды жүзеге асыруға мүдделі. Ол үшін Қазақстан еуразиялық (ЕАЭО) ортаазиялық нарықта инвестициялық ынтымақтастықтың бәсеңдеуіне байланысты үрдістерді өзгерту қажет.

1990 жылдардың ортасынан бастап Қырғызстан экономикасына тікелей шетелдік инвестиция (ТШИ) тартылғанына қарамастан, экономиканың ашықтығына және отандық нарыққа шетелдік кәсіпкерлерді тарту мақсатында арнайы әзірленген либералды регламенттерге байланысты посткеңестік кеңістікте орын алған ортақ қиындықтар ТМД елдерінен, оның ішінде Қазақстаннан тартылған ТШИ ағынының күрт төмендеуіне әкелді. Қазақстаннан Қырғызстанға ТШИ ағынында Орталық Азияның үлесі азайып келеді. Қазіргі кезде қазақстандық ТШИ-дің үлесі 2005 жылы 13,5%-дан 2014 жылы 0,5%-ға дейін азайды. ЕАЭО-4 және Орталық Азия елдеріне Қазақстаннан ТШИ ағынының үлесі, сәйкесінше 43,7%-дан 4,3%-ға және сәйкесінше 16%-дан 1,7%-ға кеміді [6].

Шетелдік инвесторлар үшін Қырғызстанның өңдеуші кәсіпорындары қызығушылық тудырып отыр. ЕАЭО шартында Қырғызстанның өңдеуші кәсіпорындарына тартылған қазақстандық инвестициялар ЕАЭО туралы келісімшартта қарастырылған 2025 жылға дейін Бірыңғай экономикалық кеңістік пен ортақ ішкі нарық құру қадамдарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. ЕАЭО экономикасының басты салаларында ортақ нарық қалыптастырудың кезең-кезеңдерінде Қырғызстанның қатысуы әсіресе маңызды болмақ:

- электр энергетикасында: 2019 жылдан бастап ЕАЭО-да электр энергетикасының ортақ нарығын жүзеге асыру жөнінде келісімге келді ¹¹;

- мұнай секторында: 2025 жылдың 1 қаңтарынан ЕАЭО кеңістігінде ортақ мұнай, мұнай өнімдері мен газ нарығы жұмыс істеуі тиіс.

Қазақстан үшін Қырғызстанның ЕАЭО-ға кіруіне байланысты жағдайдың ерекшелігі ортаазиялық аймақтық нарықта сауда

¹¹ Одақта ортақ электр энергетика нарығын құру мақсатында Жоғары кеңес 2016 жылдың 1 шілдесіне дейін ортақ нарық құру бағдарламасын бекіту қажет (бағдарлама іс-шараларының орындалу мерзімі 2018 жылдың 1 шілдесіне дейін)

ынтымақтастығы әлеуетінің ашылуында боп отыр; еуразиялық интеграция жобасында Орталық Азия елдерінің қатысуымен интеграциялық үдерістерді белсендендіру; Орталық Азия және ЕАЭО аймақтық экономикалық жүйе ерекшеліктерінің тұрақтылық алғышарттарын құру, өйткені:

- біріншіден, Қырғызстан – Орталық Азиядағы суды көп бөлетін елдердің бірі;

- екіншіден, Қырғызстанның ЕАЭО-ға мүшелікке кіруі Тәжікстанның қатысу мүмкіндігін кеңейтеді. Сарапшылардың пікірінше, бұл Тәжікстаннан Ресейге келетін еңбек мигранттарының еркін жүру мәселесін шешуге, РФ мен ҚР-дан келетін негізгі тауарлар импортына жол ашады [7];

- үшіншіден, ЕАЭО шеңберінде Қазақстан мен Қырғызстан Орталық Азия аймағында көлік дәліздерін құру, тауар ағындарын реттеу, сондай-ақ ЕАЭО нарығы мен ТМД ЕСА шеңберінде аймақтағы басқа елдермен сауда-экономикалық байланыстарды күшейту мақсатында күш-жігерін біріктіре алады.

Біздің пікірімізше, қазіргі кезеңде Орталық Азияда аймақ елдерімен вертикалды интеграциялық байланыстарды дамыту Қазақстан үшін принципті мәнге ие (тұтынушы кәсіпорындар мен жеткізуші кәсіпорындар арасында, қосылған құнның технологиялық және бөлу тізбесінің аралас топтары арасында). Ұқсас өнімдер шығаратын қазақстандық және ресейлік минералды-шикізат кешенінің кәсіпорындары горизонтальді интеграциялық байланыстарды дамытуды көздейді.

Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдері, тоқыма және металлургиялық салаларға, сондай-ақ Орталық Азияның экономикасы үшін инфрақұрылымдық маңызы жоғары электр энергиясы өнімдеріне байланысты экономиканың жекелеген сегменттерінде салалық нарықтар құру үшін Қырғызстан мен Орталық Азия елдерін тарту қажет. Сонымен қатар аймақта ортақ көлік-логистикалық инфрақұрылым құруда Қазақстан инвестициялық мүмкіндіктерін жүзеге асыра алады. Бұл әсіресе Орталық Азия елдері арқылы Қытайдың «Жібек жолын» құру шеңберіндегі ірі ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру барысында өзекті.

Қырғызстанның нарықтық экономикасы жаһандану және аймақтандыру үдерістерінің ықпалында қалыптасты, ал оның қазіргі

жай-күйін анықтаған негізгі факторлар елдің ДСҰ мен посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық жобаларға қатысуы болды.

Қырғызстанның жаһандану үдерістеріне қатысуы металлургиялық өнімдердің, оның ішінде монетарлық емес алтынның әлемдік нарыққа шығуына (экспорттың өсуіне) және ДСҰ елдерінен, ең алдымен, Қытайдан келетін импорттың ұлғаюына әкелді. Жаһандану жағдайындағы Қырғызстан экономикасының даму ерекшелігі ретінде ТМД кеңістігінде (оның ішінде ЕАЭО және Орталық Азия елдерімен) аймақтық ынтымақтасудың әлеуетін сақтап қалуын айтамыз.

Қырғызстанның аймақтандыру үдерістері ТМД мен ШЫҰ-ның халықаралық ұйымдары шеңберіндегі еуразиялық интеграциялық үдерістерге байланысты жүргізіледі. Ал интеграциялық ынтымақтастықтың келешегін үш маңызды сауда серіктес ел – Ресей, Қазақстан және Қытаймен экономикалық қарым-қатынастары айқындайды.

Қырғызстанның ЕАЭО-ға кіруі орта және ұзақмерзімді келешекте еуразиялық кеңістікте елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығының негізгі векторын белгіледі. Бірақ қазіргі кезеңде «Бір белдеу, бір жол» қытайлық тұжырымдаманың шеңберінде Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық стратегиясының болуы мен аймақта ҚХР-дың инвестициялық мүмкіндіктері мен бастамаларын ескерсек, таяу арада Қытай Қырғызстанның сауда саясатын қайта құруда ықпалы үлкен.

Біздің пікірімізше, Қырғызстанмен ынтымақтасудың келешегін ЕАЭО туралы келісімшарт қана емес, сонымен қатар бірыңғай аймақтық кеңістік ретінде ЕАЭО-ға мүше Орталық Азия елдері интеграциясының тұжырымдамасы да айқындайды. Қазіргі кезеңде Ресей мен Қазақстанда осындай ортақ тұжырымдаманың болмауы Қытайдың сауда және инвестициялық қысымын туындатады, келешекте ЕАЭО Қытайдың интеграциялық жобаларымен бәсекелестікке түсе алмауы мүмкін.

Қырғызстанның ЕАЭО-ға кіруі тұрақты экономикалық нарықты қамтамасыз ету мақсатында принципті мәнге ие, өйткені аймақта және Орталық Азия нарығында еуразиялық интеграция жобасын жылжытуға алғышарттар құрады; ТМД ЕСА шеңберінде интеграциялық үдерістерді тереңдетеді; ЕАЭО мен ШЫҰ-ның экономикалық әлеуеттерін біріктіру жолында мүмкіндіктерді кеңейтеді; ЕАЭО макроэкономикалық қарқыны мен ресурстық, инфрақұрылымдық саясатты құруда оң әсер етеді. Қырғызстанның ЕАЭО және ТМД елдерімен интеграциялық ынтымақтастығының

элеуетін жүзеге асырудың алғышарттары республиканың осы елдермен тауар айналымының жоғары үлесімен қамтамасыз етілген.

Қырғызстанның құрылымдық және элеуметтік-экономикалық мәселелерінде, біздің ойымызша, ЕАЭО елдерімен Қырғызстан экономикасының ауқымы мен тауар айналымының жеткіліксіздігіне байланысты ЕАЭО-ның экономикалық жағдайына айтарлықтай теріс әсерін тигізбейді. Десе де жағымсыз әсері бар бірқатар мәселелер кездеседі, атап айтсақ, ЕАЭО шеңберінде бірыңғай тауар нарығын құру және оған Қырғызстан арқылы реэкспорттың әсері, сондай-ақ бірыңғай еңбек нарығы мен оған Қырғызстаннан келетін еңбек миграциясының әсері сияқты мәселелер. Аталған мәселелер ЕАЭО-ға мүше елдердің бәріне, әсіресе Ресейге қатысты. Тұтастай алғанда, Қырғызстанның ЕАЭО-ға кіруі еңбек мигранттары ағынының тұрақтануына, тауарлар айналымы қарқынының орнығуына және ЕАЭО шеңберінде тауарлар ағынын бақылау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты ЕАЭО-ның тауар нарығы мен еңбек нарығының жағдайын түбегейлі өзгерте алмайды.

Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы сауда-экономикалық қатынастар қарқынды дамып келеді, сондай-ақ ол тауарлардың кең номенклатурасы бойынша ірі серіктес болып табылады. Осыған байланысты еліміз Қырғызстанмен сауда ынтымақтастығы саясатын құру кезінде:

- Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы экспорттық-импорттық тауарлар ағынын қалыптастыру ерекшелігін ескеру қажет. Оны Қырғызстанда өндірілетін тоқыма, азық-түлік және мал шаруашылығы өнімдері сияқты жекелеген тауарлар тобындағы сыртқы сауданың теріс сальдосы көрсетеді (осы өнімдердің ағынын Қазақстанға ынталандыру мақсатында);

- тоқыма өнеркәсібінде, мал шаруашылығында, сондай-ақ Қазақстанның тауар нарығында сұраныс артып жатқан басқа да салаларда экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндігіне баса назар аудару керек.

Қазақстанның сыртқы саудасында Қырғызстанның үлесі аз екендігін ескерсек, Қырғызстанда өндірілетін тауарлар жеткізілімін кеңейту елдің сауда тепе-теңдігі сальдосын құруда елеулі әсерін тигізбейді. Қырғызстан үшін бұл ЕАЭО-да тауар нарығын құру, құрылымдық және элеуметтік-экономикалық тепе-теңсіздіктерді теңестіру, жаңа жұмыс орындарын құру үшін алғышарттар түзеді, түптеп келгенде, бұл еуразиялық интеграциялық кеңістік пен Орталық Азия кеңістігінің экономикалық тұрақтылығына оң ықпал етеді.

Қазақстанның Қырғызстанмен және Орталық Азияның өзге елдерімен сыртқы сауда байланыстары ТМД аймағынан гөрі қарқынды дамып келеді. Аймақта сауданы дамытудың іс жүзіндегі алғышарттарын жүзеге асыру, сондай-ақ сауда және инвестициялық саясат шеңберінде ықпалдасудың ортаазиялық векторын дамыту үшін Қазақстан:

- Орталық Азия аймағында орныққан инвестициялық үрдістерді өзгертуі (аймақтық нарықта инвестициялық ынтымақтастықты баяулату);
- отандық инвестицияны Қырғызстанның өңдеуші өнеркәсібіне бағыттауы керек. Бұл ЕАЭО туралы келісімшартта қарастырылған Бірыңғай экономикалық кеңістік пен 2025 жылға дейін ортақ ішкі нарық құру жөніндегі қадамдарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- ЕАЭО экономикасының басты салаларында, ең алдымен, электр энергиясы мен мұнай секторында ортақ нарық құрудың кезең-кезеңінде Қырғызстанның қатысуын ынталандыру;
- Орталық Азия аймағының экономикасы үшін инфрақұрылымдық маңызы жоғары азық-түлік өнімдері өндірісіне, тоқыма өнімдері мен металлургиялық салаға, сондай-ақ электр энергия өнімдеріне қатысты экономиканың жекелеген сегменттерінде салалық нарықтар құру үшін Қырғызстан мен Орталық Азия елдерін тарту;
- Орталық Азия аймағында ортақ көлік-логистикалық инфрақұрылым құруда елдің инвестициялық мүмкіндіктерін қолдану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Внешнеэкономические связи постсоветских стран в контексте евразийской интеграции: Сборник /Отв. ред. Л.Б. Вардомский, А.Г. Пылин. – Москва: ИЭ РАН, 2014.
2. NCTAD Handbook of Statistics, 2014 // <http://unctad.org>
3. Внешняя торговля Кыргызской Республики 2009–2013: Статистический сборник: Национальный статистический комитет Кыргызской Республики. – Бишкек, 2014. // <http://www.stat.kg>
4. <http://www.kyremb.at/ru>
5. <http://www.stat.gov.kz>
6. <http://www.nationalbank.kz>
7. Евразийские интеграционные проекты в восприятии постсоветских стран и Китая /Под общей ред. Е.М. Кузьминой. – Москва: ИЭ РАН, 2013.

Көлік инфрақұрылымы – кеңістіктік дамудың факторы ретінде

Вера МОЖАРОВА,
ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының
аға ғылыми қызметкері,
экономика ғылымдарының кандидаты

К

азақстанда бірыңғай экономикалық кеңістік құрудың басты міндеті аймақаралық дифференциацияны еңсеру екендігі белгілі. Ал аймақтардың кеңістіктік интеграциясы өңіраралық өзара байланыстарсыз мүмкін емес.

Көлік – жүйе түзуші сала, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның маңызды құрамдас бөлігі. Көлік саласының дамуы сәйкесінше көлік инфрақұрылымының дамуы мен жай-күйінің деңгейімен анықталады. Елімізде ҚР-ның Президентінің Жарлығымен бекітілген 2015–2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бұл бағдарлама хаб принципі бойынша ортақ нарық пен тиімді инфрақұрылым құруға негізделген жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыруға бағытталған. ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 344 Қаулысымен Бағдарламаны жүзеге асыру іс-шараларының жоспары бекітілді.

ҚР Инвестиция және даму министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, 2020 жылға дейін елімізде көлік инфрақұрылымын дамытуға 20 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылмақ [1]. Сондай-ақ Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Бұл құжатта да өңірлерде көлік инфрақұрылымын дамыту шаралары қарастырылған.

Аймақтық көлік инфрақұрылымының дамуы барысында жинақталған қатынастар жүйесі әлі күнге дейін жеткілікті түрде зерт-

телмеген. Отандық және шетелдік ғылыми еңбектерде көлік көбіне өз аумағынан тұйықталған дербес сала ретінде қарастырылады. Алайда Қазақстан мен Ресей көлік инфрақұрылымының даму мәселелері аумақтың кеңдігіне, өндірістердің орналасу ерекшелігіне, тұрғындардың біркелкі орналаспауына байланысты өзекті боп отыр. Елімізде көлік саласының даму мәселелерімен М.М. Бекмағамбетов, С.Л. Смирнова, Р.Б.Жұмағұлов, Н.К. Исинғарин, В.В. Можарова және т.б. ғалымдар айналысып келеді. Ресейдегі көлік мәселелері туралы Д.С. Николаев, С.Б.Шлихтер, В.Г. Галабурда, А. Гинзбург, К.И. Плужников және т.б. зерттеушілер өз еңбектерінде жан-жақты қарастырып, оның маңызына кеңінен талдау берген. Көлікті зерттеуге үлес қосқан шетелдік ғалымдардың арасынан П.-Ф. Комб, М. Лафуркад, Д.Хаммельс, К.-Ф. Лаазерді айтуға болады. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық өзара байланыстарының жекелеген аспектілері мен көлік инфрақұрылымының жай-күйі П. Кругман, А. Венейбл, Дж. Маркузен, Р. Викерман және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Көлік инфрақұрылымы, негізінен, көлік пен көлік құрылымының барлық түрлерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Олардың қызметі адамның экономикалық және экономикалық емес қызметін қамтамасыз ету мақсатында экономика салаларының жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Бұл – тасымалдау процесін жылдам әрі кедергісіз жүргізуге жол ашатын материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық талаптардың жиынтығы. Инфрақұрылым экономиканың мейлінше қоры сыйымды және серпінді секторларының бірі болғандықтан, көлікпен қамтамасыз ету мәселелері мемлекет пен аймақ басшылығының басты назарында болмақ. Көлік инфрақұрылымы ағымдағы шаруашылық байланыстарды қолдап қана қоймай, келешекте экономиканың дамуының мобильділігі мен инновациялық сипатын қамтамасыз ету жолында біршама қоры болуы тиіс.

Қатынас жолдары, техникалық құрылғылар, жүк және жолаушылар вокзалдары (стансалары), билеттерді сату агенттіктері, тасымалдау ұйымдары, логистикалық орталықтар, қоймалар, инженерлік желілер, коммуникациялар және т.б. көлік инфрақұрылымының нысандарын құрайтыны белгілі. Осындағы қатынас жолдарына көлік, су, әуе, теміржолдары мен құбыр өткізу жолдары жатады. Вокзал (станса) – жолаушылар мен жүк ағындарына қызмет көрсетуге, көлік құралдары қозғалысын басқаруға және қызметкерлерді орналастыруға

арналған ғимараттар, ғимараттар кешені, құрылғылар (автовокзалдар, теміржол вокзалдары, аэровокзалдар, су мен теңіз вокзалдары, мұнай айдау стансалары). Халықаралық көлік инфрақұрылымының негізгі элементтері халықаралық көлік дәліздері болып табылады. 1994 жылы Крит аралында өткен көлік мәселесі бойынша II жалпыеуропалық конференцияда Батыс пен Шығыс арасындағы көлік байланысының басты бағыттары айқындалды [1].

Алайда көлік инфрақұрылымы көлік жүйесінің стационарлы элементтерінің жиынтығынан ғана емес, сондай-ақ оларды құру және қызметі барысында жинақталатын қоғамдық-экономикалық байланыстар жүйесімен де анықталады.

Бұдан бөлек, тұтастай алғанда аймақтағы көлік жүйесі мен көлік инфрақұрылымының аражігін ажырату қажет. Түптеп келгенде, көлік инфрақұрылымы – тұтас көлік саласы емес, оның бір ғана бөлігі немесе материалдық-техникалық құрылымы: жолдар, стансалар, айлақтар және т.б. Көлік инфрақұрылымының басты ерекшелігі – оның салааралық сипатында.

Аймақтағы көлік инфрақұрылымы дамуының стратегиялық мақсаты аймақ экономикасының кеңістіктік дамуына сәйкес болуы, елді мекендердің тығыз байланысын қамтамасыз етуі, тұрғындардың талап ететін мобильділік деңгейіне сәйкес жүк ағындарын қолдауы керек.

Аймақтық деңгейдегі көлік инфрақұрылымының қызметтері көлік бағыттары арқылы аймақ экономикасын қамтамасыз ету, көлік нысандарында экономикалық субъектілер қажеттілігін қанағаттандыру, аймақта көлік желісін қалыптастыру, әртүрлі көлік арасындағы өзара байланыстарды қамтамасыз ету, елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыру болып табылады.

Қазіргі экономика ғылымында «көлік инфрақұрылымы» ұғымын анықтаудың әртүрлі әдістемелік жолдары бар, олар: технократиялық, функционалдық және құндық (инвестициялық тартымдылығы аясында). *Технократиялық тәсіл аясында* көлік инфрақұрылымы – тасымалдау процесін жылдам әрі кедергісіз орындауды қамтамасыз ететін технологиялық кешен, аймақтың инженерлік-техникалық инфрақұрылымының әртүрлілігі. Ресейлік авторлар Л.Г. Серебряков пен В.В. Яновский көлік инфрақұрылымына мынадай анықтама береді: «жүк және жолаушылар тасымалын қамтамасыз ететін көлік коммуникациялары мен құрылғылар кешенінен тұратын инженерлік инфрақұрылымның бөлігі» [2].

Функционалдық тәсіл аясында көлік инфрақұрылымы – тасымалдау процесін жылдам әрі кедергісіз орындау талаптарын қамтамасыз ететін функциялардың жиынтығы. *Құндық тәсіл аясындағы* көлік инфрақұрылымы – аймақтық инфрақұрылымдық капиталдың түрі. Мәселен, көлік инфрақұрылымы туралы Ю.Н. Гольская былай дейді: «аймаққа экономикалық тұрғыдан пайда келтіріп қана қоймай, әлеуметтік-мәдени қабілеттілігін көрсететін айрықша қоғамдық сипатқа ие капиталдың белгілі бір түрі» [3].

«Көлік инфрақұрылымы» түсінігінің аражігін анықтау үшін, екі тәсілдің – функционалдық және құндық тұрғыдан үйлесуін қарастыру қисынды. Осыған байланысты ресейлік авторлар Л. Руднев пен А.Кудрявцевтің берген анықтамалары неғұрлым толық әрі нақты. Олардың анықтамасы бойынша «аймақтық көлік инфрақұрылымы – айрықша аймақтүзуші сипатқа ие, аймақтың территориялық тұтастығын қамтамасыз етуге қабілеттілігі, көлік-экономикалық байланыстарды жүзеге асыру барысында өзіне жүктелген міндеттерді орындау арқылы әлеуметтік-экономикалық дамудың синергетикалық эффектісін құратын инфрақұрылымдық капиталдың айрықша түрі» [4]. Бұл анықтамалар аймақтағы көлік инфрақұрылымының функционалдық ерекшеліктері мен даму сипатын ескере отырып, көлік инфрақұрылымының нақты территорияның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Көлік инфрақұрылымының дамуына әсер ететін факторлар ретінде дәстүрлі түрде мыналар қарастырылады: табиғи-климаттық, географиялық, ресурстық факторлар, халықтың орналасуы, экономика құрылымы, тұрғындарды автомобильдендіру, заңнамалық қамтамасыз ету және инфрақұрылымның дамуын басқару. Көлік инфрақұрылымы нысандарын құру, дамыту мәселелерін шешу және оларды аймақ деңгейінде басқару барысында әлі күнге дейін оның экономикалық мазмұны, әсіресе аймақ экономикасын мейлінше нәтижелі қамтамасыз ету және ел дамуына аймақтың қосатын үлесін арттыру мақсатында оның нысандарының қызметін үйлестіру қажеттілігін тудыратын инфрақұрылымның жүйелі сипаты ескеріле бермейді.

Екінші жағынан, зерттеудің мақсаттары мен ғылыми көзқарастардың жүйесіне байланысты көлік инфрақұрылымының даму факторларының әртүрлі жиынтығын негіздейді. Макроэкономикалық жүйе деңгейінде пайда болатын сыртқы

факторлармен қоса, аймақтық көлік инфрақұрылымы деңгейінде пайда болатын ішкі факторлар да назарға алынады. *Ішкі факторлар* – субъективті; көлік инфрақұрылымының дамуына тікелей әсер ететіндіктен, аталған факторларды инфрақұрылым түзуші факторлар ретінде анықтауға болады. *Сыртқы факторлар* – объективті; көлік инфрақұрылымының ғана емес, аймақтағы басқа да инфрақұрылым түрлерінің дамуына жанама әсер етеді. Бірақ аймақтағы көлік инфрақұрылымының даму тиімділігі экономикада құрылған факторлар мен шарттардан ғана емес, сондай-ақ оны басқару біліктілігіне де байланысты. Сондықтан аймақтағы көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы мәселелерді шешуге айрықша назар аудару қажет.

Еліміз бен басқа да посткеңестік мемлекеттердің көлік инфрақұрылымын дамытуда кездесетін негізгі қиындықтардың арасында көбіне жол құрылысының құны аталады. Отандық мамандардың мәліметі бойынша, Иранда 1 шақырым автокөлік жолын салу үшін орташа есеппен 600 мың АҚШ доллары жұмсалады екен, ал осындай учаскені елімізде салу үшін біздің бюджет орташа есеппен 3,7 млн АҚШ долларын бөледі [5].

Ресей, АҚШ пен ЕО елдерінде жол салудың құны әртүрлі. Мәселен, РФ Көлік министрлігінің мәліметтері бойынша АҚШ-тағы жолдың құны 2,4 млн АҚШ долларын, Испанияда 1,64 млн АҚШ доллары, Финляндияда 1,35 млн АҚШ доллары, Қытайда 1,16 млн АҚШ долларын құрайды [5]. Басқа да дереккөздерге қарағанда, 1 шақырым жол салудың құны ЕО елдерінде 6,9 млн, ал Америкада 5,9 млн АҚШ доллары тұрады. Бірақ сол Америкада кейбір нақты жағдайларға қарай 2,5 млн-нан 7,5 млн-ға дейінгі АҚШ долларын құрайтын жолдар бар. Белгілі экономист Н. Кричевский Ресейдегі федералды мақсатты екі салалық бағдарламасының – «РФ-дағы көлік жүйесін жаңғырту» және «2015 жылға дейін РФ көлік жүйесін дамыту» саласының осы мақсаттарға бөлінген қаржы көлемінен алсақ, 2010–2015 жылдары 1 шақырым жолдың орташа құны 17,6 млн АҚШ долларына тең дейді. Сонымен бірге Краснодар мен Жаңаресейдегі 1 шақырым жолдың құны 32 млн АҚШ долларына салынған. Мәскеу–Санкт-Петербург трассасының 15-шақырымынан 58-шақырымға дейінгі жолды салуға кеткен шығындар 65 млн АҚШ долларын құраған. Осы жерде Санкт-Петербургтегі батыс жүрдек диаметрінің құны өте жоғары бағаланған, яғни 1 шақырым жолды салуға 140 млн АҚШ доллары жұмсалған [6].

Сарапшылардың айтуынша, жол салу құнының мұндай айырмашылықтары посткеңестік кеңістікте көп жағдайда жол салу құнының ішіне жол өтетін жер учаскелерін сатып алуға бөлінетін қаржының кіруімен байланысты. Ал бұл кейде жалпы соманың қомақты бөлігін құрап жатады. Тағы бір едәуір айырмашылық – инженерлік-құрылыс технологиялары мен құзыреттіліктердің жетіспеушілігі. Ресей мен Қазақстанның жол құрылысы технологиялары әлемдік деңгейден біршама артта қалған. Дамыған елдерде жол жабыны қызметінің мерзімі біздің елге қарағанда 2-4 есе көп. Сондықтан жолды бабында ұстау үшін біздің елде 30%-ға қымбатқа түседі.

2011–2012 жылдары Орталық Азия мемлекеттерінің жол инфрақұрылымы сапасын бағалау бойынша (142 елдің ішінде) Қазақстан 85-орынды (Қырғызстан 93-орын, Тәжікстан 83-орын) иеленген. Автожолдардың сапасы бойынша Қазақстан 125-орында, Қырғызстан 116-орында және Тәжікстан 88-орында. Теміржол инфрақұрылымы сапасы бойынша Қазақстан 33-, Қырғызстан 61-, Тәжікстан 41-орында, әуе көлігі инфрақұрылымы сапасы бойынша Қазақстан 103-, Қырғызстан 136-, Тәжікстан 98-орында тұр [7].

Екі жылда бір рет Логистика тиімділігі индексі (Logistics Performance Index – LPI) есептеу кезінде, осыған ұқсас көрсеткішті Дүниежүзілік банк те береді. 2014 жылы соңғы жарияланған мәліметтер бойынша логистика тиімділігінің жалпы индексі бойынша бағаланған 163 елдің ішінде Қазақстан 88-орынға, Тәжікстан 114-орын, Өзбекстан 129-орын, Түркменстан 140-орын, Қырғызстан 149-орынға табан тіреген. Дүниежүзілік банктің жүктерді қадағалау және уақытында жеткізу көрсеткіштерін бағалауы бойынша Өзбекстан мен Қазақстанның көрсеткіштері анағұрлым жоғары [8].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, көлік-экономикалық байланыстарды нәтижелі жүргізу есебінен дамыған көлік инфрақұрылымы қолданыстағы ресурстық, экономикалық және әлеуметтік әлеуетті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан тасымалдау процесінің өнімділігін ғана емес, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту мақсатында аймақтық және ел деңгейінде іс жүзіндегі көлік инфрақұрылымын құру қажеттілігі туады. Бұл аймақтың ғана емес, тұтастай елдің көлік инфрақұрылымының барлық құрамдас бөліктерінің нәтижелі жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін аймақтың көлік инфрақұрылымын дамыту жүйесін жасау қажеттілігімен түсіндіріледі.

Елімізге бейімдеуде өзекті аймақтық көлік инфрақұрылымын құру және пайдалану саласындағы дамыған мемлекеттердің тәжірибесін қарастырайық.

Солтүстік америкалық типті (АҚШ, Канада, Аустралия) аймақтық көлік жүйесі өте қатты дамыған. Оларға жоғары сапалы автомобиль жолдары мен теміржол желілері тән және әуежайлар мен теңіз айлақтары жақсы жасақталған. Көліктің барлық түрлерінің даму деңгейі жоғары, бірақ жолаушылар тасымалында бастысы әуе (алыс қашықтыққа) және автокөлік (аймақтық тасымалдар) тасымалы болса, ал жүк тасымалында автокөлік пен теміржол көлігінің жұмыстары басым түседі. Сондай-ақ құбыр өткізу, ішкі су мен каботажды теңіз көлігі ауқымды жұмыстар атқарады.

Еуропалық типті көлік жүйелерінің (Батыс және Орталық Еуропа, Жапония) барлық көлік түрлері, әсіресе автожолдар мен теміржолдар бойынша әлемде желілері тығыз орналасқан. Негізгі бағыттарда теміржолдар электрлендірілген; жылдам магистральдарда жолаушылар пойызы өз жылдамдығын сағатына 300 шақырымға дейін арттыра алады. Теміржол, автокөлік пен су (өзен және каботажды теңіз) көліктерінің жұмыс ауқымы шамамен бірдей. Бірақ жүк тасымалдарында – автомобиль көлігінің, ал жолаушылар тасымалында теміржол көлігінің маңызы неғұрлым жоғары. Әуе көлігі халықаралық жолаушылар тасымалын қамтамасыз етеді. Экономикалық дамыған елдерде көлік саласында жұмыс істейтіндердің саны экономикалық белсенді тұрғынның 6-7%-ын құрайды.

Мемлекеттің немесе экономикалық аймақтың жақсы дамыған көлік инфрақұрылымының белгілері төмендегідей:

- аймақтағы өндіргіш күштердің ағымдағы және жоспарлаған бөлінісіне, сондай-ақ даму деңгейіне сәйкес, көлік желілерінің рационалды тұрпаты мен өткізгіштік қабілеттілігі;
- аймақты іргелес аумақтармен байланыстыратын сыртқы қатынастардың (жеткілікті түрде) болуы;
- көліктің әртүрлі инфрақұрылымының үйлесімді дамуы;
- көлік желілерінде көлік ағындарына кедергі келтіретін айқын алшақтықтар немесе «тар орындардың» болмауы;
- маусымның барлық кезеңінде және кез келген ауа райында көлік қатынастарының жұмысын қамтамасыз ететін инфрақұрылым элементтерінің беріктігі, сондай-ақ қарбалас кезде жүктемені қабылдауға арналған өткізгіштік қабілеттілігі қорының болуы.

Көптеген жағдайларда (бірінші кезекте, халықаралық көлік қатынастары жүйелерін қарастыру кезінде) инфрақұрылымды дамытудың қажетті деңгейінің қосымша шарты – барабар әкімшілік-құқықтық механизмдердің болуы. Ол көлік және тауар ағындарының кедергісіз қозғалуына жағдай жасайды. Мұндай механизмдерге кеден, шекара, санитарлық және арнайы бақылау жүйелері мен габаритті және салмақты шектеулер кешені, т.б. жатады.

Көлік желілерін дамытуда белгілі бір заңдылықтар байқалады, ал елдер немесе аймақтар территориясы көлік желілерінің даму сипатына қарай жіктелінуі мүмкін. Мұндай жіктелім неміс географы И. Кольдің еңбектерінде берілген. Ол алғаш рет көлік жүйесін біртұтас жүйе ретінде қарастырған. Кольдің жіктеуіне сәйкес территорияны көліктік ұйымдастырудың төрт типі бар:

1) аймақтың ішіне бейімделген моноцентристік жүйе. Территорияны ұйымдастырудың бұл типі кең таралған. Оған ірі орталық елді мекендердің болуы тән. Сол жерден көлік диаметрлері тарап, ірі елді мекендерге қарай тармақталады;

2) аймақтың ішінде көлік өткізгіштігі жоғары, сыртқа бағытталған жүйе. Негізгі елді мекендер мен көлік тораптары территорияның шекарасында орналасқан, әдетте, бұл теңіз айлақтары болып келеді. Мұндай жүйе полицентристік саналады, оның үстіне орталықтары бір-бірімен ішкі қатынастар арқылы байланысқан. Ұйымдастырудың бұл типі мұхитқа шығатын жолы бар, дамыған елдердің іргелес экономикасы дамыған аудандарына тән;

3) аймақтың ішінде өткізгіштігі нашар, сыртқа бағытталған жүйе. Бұл ресурстық-бейімделген көлік жүйелеріне тән. Ол табиғи ресурстардың көздеріне жету және осы ресурстарды аймақтан немесе елден шығару үшін құрылады;

4) су қатынастары жүйесі; су кеңістігінің өткізгіштігі құрлықтағы өткізгіштіктен неғұрлым жоғары. Бұл жүйе архипелагтарда орналасқан мемлекеттерге тән.

Жоғарыда айтылғандай, инфрақұрылымның жоғары қарқынмен өзгеруінің арқасында территорияны көліктік ұйымдастырудың сипаты тұтастай алғанда өте баяу өзгеруде.

Соңғы он жылда әлемде мынадай бағыттар қалыптасты: көлік инфрақұрылымына қаржының жеткіліксіз бөлінуі, тасымалдау көлемінің өсуі мен көлік желілерінің дамуы арасындағы айырмашылықтың ұлғаюы.

Көлік жүйесін дамытудың басты индикаторы көлік инфрақұрылымына тартылатын инвестициялардың көлемі болып табылады. Оны ЖІӨ-нің пайыздарымен өлшеу қабылданған. Ресей Федерациясында көлік инфрақұрылымына соңғы жиырма жылдың ішінде ЖІӨ-нің 1,2%-дан 1,8%-ға дейін шығын жұмсалған. Қаржыландырудың ең үлкен көлемі 2008 жылдан кейінгі кезеңге келеді (ЖІӨ-нің 2,2%-ы). Бірақ бұл Қытайдан гөрі үш есе (6,1 %), ал АҚШ (3%) немесе Еуропаға (2,9 %) қарағанда үштен бір есе аз [9].

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, инфрақұрылым үш үлгі бойынша дамуы мүмкін: басып озу, синхронды және қуып жету үлгісі бойынша. Біріншісі, инвестициялық тәуекелдері жоғары мемлекеттің жетекші рөлімен ерекшеленеді (мәселен, Қытай). Бүгінде АҚШ-қа тән қуып жетудің үлгісінде басты рөлді бизнес атқарады. Ол даму жолындағы кедергілерді тез жоюға мүдделі. Синхронды үлгі дегеніңіз, мемлекет пен бизнестің тең қатысуы (Германияда). Қазақстан мен Ресейде көлік инфрақұрылымын дамытуға мемлекет қаржысының жетіспеушілігінен үш үлгінің біреуін таза күйінде қолдану қиын. Ең оңтайлысы, басымды жобалардың шектелген санын жүзеге асыру және қалған идеяларды іске асыруда бизнесті тарту. Инфрақұрылымды реформалау жолында мемлекет пен бизнестің біріккен күш-жігері қажет.

Өнеркәсіптік дамыған елдерде көлік кешенін қаржыландыру – мемлекеттің басымды қызметтерінің бірі. Өйткені көлік – энергетика мен байланыспен қатар өндірістің қалыпты жұмыс істеуінің және мемлекеттегі әлеуметтік ортаның жалпыға ортақ маңызды базасы. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекет ортақ пайдалану көлігін дамытуда жауапкершіліктен және оның шаруашылық қызметінің маңызды бағыттарын реттеу элементтерінен бас тарта алмайды. Қаржы салымдары саласында инвестициялық процеске не тікелей қатыса алады, не көлікке қаржы тарту барысында жеке капиталдың жұмысын реттеу қызметін өз мойнына алады.

Ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП) инвестициялық процеске, көлік жүйесіне ықпал етеді. ҒТП-ның әсерінен көлік кешенінің негізгі қаржы құралдарының рөлі едәуір өзгерді. Ол сандық тұрғыда дамудың жеткілікті деңгейіне жетіп, өнеркәсіптік дамыған елдердің тұрғындары мен экономикасының қажеттілігін қанағаттандырады. Осыған байланысты инвестициялар, негізінен, көліктің экстенсивті емес, интенсивті дамуын қамтамасыз етеді: қатынас жолдары мен көлік құралдарының техникалық жағынан жетілдіру үлесінің

ұлғаюы, аталған салада қызметкерлердің еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз ететін прогрессивті технологиялардың кең таралуы.

Инвестициялаудағы мұндай өзгерістер АҚШ, ФРГ мен Жапония көлік кешеніне салынған капиталдардың жалпы көлемінің қысқартылуымен жүрді. Сонымен бірге шаруашылықтың құрылымдық қайта құрылуына бейімделген көліктің жекелеген түрлерінде инвестициялық қызметтің біршама өсуі байқалды. Мәселен, 1976–1980 жж. мен 1981–1985 жылдармен салыстырғанда 1986–1995 жылдары АҚШ көлік кешеніне салынған жалпы капиталдар (мемлекеттік және жекеменшік) сәйкесінше 11,0 және 7,3%-ға азайды. Алайда АҚШ-тың көлік дамуына инвестициялардың азаюы аясында әуе мен автомобиль көлігіне салынған капиталдар тұрақты артты (1981 жылдан бастап).

XX ғасырдың 80-жылдарының ортасынан 90-жылдардың ортасына дейін инвестиция көздеріндегі арақатынас біршама өзгерді. АҚШ-та көлікке тартылған мемлекеттік инвестициялардың үлесі сәйкесінше орташа есеппен алғанда 65,25%-дан 53,2%-ға дейін, Германияда 54,6%-дан 45,0%-ға дейін азайды. Әдетте, қарастырылып отырған елдердегі көлік кешеніне салынған мемлекеттік және муниципалды капиталдың негізгі үлесі тұрақты құрылғыларды (70%-дан 90%-ға дейін), ал жекеменшік капитал көлік құралдарының паркін дамытуға (60%-дан 80%-ға дейін) бағытталады. 70-жылдары АҚШ-та теміржол көлігінің инфрақұрылымын құру ісінде алғаш рет федералды және муниципалды бюджеттен қаржылар бөліне бастады. Сол тұста АҚШ-та, кейін ФРГ-да жеке салынған капиталдарды қаржыландыру көздерінің бірі амортизациялық аударымдар болды [10].

Қалалық көлікке қаржыны, негізінен, мемлекет, аймақтық және жергілікті билік органдары бөледі. Алайда олардың оған қатысуы әрқалай. Бір елдерде (Бельгия, Голландия) мемлекеттік инвестициялар бір жолғы және ағымдағы шығындардың барлық сомасын қамтамасыз етсе, кей елдерде (Канада, Дания, Ұлыбритания) оларды мүлдем қолданбайды.

Нарықтық экономикасы бар елдердің ұзақмерзімді болашағында көлік жүйесінде ГТП-ні одан әрі дамыту көзделеді. Қатынас жолдары желілерінің құрылысы едәуір өзгеріске ұшырамақ. Жұмысы аз әрі тиімсіз теміржол желілері мен бөліктері қысқартылады. Сонымен бірге жылдам жүретін желілерде бірқатар жаңа құрылыстар салу көзделіп, теміржолдарды электрлендіру жұмыстары басталмақ. Автокөлік жолдары қатты жабынмен жабылады. Қолданыстағы

желілерді жетілдіруге баса көңіл бөлінеді. Әуежайлардың саны артып (әсіресе жүк таситын), ішкі әуе жолдарының ұзындығы ұлғаяды. АҚШ-та құбыр өткізу, бірінші кезекте газ және мұнай өткізу құбырларының ұзындығы артады. АҚШ-тағы секілді Батыс Еуропа елдерінде де ішкі су көлігінде гидротехникалық жұмыстар атқарылады, айлақтар қайта жасалады. Теңіз көлігінде айлақтарды жаңғырту жұмыстары қолға алынбақ.

Жыл сайын әлемде жол апатынан 1,5 млн-ға жуық адам мерт болса, жарақат алып, мүгедек болғандардың саны 50 млн адамнан асып жығылады екен. Бұл – әлемдік қауымдастықтың тұрақты дамуы жағдайында (гуманизм, сондай-ақ міндеттерді шешу тұрғысынан да) өрескел жағдай. Дәстүрлі жолдарға қаншалықты жер бөлінгендігі, автокөліктердің экологиялық зияны жөнінде санамалап айтсақ, жерүсті эстакада жолдарының құрлықта да, су астында да ақылға қонымды әрі дәйекті баламалары жоқтығы көрінеді. Қолданыстағы көлік жүйелерімен қатар жерүсті эстакадалық жолдар салу (айрықша рельстік жүйелер немесе STY, жаһандық кеңістікті «екінші деңгейлі» көлікпен «жабу») – әлемдік экономикалық дағдарыстан шығудың тиімді жолдарының бірі.

Айрықша рельстік көлік жүйелері тасымалдаудың жоғары жүктемесін төмендегілер есебінен қамтамасыз етеді:

- құрылыс пен пайдаланудың төмен шығындары кезінде жоғары қозғалыс жылдамдықтары (сағатына 500 шақырымға дейін);
- пайдаланатын жерлердің зиянсыздығы мен ауданының аздығының жоғары деңгейі;
- пайдаланудың жоғары қауіпсіздігі;
- қосалқы шығындарсыз кейін жаңғыртылатын энергия көздеріне көшіру арқылы электрлік тарту күшін қолдану.

STY әсіресе ірі қалалар үшін өзекті, «екінші деңгейлі» жылдам көлік желілерін ескерсек (қала ішіндегі құрылыстарда эстакада ретінде арнайы салынған биік ғимараттарды пайдалану), бүгінде көлік мәселелерін шешуге болады. Сонымен бірге осы көлік желілері қоршаған ортаға зиянын мейлінше аз тигізе отырып, ірі қалаларды кеңістікте орналастыруға мүмкіндік береді. Көліктің бұл түрінің лайсаң жерлерді, қалың орман, тундра мен мұздақтарды кесіп өткенде, шығуы қиын жерлерден пайдалы кен қазбаларын тасымалдау кезінде баламасы жоқ [11].

Көлік құралдарының паркінде біршама өзгерістер күтіледі. Олардың саны едәуір ұлғайып, прогрессивті күш түрлерінің үлесі

неғұрлым артады. Арнайы жылжымалы құрамның үлесі, оның жүк көтергіштігі мен меншікті қуаттылығы өседі.

Көліктің әртүрлі түрлерінің өзара байланысу саласында негізгі жүктер ғана емес, сондай-ақ жалпы жүктердің едәуір бөлігі тасымалдау кезінде контейнерлендіріледі, артық жүктерсіз «есіктен есікке дейінгі» хабарламасына арналған жаңа құралдар жасалады, көліктің әртүрлі түрлері автоматтандырылған ақпараттық жүйеге біріктіріліп, ортақ жүйе, вокзал мен жүк тиеу терминалдары (жақсартылған) салынады.

ГТП көліктің экономикалық көрсеткіштерін біршама жақсартып, тұтынушыларға қызмет көрсету сапасы мен қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді. Көлікте маркетингті кең пайдалану, сұранысты зерделеу, қажеттіліктерге тіркеу жүргізу, үлгілеуді қолдану, т.б. күтіледі. Қатынас жолдарының барлық желілерінде Райлинка компьютер желісі (қазіргі кезде теміржол, тұтынушылар мен банктерді бір-бірімен байланыстыратын) немесе оған балама желі игерілген. Бұл өз кезегінде көлікті коммерциялық алмасу желісіне қосуға жол ашады.

ЕО елдерін көлік, әсіресе теміржол көлігі стандарттарын жетілдіру бойынша ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Бірнеше ток жүйесінде жұмыс істейтін электровоз жасау саласындағы зерттеулерден локомотивтерде орнатылатын аппаратуралардың, алаңдағы аппаратуралар мен спутник байланыстары жүйесінің үйлесімділігі бойынша жұмыстарға көшеді. Сондай-ақ ұлттық компьютер желілерін бір-бірімен байланыстыру үшін ақпараттық жүйелердің үйлесімділігі бойынша жұмыстар жалғасын табады.

Халықаралық сауда-саттықтың негізгі ағындарын қамтамасыз ететін қазіргі көлік инфрақұрылымы көлік дәліздерін құру және онда орналастырылған көлік тораптарын құру негізінде дамып келеді.

Қазіргі таңда жасалып, жүзеге асырылып жатқан заманауи қалаларда көлік инфрақұрылымын дамытудың едәуір маңызды жобалардың негізгі міндеттері бүгінде мыналар:

- көлік қолжетімділігін түбегейлі арттыру;
- жаңа көлік түрлері мен көлік ағындарының басқару жүйесін ендіру есебінен қолданыстағы көлік инфрақұрылымына қысымның төмендеуі;
- экологиялық жағдайдың жақсаруы;
- қала мен оның маңындағы аймақтың үйлесімді дамуын қамтамасыз ету, іс жүзіндегі қалалар базасында «үлестірілген»

немесе «көпполюсті» қалалар салу, яғни ірі қалалардың кеңеюінің баламасы ретінде урбандалған аумақтарды заманауи көлік артерияларымен байланыстыру;

- қолданыстағы көлік инфрақұрылымын шамадан тыс ететін шамадан тыс инфрақұрылым жасау немесе қала құрылысы мен технологиялық шешімдерді ендіру. Көліктің дамуы қаланың ағымдағы қажеттіліктерінен алда жүру тиіс, кері жағдайда көлік инфрақұрылымының дамуы қаланың дамуынан кейін қалуы мүмкін.

Айта кететін жайт, қаланы қоса алғанда, бәріне бірдей осы міндеттерді шешудің ортақ шешімі жоқ. Сонымен бірге жаңа қала салу және технологиялық шешімдер іздестіріліп отырған бірқатар негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге болады.

Қоғамдық көліктің басымды дамуы. Дамыған елдер Еуропада өткен ғасырдың ортасынан бастап қаланы жоспарлауда басым орын алған «көлікке бейімделу» саясатының құрдымға кеткенін түсініп отыр. Әлемдегі көлігі ең көп АҚШ қалаларында қозғалыс шарттарын мұқият зерттеу кезінде күн сайынғы кептелістердің ең төмен жағдайлары Хьюстонда, Детройт пен Лос-Анжелесте, яғни қала іші мен оның маңындағы қалашықтарда анағұрлым қуатты хайвэй желілері құрылған жерлерде байқалған. Осындай қуатты хайвэй желілері бар кейбір қалалар (Детройт, Феникс, Индианаполис) «қала мен көліктің бетпе-бет ұшырасуы» аталатын қиындықтарға тап келді.

«Көлікке бейімделу» тұжырымдамасынан бас тарту және қоғамдық көліктің өрлеуі Батыс Еуропа елдерінде соңғы 15-20 жыл ішінде муниципияның дамуындағы негізгі бағыттардың бірі болып отыр. XX ғасырдың екінші жартысындағы тәжірибе жол желілерінің дамуы ұдайы тұрғындардың көлікті болуы мен қаладағы көлік паркінің өсуінен бір қадам кейін қалып отырғанын көрсетті. Одан шығудың жолы – бірінші кезекте қоғамдық көлік жүйесін дамыту.

Бұл жерде *рельспен жүретін қоғамдық көлікті жаңғыртуға (жылдам жүретін трамвайлар)* баса көңіл бөлу керек. Франция, Германия, Бельгия, т.б. қалалар осы жолмен дамып келеді. Гренобль айналасында «көпполюсті» мегаполис құру жобасында да қалааралық трамвай желілерін салуға назар аударып отыр. Гренобльдің өзінде жылдам трамвай желілері құрылған. Қаланың көлік желілерін дамытудағы инновациялық бағыт «*жеке қоғамдық көлік*» құру екендігі белгілі.

Көлік және логистикалық инфрақұрылымды жер астында орналастыру. Франция, сондай-ақ тақырыптық «Болашақ қаласы»

павильондары ұсынған тұжырымдамада болашақ қаласы көк желекпен көмкерілген жеке-жеке үйлерден тұруы қарастырылған. Барлық көлік және логистикалық инфрақұрылым жер астында орналастырылған.

Сәулетші Ричард Роджерс ұсынған париждік агломерацияның трансформациясы жобасында жаңа типті құрылымдар – экофреймдерді қарастырады. Бұл дегеніңіз, жүрдек теміржол көлігін, метро, көлік жолдары мен инженерлік қатынас коллекторларын құрайтын үлкен жерасты құрылымдары. Алты радиальді экофрейм Париждің орталық бөлігін шет аудандарымен байланыстыру үшін қажет. Осылайша, Роджерс бірнеше міндетті бірден шешеді. Яғни жолдардың орнына парктер, көгалдар жасалады, экология жақсара түседі, бұрынғы теміржолдардың орнына жаңа ғимараттар салуға арналған орындар пайда болады. Жалпы алғанда, мұндай жылдам көлік жүйесін құру адам баласы жолда күніне 30 минуттан артық болмауы үшін көзделген.

Көптеген заманауи қалаларда жерасты көлік және рельстік магистральдар салу – көлік инфрақұрылымын дамытудың және көлік және рельстік жолдарды қамтамасыз етудің қолайлы көрсеткіштеріне жетудің бірден-бір жолы. Өйткені қала ішіндегі құрылыстардың күн санап өсуіне байланысты жер үстінде жаңа магистральдар салу экономикалық тұрғыдан тиімсіз.

Көмірсутекті отынды пайдаланатын көліктерден бас тарту. Қазіргі таңда әлемдік автоконцерндердің барлығы дерлік гибриді, сутекті немесе электр қозғалтқышын пайдаланатын автомобиль үлгілерін әзірлеу жөнінде мәлімдеме жасады. Осы саладағы өнімдерге қарамастан, тұтынушылық сапасы мен іштен жанатын дәстүрлі көлік құны жағынан артта қалып келеді. Қала автокөлігін түбегейлі өзгертудің уақыты алыс емес сияқты.

ЭКСПО-2010 көрсеткендей, қазіргі таңдағы жағдайы бойынша қала автокөлігін дамытудың неғұрлым перспективті бағыты – электр қозғалтқыштары бар автокөліктер жасау. Франция, Қытай, Жапония секілді елдер электрлі шағын автокөліктер туралы тұжырымдама ұсынды. Бүгінде ЭКСПО-да жобасы ұсынылған, БАӘ-де салынып жатқан Масдар «инноградында» іштен жанатын қозғалтқыштары бар автокөліктер болмайды. Олардың орнына рельстік қоғамдық көлік жүйесімен қоса, такси қызметі мен электромобильді бірлесе басқару жүйесін дамыту жоспарланған.

Дербес электр көлігі қаланың энергетикалық инфрақұрылымының негізгі элементі болады, оның ішінде қала желісінде жүктемені

тұрақтандыру рөлін атқарады – қуатталған автокөліктер өз энергиясын күндіз жүктеме көп кезінде берсе, түнде артық қуаттылығын тұтынады [12].

Британдық қаржы қызметтерінің экспортын қолдаумен айналысатын Лондон халықаралық қаржы қызметі есебінің мәліметтері бойынша қазіргі таңда әлемнің 60-тан астам елі мемлекеттік-жекеменшік серіктестік (МЖС) негізінде жобалар әзірлеуде. Халықаралық валюта қоры жүргізген шолуға сәйкес, МЖС соңғы он жылда саяси режимі тұрақты, макроэкономикалық жағдайы орнықты, жемқорлық деңгейі төмен елдерде біршама дамыған.

МЖС жобаларын жүзеге асырудың шетелдік тәжірибесін талдай келе, МЖС механизмдерін қолданатын барлық мемлекетте дерлік МЖС-ті пайдалану бойынша неғұрлым басымды сала баса көрінеді. МЖС жобаларының басым бөлігі көлік саласында (әуежай, айлақ, құбыр жүргізу көлігі, жол, көпір мен т.б.), әлеуметтік инфрақұрылымда (денсаулық, білім беру, мәдениет, туризм), тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта (сумен жабдықтау, жылумен қамтамасыз ету, т.б.) жүргізіліп отыр. Әлемде МЖС жобаларын жүзеге асырудағы басты сала – көлік саласы болып отыр.

Осы жерде мынадай заңдылық байқалады: әлеуметтік тұрғыдан қорғауға кепілдік беретін, орташа өмір сүру ұзақтығы жоғары, медициналық және білім беру саласында қызмет көрсету сапасы жоғары, нарықтық экономикасы бар, еңбек өнімділігі мен жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім тұтынудың деңгейі жоғары мемлекеттерде МЖС денсаулық, білім беру салаларында, яғни әлеуметтік инфрақұрылым нысандарында жиі қолданылады. Бүгінде ЕО-ның кейбір елдерінде серіктестердің басым бөлігі көлік саласында, жолдарды, көпірлер, тоннельдер, жерүсті жеңіл метро мен әуежайларды жаңғыртуда жүзеге асырылып келсе, азғантай бөлігі денсаулық пен білім беру салаларында жүргізіліп отыр [13].

Елімізде инфрақұрылымдық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру барысында дамыған шет мемлекеттердің тәжірибесі өте пайдалы екендігі сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Общие сведения о международных транспортных коридорах// <http://www.transpodepth.ru>.

2. Серебряков Л.Г. Проблемы стратегического планирования транспортной инфраструктуры региона – инновационный подход // Научные труды Северо-Западной академии государственной службы. – СПб, 2011. – Т.2. Вып. 1: Государственная власть и местное самоуправление в России: история и современность. – С. 206–215.
3. Гольская Ю.Н. Оценка влияния транспортной инфраструктуры на социально-экономическое развитие региона: Автореф. дисс. канд. экон. наук: 08.00.05. – Екатеринбург, 2013.
4. Руднева Л.Н., Кудрявцев А.М. Транспортная инфраструктура региона: понятие и факторы формирования // Российское предпринимательство. – 2013. – № 24(246). – С. 139–144. // <http://old.creativeconomy.ru>.
5. Стоимость строительства дорог в Казахстане возмутила депутатов// <http://www.nur.kz>.
6. Эффективность развития транспортной инфраструктуры зависит от правильной оценки её текущего состояния и дальнейших перспектив // <http://www.npktrans.ru>.
7. The Global Competitiveness Report 2011–2012; World Economic Forum 2011 // <http://www.weforum.org>.
8. Тураева М.О. Транспортная инфраструктура стран Центральной Азии в условиях современной регионализации. – Москва: Институт экономики, 2014. – С. 9. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://inecon.org/docs>.
9. Развитие российской транспортно-логистической инфраструктуры: роль государства и участников рынка. Конференция, 8 февраля 2015 года // <http://рспп.рф>.
10. Состояние транспортной инфраструктуры в современном мире// <http://studme.org>.
11. Трансет международная транспортная система как основа консолидации экономик и укрепления мира. Dr. Anatoly Yunitskiy General Director, General Designer String Transport Yunitskiy LLC Moscow, Russia // <http://vk.com/doc>.
12. Инновации в развитии городского транспорта и транспортной инфраструктуры. – С. 19-21. // <http://www.raexpert.ru>.
13. Васильева Е.И., Минин М.В. Роль государственно-частного партнерства в модернизации инфраструктуры (на примере зарубежных стран) // <http://ego.uara.ru>.

Қазақстан мен Еуропалық Одақтың экономикалық қарым-қатынастары мәселелері

Лазат Нұрсұлтанова,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Аймақтану кафедрасының меңгерушісі,
тарих ғылымдарының докторы

Райхан Жанболатова,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
аға оқытушысы

Болған Бәтішева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
магистранты

Казіргі таңда Қазақстан Республикасы – экономикасы серпінді дамып келе жатқан және сыртқы саяси басымдықтары нақты белгіленген мемлекет. Еліміздің жаһандық экономикадағы мәртебесі мен аймақтық беделі жыл сайын артып келеді. Қазіргі жағдайдың ерекшеліктерін ескерсек, елдің сыртқы саясаты ұлттық мүдделерді прагматизм қағидаттарымен жаңғыртуды және ілгерілетуді талап етіп отыр.

Қазақстанның сыртқы саясатының бірден-бір маңызды бағыты – еуропалық елдермен екіжақты ынтымақтастығы. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері жоғары деңгейлі экономикалық және саяси интеграцияның орталығы ретіндегі еуропалық аймаққа айрықша назар аударып отыр. Қазақстанның сауда-экономикалық және инвестициялық ірі әріптесі Еуропалық Одақпен толық ауқымды қарым-қатынастарды дамыту кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы жаңа келісімді бекітуді қажет етті.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы Жарлығымен бекітілген 2014–2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыртқы саяси тұжырымдамасында белгіленгендей, Қазақстан Еуропа мемлекеттері және институттарымен стратегиялық қарым-қатынасты нығайтады [1].

Бұл үдеріске бірқатар факторлар ықпал етіп отыр. Маңызды ішкі факторлар ретінде елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы түбегейлі өзгерістерді, трансформациялық кезеңнің аяқталуы мен елдің ұзақ мерзімді және орнықты дамудың 2050 жылға дейінгі жаңа Стратегиясына өтуін атап көрсеткен жөн. Сыртқы факторларға әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстың салдарын, қақтығыстардың шиеленісуін, аймақтық, жаһандық деңгейдегі жаңа геосаяси және геоэкономикалық жағдайдың пайда болуын жатқыза аламыз.

Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы қарым-қатынас мәселесінің халықаралық қатынастардағы геоэкономикалық және геосаяси, әсіресе Украинаға қатысты өзгерістердің кезеңінде мәні зор. Сондай-ақ қазіргі таңда еліміз өзінің қарқынды экономикалық даму моделін іздеу үстінде. Жоғарыда айтылғандар негізінде мақала авторлары Қазақстан мен ЕО арасындағы экономикалық қарым-қатынастардың басым бағыттарын қарастырады.

Сонымен, қазіргі кезеңде әлемдік саясат пен экономикада алдыңғы қатарда тұрған ЕО-мен терең де ауқымды ынтымақтастығы Қазақстанның сыртқы стратегиялық ұстанымы болып отыр. Өз кезегінде ЕО саяси және экономикалық байланыстарды арттыру мақсатында Қазақстанмен тығыз қарым-қатынаста болуды көздеп отыр.

Қазақстан мен ЕО арасында экономика, сауда, ғылым, білім және т.б. салаларда қарқынды ынтымақтастық айналымы 20 жыл бұрын бастау алған болатын. Екіжақты қарым-қатынастың негізін қалаған бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды. Айталық, 1993 жылдың 2 ақпанында Қазақстан мен ЕО арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнады. 1993 жылы Брюссельде ЕО жанындағы ҚР-ның Өкілдігі ашылса, ал 1994 жылы Алматы қаласында Еуропалық комиссияның Өкілдігі ашылды. ЕО мен ҚР арасындағы қарым-қатынастың құқықтық негізі – Ынтымақтастық және серіктестік жөніндегі келісім (1995 жылы 23 қаңтарда Брюссельде қол қойылып, 1999 жылдың 1 шілдесінде күшіне енді).

Қазіргі кезде ҚР мен ЕО арасындағы қарым-қатынас кешенді, көп салалы және де өсу деңгейі жоғары болуымен ерекшеленеді.

ЕО мен Қазақстан Парламенттік ынтымақтастық комитетінің тең төрайымы Ивета Григуле: «Қазақстан Еуропалық Одақтың ерекше әріптесі болып табылады. Еуропалық Одақ – Қазақстанның ең ірі сауда әріптесі әрі инвесторы» [2], – деп атап өткен болатын.

Сарапшылар ҚР мен ЕО арасындағы қарым-қатынастардың жоғары саяси белсенділігі, әлемдік деңгейдегі тығыз өзара әрекеттесуі мен экономикалық шеңберде тиімді ынтымақтастығы қарқынды да терең серіктестікке ұласқанын көрсетіп отыр [3, 104-105].

Қазақстан мен ЕО келісімге қол қойғаннан кейін, маңызды саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерден өтіп, жаңа келісімшарт жасауға келісті. Әрине, екі тарап та «алдыңғы қатарлы серіктестік» құруға ынталы. 2011 жылдың маусым айында Брюссельде ҚР мен ЕО арасындағы жаңа да ауқымды ынтымақтастық пен әріптестік жасасу жөніндегі келіссөздер туралы шешім қабылданды. ҚР мен ЕО арасындағы жаңа келісім жөніндегі келіссөздердің бірінші кезеңі 2011 жылы 12 қазанда Астана қаласында өтті. Келіссөздер нәтижесінде, 2014 жылы 9 қазанда Брюссель қаласында ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Еуропалық Комиссияның төрағасы Ж.М.Баррозу келіссөздердің аяқталуы жөніндегі хаттамаға қол қойды.

2015 жылы 20 қаңтарда Брюссельде ЕО мен Қазақстан арасындағы кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық жөніндегі келісімді дәйектеу рәсімі өтті. Аталған келісім Қазақстан мен ЕО арасындағы саяси және экономикалық қатынастардың нығаюына айтарлықтай деңгейде септігін тигізеді. Оған қоса, тараптар арасындағы сауда, қызметтер мен инвестициялар ағымын кеңейтіп, елдің саяси және әлеуметтік дамуына үлесін қоспақ [4].

Қазақстандағы ЕО-ның өкілі А. Бушез атап өткеніндей, Қазақстан – Орталық Азия елдері ішінде ЕО-мен келісімшарт жасасқан алғашқы мемлекет.

Айта кететін жайт, соңғы жылдары Қазақстан мен Еуропа арасындағы ынтымақтастықтың ерекшелігі ретінде аймақтық вектордың нығаюы байқалады. Қазақстан ЕО мен Орталық Азия арасындағы жаңа стратегияны (2007 жылы қабылданған) құруға белсене атсалысып қана қоймай, әртүрлі жаңа идеяларды ұсынып, олардың іс жүзінде аймақта және жеке елдерде орындалуына едәуір үлес қосты. «ЕО – Орталық Азия» форматында сыртқы саяси ведомстволар жоғары басшылығының қатысуымен кездесулер

өткізу дәстүрге айнала бастады. Ынтымақтастық және серіктестік жөніндегі келісім, «Еуропаға жол» атты мемлекеттік бағдарлама (2008–2011 жж.), ЕО-ның Орталық Азияға қатысты стратегиясы екіжақты экономикалық ынтымақтастықтың құқықтық негізін қалады. Аурелия Бушез айтқандай, ЕО Қазақстанды өзінің маңызды серіктесі ретінде тани отырып, келешекте ынтымақтастықты тереңдетуге мүмкіндік беретін жаңа келісімнің тез арада бекітілуін көздейді [5].

Қазақстан мен ЕО серіктестігінің мақсаты:

- тараптар арасында тұрақты саяси диалог жүргізу;
- сауда айналымы мен инвестицияларды қолдаумен қатар, тұрақты экономикалық дамуға жол ашу;
- экономикалық, әлеуметтік, қаржы және мәдени ынтымақтастықтың негізін қамтамасыз ету;
- ҚР-дағы демократиялық үдерістерді күшейту, нарықтық экономикаға қолдау көрсету.

Жылына бір рет өткізілетін Ынтымақтастық кеңесінің отырысы Қазақстан мен ЕО серіктестігінің институционалдық негізі болып табылады. Екі тарапты қызықтыратын мәселелер бойынша әр саладағы кеңес беретін салалық диалогтер ынтымақтастықтың жаңа форматын құрып отыр. Атап айтқанда, Ынтымақтастық кеңесінің шешімдерін жүзеге асыру үшін ынтымақтастық және кәсіптік комитеттер жұмыс жасайды. Соңғылардың қатарында: 1) сауда, инвестиция, көлік және энергетика мәселелері; 2) құқық және құқықтық реттеу мәселелері бойынша.

Сонымен, қазіргі таңда сауда-экономикалық қарым-қатынастардың жоғары деңгейін көруге болады. Еуропалық Одақ Қазақстан үшін негізгі сауда және инвесторлық серіктеске айналды (көршілес Ресей мен Қытайдан асып түскен). Қазақстанның сыртқы сауда айналымының және республикаға тартылған шетелдік инвестициялардың жартысы – ЕО-ның үлесінде. Мәселен, Қазақстанның ЕО-мен сыртқы саудасы 2014 жылы 50 млрд АҚШ долларын құраған [6].

Қазақстанның ЕО мемлекеттеріндегі экспорт құрылымы мұнай және мұнай өнімдерінен, металл, ауылшаруашылық, химиялық және минералды өнімдерден тұрады. Соңғы жылдары Қазақстан әлемдік сауданың белсенді мүшесіне айналды. Бірақ еліміздің экспорты мен импорты құрылымында айтарлықтай өзгерістер жоқ. Яғни Қазақстанның ЕО-ға экспортын әдеттегідей минералды

шикізат қоры (89,3%) құрайды. Керісінше, ЕО мемлекеттерінен Қазақстанға келетін машиналар, құрал-жабдықтар мен көлік заттары импорттың 55,2%-ын құрайды. Дегенмен Еуропалық Одақ – тең тәуелсіз мемлекеттерден тұратын ұйым болғандықтан, Қазақстан екі деңгейлі қарым-қатынасты жүзеге асыруда: біртұтас құрылым ретіндегі Одақпен және Еуроодақтың жеке мемлекеттерімен. Бүгінде Қазақстанның негізгі еуропалық серіктестері – Италия, Франция, Нидерланды, Германия, Австрия және Ұлыбритания. ҚР мен ЕО арасындағы сауда айналымының 75,5%-ы – осы мемлекеттердің үлесінде. Аталған екі деңгейлік қарым-қатынас бір-бірін толықтырушы болып табылады.

Қазақстан үшін ЕО-ның инвестициялық маңызы өте зор. 1993–2013 жылдар арасында Қазақстанға ЕО мемлекеттерінен тікелей 82 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция тартылған. Салыстыратын болсақ, осы кезеңде республикаға құйылған инвестициялардың барлығы 170 млрд АҚШ долларын құрайды. Яғни Орталық Азия аймағына келген шетелдік инвестициялардың 80%-ы – Қазақстанға тиесілі. Негізгі инвесторлар Нидерланды, Ұлыбритания, Италия және Франция саналады. Сонымен, ЕО-ның инвесторлар тізімінде Қазақстанның бірінші аталуы оның негізгі коммерциялық серіктесі ретінде лайықты орын алуына әсер етті. ЕО мен НАТО жанындағы ҚР-ның өкілі Е. Өтембаевтың айтуынша, еуропалық институттар инвестициялық ынтымақтастық деңгейін одан әрі дамытуға мүдделі. Оның жарқын дәлелі, 2014 жылы Еуропалық инвестициялық банк (ЕИБ) әртүрлі жобаларды жүзеге асыру үшін Қазақстанға 2,5 млрд евро бөлді [7].

Егемендік алғаннан бері Қазақстан ЕО-ның жауапты энергетикалық серіктесі ретінде белгіленді. ЕО үшін Қазақстан – ОПЕК-ке кірмейтін елдер арасында, Ресей мен Норвегиядан кейінгі энергия жеткізуші ірі мемлекет. ЕО-ның Қазақстанның энергетикалық шикізаттарына қызығушылығын АҚШ бақылауындағы Таяу Шығыстағы шикізат қорынан тәуелділікті азайтумен қатар Ресейдің энергетикалық билігінен құтылу мақсатымен түсіндіруге болады. Еуропаның кейбір мемлекеттеріне тасымалданатын қазақстандық мұнайдың үлесі жоғары. Мәселен, Румынияда 30%, Австрияда 25% құрайды. Жалпы, ЕО импортында қазақстандық үлес 20%-ды құрайды [8]. Айта кетсек, Қазақстанның энергетикалық саласында «Тотал», «Аджип», «Эни», «Шелл», «Бритиш Газ», «Бритиш Петролиум» және т.б. ірі еуропалық компаниялар жұмыс істейді.

Осы саладағы ынтымақтастық жөнінде айтатын болсақ, Қазақстан Энергетикалық хартия конференциясының, яғни Энергетикалық хартия жөніндегі келісімшарттың (ЭХК) мақсаттарына қолдау көрсету үшін құрылған үкіметаралық ұйымның мүшесі болып табылады [9].

Қазақстан Республикасы Еуропалық Одақ тәрізді ЭХК міндеттерін, оның ішінде күкірт шикізатын еркін тасымалдау және тасымалдау жолының диверсификациялауын қамтамасыз етуін толыққанды іске асыруға ниетті. Осыған орай ҚР мен ЕО Еуропаны Кавказ және Орталық Азия елдерімен байланыстыратын көлік инфрақұрылымының дамуына бағытталған (Ресей аумағынан тыс) 1993 жылы ТРАСЕКА бағдарламасы аясында тығыз ынтымақтастықты бастады [10].

Қазақстан энергетикалық диалогті одан әрі терең дамытуға мүдделі. Осы мақсатта ЕО мен ҚР арасында (2006 ж.) энергетикаға қатысты өзара танымдық меморандумға қол қойылды. Оның негізгі міндеті: энергетикалық саланың ауқымды ынтымақтастығы, энергетикалық тасымалдаудың тұрақтылығы және энергетикалық сұранысты алдын ала болжау [11].

Бұл меморандум энергетикалық қауіпсіздіктің нығаюы және өндірістік ынтымақтастық сияқты аспектілерды қамтиды. Аталған екі сала бойынша жол карталары келісілген, біріншіден, энергия өнімін тасымалдау жолдарын модернизациялау немесе жаңадан құру арқылы диверсификациялау, екіншіден, жалпы энергетикалық сала бойынша (өндеу, қайта өндеу және тасымалдау, сонымен қатар баламалы, жаңартылмалы энергия көздері саласында) компаниялар арасындағы қарым-қатынасқа қолдау көрсету [12].

Белгіленген құжаттан басқа 2009 жылдың 12 маусымында Көлік желілерін дамыту жөніндегі меморандум қабылданған. Бұл құжаттың маңыздылығы ТРАСЕКА және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі жобалары шеңберінде көлік жүйелерін құру мақсатында ынтымақтастық орнатуға бағытталған [13].

Қазақстан экономикалық ынтымақтастық шеңберінде энергетикалық және көлік салаларын негізгі бағыты ретінде айқындап алғанымен, тек осы мәселелермен шектелмейді. Мемлекет кешенді стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін экономикасын диверсификациялау және жоғары қосылған құны бар тауарларды өндіретін өнеркәсіп құруда Еуропалық Одақтың көмегін талап етеді. Жалпы ҚР мынадай бағыттарда жұмыс жасауды

көздейді: мұнай және газ жобаларын дамыту, энергияны тиімді пайдалану және энергия үнемдеу жолдарын көтеру, жаңартылмалы энергия көздері мен бейбіт атом энергиясын пайдалану, жалпы таза энергетикалық технологияларды дамыту. Осы орайда Қазақстан Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру үшін ЕО-ның жоғары дамыған мүше мемлекеттерімен бірігіп жұмыс жасауға ниетті.

Қазақстандағы ЕО-ның өкілі А. Бушез айтқандай, Еуропаның қызығушылығы соншалық, инвесторлар машиналар, өндірістік станоктар мен жабдықтар, дәрі-дәрмек жасауға және жаңа технологияларды дамытуға қаржыларын салуға әзір. Әсіресе соңғы сала бойынша ЕО Қазақстанның негізгі серіктесі ретіндегі мәртебесін сақтап, 2017 жылы өтетін әлемдік көрмені ұйымдастыру жұмыстарын қолдайды [14].

Жалпы, «жасыл экономика» еуропалық инвесторларды қызықтыратын өзекті мәселе болып табылады. 2013 жылдың маусымында Астанада болған Еуропа комиссиясының төрағасы Ж.М. Баррозу Еуроодақ Қазақстанның экономикасын диверсификациялауға және «жасыл» экономикаға көшу бағытын қолдайтындығын атап кетті [15]. Біздің ойымызша, осы сапар барысында Ж.М. Баррозу ынтымақтастығымыздың маңыздылығын толық көрсетті. 2011 жылы маусым айында құрылған Қазақстан достарының еуропалық клубы – оның тағы бір дәлелі. Клуб Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының (ПАСЕ), Еурокомиссия және басқа да ЕО институттарының мүшелері, бизнес және сарапшылар қоғамының өкілдерінен тұрады. Ұйымның мақсаты еліміздің мүдделерін Еуропада тегеурінді жылжыту және Батыс мемлекеттерімен саяси, сауда-инвестициялық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту болып табылады.

Еуропалық Одақ ACCESS бағдарламасы сияқты кіші және орта бизнесті дамытатын, жоғары технологияны қолдайтын бағдарламаларды дамыта отырып, экономиканың қарқынды дамуына тікелей әсер ететін басқа да бағдарламаларды ұсынады. Ұсынылып отырған бағдарламалардың ішінде, мәселен, Қазақстанның көмір өндіру өнеркәсібінде қоршаған ортаға барынша аз зиян келтіру мақсатына арналған технологиялардың дамуына назар аударылды. Одан басқа, «Көкжиек–2020» бағдарламасы сияқты технологияның даму жолдарын зерттеуге арналған басқа да жобалар бар.

Қорытындалай келе, қазіргі таңда Қазақстан мен Еуропалық Одақ сауда-экономикалық қарым-қатынастарды терең дамытуға мүдделі. Бұл үдеріске Батыстың энергетикалық ресурстарға сұранысының артуы, Қазақстанның халықаралық мамандану ерекшеліктері әсер етеді. Сөзсіз, қазіргі сауда айналымының құрылымы экономикасын диверсификациялауға бағыттаған Қазақстанның талаптарына сәйкес келе бермейді. Еуроодақ пен Қазақстан қарым-қатынасының мазмұны мен сипатына посткеңестік аумақтағы интеграциялық үрдістер, әсіресе Біртұтас экономикалық кеңістік пен Еуразиялық экономикалық одақтың дамуы ықпал етуде. Сонымен қатар дүниежүзілік қаржы дағдарысының салдары және интеграцияның тереңдеу мәселелерін шешуге мәжбүр болған Еуроодақтың да ішкі жағдайы осы ынтымақтастыққа кері әсерін тигізуде. Сыртқы ықпалды нақтыласақ, Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелерінің күрделенуі және аймақтың геосаяси маңызының өсуі – Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы қарым-қатынастарда шешуші рөл ойнайтын фактор.

Сонымен, Қазақстан мен ЕО-ның ынтымақтастығы болашағын зерделеу аталған халықаралық үдерістерге сәйкес әр тараптың өз стратегиялық мақсаттарын, оларға жету жолдарын қарастыруы жөніндегі нәтижемен байланысты. Ең бастысы, елдердің ерекшеліктерін ескере отырып, әріптестер арасында сындарлы диалог жүруі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы // <http://mfa.gov.kz>.
2. Астанада Еуропалық Одақ – Қазақстан Республикасы Парламенттік ынтымақтастық комитетінің 13-отырысы өтті (25.09.2015) // <http://eeas.europa.eu>.
3. Ахинжанов Е. Эволюция и состояние стратегического партнерства Казахстана с Европейским Союзом // Дипломатия Жаршысы. МИД Республики Казахстан. – 2013, 1(40) // <http://mfa.gov.kz/ru>.
4. ЕО мен Қазақстан Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық жөніндегі келісімді дәйектеуде (20.01.2015) // <http://eeas.europa.eu>.
5. Обращение посла Аурелии Бушез, Главы Представительства Европейского Союза в Республике Казахстан на мероприятии,

- посвященном Дню прав человека в Министерстве иностранных дел Республики Казахстан // <http://eeas.europa.eu>.
6. <http://www.zakon.kz>.
 7. Скучалин М. Казахстан – ЕС: этап продвинутого партнерства // <http://kp.kazpravda.kz>.
 8. Казахстан заинтересован в заключении нового Соглашения между РК и ЕС о продвинутом партнерстве // <http://www.kpm-rk.kz>.
 9. <http://www.encharter.org>.
 10. <http://www.traceca-org>.
 11. <http://eeas.europa.eu>.
 12. <http://ru.government.kz>.
 13. <http://eeas.europa.eu>.
 14. Казахстан привлекает около 80% иностранных инвестиций центральноазиатского региона // <http://kapital.kz>.
 15. Нурсултан Назарбаев и президент Европейской комиссии Жозе Баррозу // <http://news.nur.kz>.

Жаһандық және аймақтық саяси тәуекелдер мен дағдарыстарға жүйелі мониторинг: теориялық және қолданбалы аспектілері


Рустам Муса,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультетінің
магистранты

К ауіп-қатерлер мен тәуекелдерге толы, қарқынды дамып жатқан қазіргі саяси үдеріс жағдайында адамзат қоғамы дағдарыстар, шиеленістер мен қақтығыстар алдында осалдығын танытып отыр. Гейдельберг халықаралық шиеленістерді зерттеу институтының (Heidelberger Institut für Internationale Konfliktforschung – НІИК) мәліметтері бойынша, бүгінде барлық асқыну деңгейіндегі шиеленістер мен дағдарыстар санының өсу үрдісі байқалады. Оны төмендегі кестеден айқын көруге болады (1-сурет) [1].

Кестеден көріп отырғанымыздай, 1950–2010 жылдар аралығында төмен қарқынды шиеленістер мен дағдарыстар санының өсуі байқалса, керісінше жоғары қарқынды қақтығыстар мен жанжалдар саны төмендеген. 2011 жылы барлық деңгейдегі шиеленістер мен дағдарыстардың күрт өсуі байқалды. Бұл Таяу Шығыстағы «араб көктемі» оқиғаларымен байланысты.

XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басында адамзат өркениеті аса қанды оқиғаларға толы жоғары қарқынды жанжалдарға тап болды. Атап айтсақ, 1992–1995 жж. Югославиядағы соғыс, 1994 ж.



1-сурет. Төменгі, орта және жоғары қарқынды жаһандық шиеленістер мен дағдарыстар (1950–2011 жж.)

Руанда мен Бурундидағы қақтығыстар, 2003 ж. АҚШ әскерлерінің Иракқа шабуылы, НАТО күштерінің 1999 ж. Сербияны, 2011 ж. Ливияны бомбалауы және т.б. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы ұйымдар дәрменсіздік танытып отырған барлық осы қантөгісті соғыстар БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің санкцияларын толығымен ескермеу жағдайында басталған еді.

Қазіргі саяси үдерістің тұрақсыз даму салдарынан әлемнің түкпір-түкпірінде жасырын өтіп жатқан саяси тәуекелдердің адамзат өркениеті үшін аса қауіпті әскери жанжалдарға ұласып кетуі, мыңдаған адамдардың азабы мен қиратушы салдарымен сипатталған қайғылы зардаптары әлемдік ғылыми қауымдастық алдына осындай шиеленістер мен дағдарыстарды анықтап, алдын алу мүмкіндіктерін іздестіру міндетін қойды. Қазіргі таңда көптеген зерттеу институттары шиеленістерді, дағдарыстар мен қақтығыстарды тәуекелдер негізінде болжау және алдын алу әдістерін құру мәселесімен айналысады.

Мақалада саяси тәуекелдер мен дағдарыстардың мониторингтік жүйелері, агенттіктер, әдістемелер мен жобаларды кеңінен қарастыруды мақсат еттік. Дерекнамалық негіз ретінде мониторингтік зерттеудің дәстүрі орныққан Ресей зерттеушілерінің еңбектері қолданылды. Олардың ішінде мемлекеттік басқару шеңберінде саяси тәуекелдер мен дағдарыстар мониторингінің

теориялық аспектілеріне арналған Е.И. Степанов, П.И. Куконов, Г.Г. Малинецкий, А.В.Подлазов, И.В. Кузнецов, В.А Тишковтың еңбектері [2] ерекше мәнге ие. Келесі маңызды еңбектер тобын Ресей Ғылым академиясы Африка институты Өркениеттік және аймақтық зерттеулер орталығының қызметкерлері Д.А.Халтурина, А.В. Коротаев, Ю.В. Зинькина, А.С. Ходуновтардың жетекшілігімен жарияланған мониторингтік есептер құрайды [3, 5]. Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар мониторингінің қолданбалы әдістемесі жөнінде бірқатар құнды мәліметтер Р.В. Паниннің диссертациялық зерттеуінде кездеседі [4]. Осы жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбектері негізінде тақырыпты жан-жақты ашуға талпындық.

1. Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар мониторингінің теориялық негіздері

Ең алдымен, қарастыратын ұғымдарды анықтап алайық. Ғылыми еңбекте «саяси тәуекел» ұғымына «белгісіздік, уақыт пен ақпарат тапшылығында қабылданатын саяси шешімдердің жағымсыз салдарынан белгілі бір мемлекет аумағында басқару, экономикалық және өзге қызмет түрлеріне жағымды немесе жағымсыз ықпал ететін саяси факторлардың пайда болу мүмкіндігі» деген анықтама берілген. Мұндай факторларға: қылмыстық, саяси және азаматтық тәртіпсіздіктер, жұмыссыздық, сыбайлас жемқорлық және т.б. көрсеткіштер жатады.

Ал «саяси дағдарыс» ұғымына келесідей диффиниция беруге болады: «саяси қатынастардың ерекше шиеленісу салдарынан саяси жүйенің тұрақсыз, дестабилизациялық жағдайымен сипатталатын, саяси жүйеде іргелі өзгеріс немесе жүйенің тұтас күйреуін тудырта алатын, сонымен қоса саяси жүйенің жаңаруы мен қарқынды дамуына едәуір ықпал ете алатын саяси процесс дамуының ерекше формасы».

Біз саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды ықпал ету деңгейі бойынша шартты түрде аймақтық және жаһандық деп қарастыруды жөн көрдік. «Аймақтық саяси тәуекелдер мен дағдарыстар» ұғымын жоғарыда келтірілген диффинициялар негізінде «белгілі бір аймақ көлемінде басқару, кәсіпкерлік және т.б. қызмет түрлеріне нақты қауіп төндіретін әлеуметтік-саяси, экономикалық үдерістер жиынтығы» деп түсіндіруге болады. Ал «жаһандық саяси тәуекелдер мен дағдарыстар» тұтас әлемдік саясат деңгейінде

әлемдік экономикаға, мемлекеттер мен әртүрлі аймақтардағы саяси тұрақтылыққа әсер ететін экологиялық қауіп-қатерлер, халықаралық терроризм мен есірткі саудасы, әлемдік қаржы дағдарысы секілді жаһандану факторларын айтамыз.

Саяси тәуекелдер мен дағдарыстарға мониторинг – 1990 жылдан бастап дамып келе жатқан саяси зерттеулердің ерекше түрі. Бұл саладағы басты ғылыми-зерттеу ұйым – бүкіл әлемде саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды, соғыстар мен шиеленістерді зерттеумен айналысатын, үкіметтік емес ұйымдарды біртұтас жаһандық торға біріктіретін «Алдын ала анықтау және алдын алу форумы» (Forum for Early Warning and Early Response – FEWER). Форум құжаттарына сәйкес жүйелі мониторинг дегеніміз – шиеленіс немесе дағдарыс аймағында сыртқы, бейтарап сарапшылардың ұзақмерзімді және жүйелі бақылаулары нәтижесінде жиналатын ақпаратты біріктіру және өңдеу. Жүйелі мониторинг келесі мақсаттарға бағытталады:

- шиеленіс немесе дағдарыс аумағында, не болмаса әскери қақтығыс пен дағдарысқа ұласып кетуге нақты қауіп төндіретін тәуекел аумағында зорлық-зомбылық деңгейін алдын алу немесе төмендету;


- шиеленіс пен дағдарыстың алдын алу мен реттеуге бағытталған шаралардың жүзеге асу-аспау себептерін талдау;

- шиеленіс және дағдарыс үдерістерін анықтау мен алдын алуға қажет ақпараттық және сараптамалық база қалыптастыру [3, 34].

Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар мониторингін дағдарыс үдерісі байқалатын аумақта ақпаратты жинап, өңдеуден, соның негізінде шешім қабылдауға дейін сатылы тұрған қызметтердің біртұтас жиынтығы ретінде көрсетуге болады (2-сурет) [4, 78].

Яғни мониторингтік зерттеу бірқатар сатыдан тұрады: ең алдымен, дағдарыс үдерісі байқалатын аумақта қажетті ақпарат жиналады, кейін ол техникалық қызмет көрсетілетін жерде сақталып, өңделеді. Бастапқы сараптамадан өткен соң, қорытылған ақпаратқа бірқатар «тұтынушылар» қол жеткізе алады (бұл тапсырыс берушінің ниетіне байланысты): БАҚ, жекелеген адамдар немесе интернет-ресурстары. Десе де мониторингтік зерттеудің соңғы нәтижелері көпшілікке жарияланбауы да мүмкін. Түпкілікті сараптамадан өткеннен кейін ғана ол тапсырыс берушіге өткізіліп, сарапшылық мәліметтер негізінде саяси шешім қабылданады. Демек, саяси тәуекелдер мен дағдарыстар мониторингінің басты мақсаты – жиналған ақпараттарға

сүйене отырып, шешім қабылдау, яғни ақпарат ағындарының ішінде себеп-салдарлық байланыстарды құру.



2-сурет. Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар мониторингінің архитектурасы

Алайда мониторингтік зерттеу кезінде жиналатын және өңделетін ақпарат осы барлық сатылардан өту барысында оның мазмұны мен сапасына едәуір түрде ықпал ететін әртүрлі факторларға тап болуы мүмкін: ақпараттың тым көп болуы (оның ішінде жалған ақпараттың), онымен жұмыс істейтін адамдар, олардың біліктілігі, қажетті ақпараттық-техникалық жабдықтар мен технологиялардың бар-жоқтығы және т.с.с. Ақпарат мазмұнын өзгерте алатын осы факторларды үнемі ескерген дұрыс.

Адам өмірінің қызметіне қатысты ақпаратты жинау және өңдеумен айналысатын мониторингтік агенттіктер мен құрылымдардың (әсіресе мемлекеттік емес, тәуелсіз) маңыздылығын былай түсіндіруге болады: әрбір ақпараттың бастапқы негізгі көзі қоршаған өмір болып табылады. Бірақ бүгінгі таңда жер бетіндегі адам санының өсуі мен олардың арасында мәліметпен алмасудың технологиялық мүмкіндіктері жетілдірілуіне байланысты әрбір адам кез келген ақпаратқа қол жеткізе алады. Қарапайым адамның саяси, экономикалық, рухани және т.б. саладағы ақпараттың шексіз деңгейдегі көлемін игеріп түсінуден гөрі, қабылдауы қиын.

Нәтижесінде, кез келген адам мұндай үлкен ақпараттық кеңістікте бағыт таба алмай, сәйкесінше нақты өмірдің дәлме-дәл бейнесін қалыптастыра алмайды.

Осыған байланысты бүгінгі таңда адам қызметіне қатысты ақпарат тасқынымен қоса, осы ақпаратты тұтынушы-адамға жеткізетін, сұрыптайтын және өңдейтін құрылымдардың маңыздылығы да арта түседі. Ақпаратты жеткізу каналдарынан гөрі олар ақпарат «сүзгілері» секілді, өйткені ақпаратты сұрыптау мен тұжырымдау нәтижесінде, шын өмірдің жалған, бұрмалаған бейнесін жасамақ. Ал кез келген саладағы адам қызметінің нәтижелілігі осы салаға қатысты қоршаған ортаның нақты бейнесін нақтылайтын ақпаратқа байланысты болғандықтан, осы орта бейнелерін жасайтын конструкторлар ақпарат тасқынын өз мүддесіне сай бұрмалау нәтижесінде, адамзат қызметінің барлық салаларына айтарлықтай әсер етуі мүмкін [4, 76-77]. Оған қоса, осы салада жұмыс істейтін мемлекеттік ақпараттық және статистикалық агенттіктердің мәліметтері көбінесе қате болып келеді, екінші жағынан, кешіктіріліп шығарылуына байланысты бүгінде халықаралық қоғамдастыққа қазіргі әлемнің «таза» саяси бейнесін ұсына алатын тәуелсіз, дербес зерттеу институттарының маңызы зор. Төменде осындай бірқатар институттар мен жобаларды жан-жақты қарастырамыз.

2. Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар мониторингінің әлемдік жүйелері: әдіснамалық талдау

Саяси тәуекелдер мен дағдарыстарға нәтижелі мониторингі дерекнамалық базаны таңдаудың және оны жүзеге асырудың тиімді аналитикалық әдістемесін талап етеді. Бастапқы мәліметті жинау мен оны қорыту әдісін таңдау мониторингтік зерттеудің сапасын көрсетпек. Жиі қолданылатын ақпарат көздері: статистикалық мәліметтер, БАҚ хабарламалары (Reuters Group plc, ИТАР–ТАСС, BBC және т.с.с.), өлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері, сарапшылардың берген бағасы, алаңдық зерттеу кезінде жиналған мәліметтер.

Сандық немесе сапалық әдістерге негізделетін аналитикалық әдістемені анықтау нақты таңдалған бастапқы деректер түріне байланысты. Осыған орай мониторингтік зерттеудің келесі түрлерін ажыратады:

- құрылымдық (статистикалық) мониторинг;
- сараптамалық бағалаулар негізіндегі мониторинг;
- әлеуметтік сауалнамалар негізіндегі мониторинг;
- алаңдық зерттеу;
- медиа-мониторинг;
- кешенді мониторинг.

2.1. Құрылымдық (статистикалық) мониторинг.

Құрылымдық (статистикалық) мониторинг – статистикалық мәліметтер мен сандық көрсеткіштер негізінде саяси жүйеге немесе оның кіші жүйелеріне (жеке даму үдерістері, функциялары, құрылымдары) бағытталған мониторинг түрі.

Саяси тәуекелдер мен дағдарыстарға құрылымдық (статистикалық) мониторинг белгілі бір зерттеу контекстінде (мәселен, жеке аймақ, қоғам, әлеуметтік немесе саяси институт) дағдарыс үдерістерін анықтауға бағытталған. Тұтас ғаламшар және әлемнің жеке аймақтарындағы саяси үдерістерді зерттеуге арналған нәтижелі аналитикалық әдістемелер мен жүйелер дүниежүзінің жетекші ғылыми-зерттеу ұйымдарында жасалған болатын. Мәселен, осы ұйымдардың қатарында Стокгольм халықаралық бейбітшілікті зерттеу институты (Stockholm International Peace Research Institute – SIPRI) және онымен бірге тығыз қызмет ететін, ішкі және халықаралық шиеленістер мен қақтығыстар бойынша мамандалатын Упсала университетінің шиеленістерді зерттеу жобасы (Upsalla Conflict Data Project – UCDP) бар. Мұндай ғылыми-зерттеу орталықтарында саяси және әлеуметтік-экономикалық қарқынның түрлі сандық көрсеткіштерін жинақтаған ірі ақпараттық базалар бар: Сыртқы саясаттың кросс-ұлттық индикаторлары (Country Indicators for Foreign policy – CIFP), Әлемдік дамудың индикаторлары (World Development Indicators – WDI), Адам әлеуетінің даму индикаторлары (Human Development Index) және т.б. [3, 35-36]

2.1.1. «Ресей аймақтарының әлеуметтік атласы» жобасын 2003 жылдан бастап Форд қорының қолдауымен тәуелсіз Әлеуметтік саясат институты жүзеге асырып келеді. Бағдарламаның басты мақсаты – Ресей аймақтарының қазіргі даму үдерістеріне талдау жасау; әлеуметтік инфрақұрылым, адам капиталының даму деңгейі, әлеуметтік наразылық және өзге де өткір әлеуметтік мәселелерді сандық және сапалық тұрғыдан бағалау. Жобада мынадай мәселелер қарастырылады:

- Ресей аймақтарының әртүрлі әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша сараптамалық және картографиялық мәліметтер;

- Ресей Федерациясы субъектілеріндегі әлеуметтік жағдайдың сараптамалық сипаттамасы;

- аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының интегралды индекстері (Өмір сапасының индексі, Демократия индекстері және т.б.).

Осы индекстердің бірін кеңінен қарастырып өтсек. *Өмір сапасының индексі* – РФ аймақтарындағы өмір сапасын бағалауға арналған әлеуметтік дамудың мониторингі тәрізді. Алғашында ол нарықтық реформалардың әлеуметтік салдарын анықтау үшін құрылған болатын (ресейліктердің өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі, қоғамның жіктелу мәселесі). Өмір сапасының интегралды индексі келесі компоненттердің арифметикалық ортасы ретінде есептеледі:

- жан басына шаққандағы орташа ақша табысының күнкөрістің ең төменгі деңгейіне қатынас индексі – А;

- жан басына шаққандағы орташа ақша табысынан көп табатын халық бөлігінің индексі – В;

- халықты жұмыспен қамту деңгейінің индексі – С;

- күтілетін өмір сүру ұзақтығының индексі – D;

- бала өлімі индексі – E.

Өмір сапасы индексінің қорытынды интегралды көрсеткіші мына формула бойынша есептеледі (әрбір жеке индекстің көрсеткіші 0-ден 1-ге дейінгі диапазонда орналасады):

$$\frac{A + B + C + \frac{D + E}{2}}{4}$$

Бұл – өмір сапасының «дағдарыс» индексі.

Қорыта айтқанда, өмір сапасының индексі Ресей аймақтарындағы дағдарыс потенциалын көрсетуге және ондағы әлеуметтік жағдайға экспресс-диагностика мен талдау жасауға арналған мониторинг жобасы болып келеді [3, 41-42].

2.2. Сараптамалық бағалаулар негізіндегі мониторинг.

Сараптамалық бағалаулар негізіндегі мониторинг – зерттеушінің қызықтыратын тақырыбы бойынша сарапшылардан сұхбат алу әдісі. Бірқатар кәсіби және демографиялық ерекшеліктеріне байланысты

сарапшыларды алдын ала іріктеу қажет: жасы, жынысы, мамандану саласы, т.с.с. Содан соң жиналған сұхбаттар мен олардан алынған мәліметтерді сандық және сапалық әдістер көмегімен сараптамалық өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

Сараптамалық бағалау әдісі мониторингтік зерттеудің өзге әдістерінен бірқатар артықшылықтарымен қатар кейбір кемшіліктері де бар. Елеулі артықшылығы ретінде нақты мамандану саласындағы сарапшының біліктілігі, беделі мен тәжірибесі саналады. Мысалы, белгілі бір шиеленіс аймағында далалық зерттеу жүргізген сарапшының қорытынды есебі одан бұрын өзге мониторинг әдістерімен жасалған зерттеулердің нәтижелерін толықтырып, не болмаса жоққа шығара алады. Шиеленіс және дағдарыс жағдайларын дұрыс ұғыну үшін, әсіресе сол шиеленістерді реттеуге тартылған жоғары мемлекет басшылары, саясаткерлер, дипломаттар мен журналистер, бизнес-элита өкілдерінің пікірлері құнды. Сараптамалық бағалау әдісінің кемшіліктері:

- жоғары лауазымдық дәрежесіне байланысты кейбір сарапшылардан (мысалы, жоғары мемлекет басшыларынан) сұхбат алу тым күрделі, мұндай мүмкіндікке зерттеушілердің шектелген саны ғана (мәселен, беделді қоғам қайраткерлері) ие. Мұндай сарапшылардан сұхбат алу шарасы ұзақ келіссөздер мен кездесудің барлық шарттары алдын ала келісілгеннен кейін жүргізіледі. Мәселен, жоғары бизнес-элита өкілдерінен сұхбат алу үшін олар тым үлкен сыйақы талап етуі мүмкін. Бұл болса, зерттеу жүргізу шығындарын көбейтеді;


- сарапшы пікірінің субъективтілігіне байланысты оның тұжырымдаған нәтижелерінің қате болу мүмкіндігі.

Мұндай кедергілерге ұшырамас үшін, сарапшылардың (таңдаған) белгілі бір тақырып бойынша БАҚ басылымдарында немесе арнайы есептерде айтылған пікірлерін бақылау мониторингі қолданылуы мүмкін.

Сараптамалық бағалау әдісіне негізделетін бірқатар ірі мониторингтік жүйелер белгілі, олардың ішінде халықаралық үкіметтік емес ұйым (Transparency International) жасаған Жемқорлық индексі (Corruption Perception Index), Freedom House ұйымының «Әлемдегі бостандық» (Freedom in the World), «Өтпелі ұлттар» (Nations in Transit) жобалары және Мәскеудегі Карнеги орталығының Демократия индекстері [3, 43-44].

2.2.1. *Жемқорлық индексі* – дүниежүзі мемлекеттеріндегі сыбайлас жемқорлықты анықтауға бағытталған мониторингтік жүйе. Дерекнамалық негіз ретінде халықаралық ұйымдар сарапшыларының пікірлері мен бағалаулары қолданылады. Ақпараттың шынайылығы сауалнамадағы «екіжақты сызба» бойынша жүзеге асады: экономикасы өтпелі сатыдағы мемлекеттердің сарапшылары дамыған мемлекеттердің жемқорлық деңгейін бағаласа, керісінше дамыған мемлекеттердің сарапшылары өтпелі кезеңдегі мемлекеттерді бағалайды. Алынған мәліметтердің индексациясы 0-ден (жемқорлық мүлдем жоқ) 10-ға (жемқорлықтың ең үлкен деңгейі) дейінгі аралықта жүзеге асады. Әрбір нақты мемлекет үшін индекстің интегралды көрсеткіші соңғы үш жыл көрсеткіштерінің арифметикалық ортасы ретінде есептеледі.

Transparency International ұйымының сарапшылары жасаған Жемқорлық индексінің бірқатар артықшылықтарымен қоса, кемшіліктері де бар. Ең басты артықшылығы ретінде индексте қолданылатын сараптамалық бағалаулар әдісі «көлеңкелі» экономикадағы жемқорлық деңгейін анықтай алады. Бұны статистикалық талдау кезінде жүзеге асыру мүмкін емес. Мемлекеттердің халықаралық сахнадағы имиджіне және ондағы саяси басшылықтың жемқорлықпен күресу ұстанымына байланысты сарапшылардың субъективті бағалауын кемшіліктер қатарына жатқызуға болады [3, 44-45]. Төменде Transparency International ұйымының «араб көктемінен» бұрын жасаған Жемқорлық индексі берілген (3-сурет) [5, 33].




3-сурет. 2010 жылғы жемқорлық индексі

2.3. Әлеуметтік сауалнамалар негізіндегі мониторинг.

Әлеуметтік сауалнамалар негізіндегі мониторингтік зерттеуде сараптамалық бағалаулар мониторингі сияқты әдістемені қолданады: әлеуметтанулық сауалнама және сұхбат алу техникасы негізінде. Алайда тереңдетілген сұхбатта қолданылатын сараптамалық бағалаулар әдісіне қарағанда, әлеуметтік сауалнамалар мониторингінің негізін сауалнама мен құрылымдық сұхбат құрайды. Сауалнамаларды мерзімді өткізіп тұруы және респонденттерді іріктеудің үлкен масштабы берілген зерттеу түрі мониторингтік жоба сипатына ие.

Әлемдік деңгейде халықаралық сауалнамалар жүргізетін жетекші ғылыми-зерттеу орталықтары Халықаралық қоғамдық пікір институты (Gallup International Association) мен Euronet халықаралық зерттеу желісі саналады.

2.3.1. Юрий Леваданың сараптамалық орталығы («Левада орталығы») – бұқаралық сауалнамалар (жеке, телефон, пошта арқылы), сарапшылар мен саяси элита өкілдерінен тереңдетілген сұхбат алу, фокус-топтар және өзге де әлеуметтанулық әдістер негізінде алуан түрлі саяси, әлеуметтік, экономикалық, маркетингтік зерттеулермен айналысатын Ресейдегі ең ірі ғылыми-зерттеу орталықтарының бірі [3, 48]. 4-суреттен «Левада орталығының» 2000–2003 жж. ресейліктердің қарсылық акцияларына жасаған инвент-талдауын көруге болады [4, 114].



4-сурет. 2000–2003 ж. ресейліктердің қарсылық акциялары

2.4. Алаңдық зерттеу.

Мониторингтің бұл типін зерттелетін объект жөнінде терең тарихи, мәдени, діни, лингвистикалық, әлеуметтік-экономикалық білімі бар сарапшылар жүзеге асырады. Алаңдық зерттеу зерттеушінің бақыланатын оқиғаға (зерттеу контексіне) қатысу деңгейіне байланысты ажыратылады. Қатысудың ең аз деңгейінде зерттеуші бақыланатын жағдайға, оқиғаға тікелей қатыспай, сырттан бейтарап бақылап отырады. Бақылаудың одан белсенді формасы – сарапшының зерттелетін оқиғаға тікелей қатысуы, араласуы нәтижесінде оқиғалар ағымын іштен бақылауы.

Алаңдық зерттеулер негізіндегі мониторинг – зерттеушіден барлық талаптар мен ережелерді қатаң орындауды талап ететін рәсімделген әдістеме. Бақыланатын объектінің барлық негізгі ерекшеліктері мен қасиеттері жазылған әлеуметтанулық бақылау картасын толтыру осы мониторинг түрінің міндетті шартына жатады.

Әдетте, зерттеушінің зерттелетін салаға ең аз деңгейде жақын болуына байланысты алаңдық зерттеулерді мониторингтің өзге әдістеріне қосымша әдіс ретінде пайдаланады. Оның көмегімен статистикалық талдау, сарапшылық бағалау немесе БАҚ ақпараттарын тексеріп, жоққа шығаруға болады. Алайда адам факторына байланысты шектеулер – уақыт-кеңістікке тәуелділік, жоғары деңгейдегі субъективизм осы әдістің кемшіліктеріне жатады.

2.4.1. *Халықаралық дағдарыс тобы (International Crisis Group)* – тәуекелдер негізінде шиеленістер мен дағдарыстарды болжау мен алдын алумен айналысатын халықаралық тәуелсіз коммерциялық емес ұйым. Оның жүзден астам ғылыми сарапшылары әлемнің төрт бұрышында қызмет етеді. Басты мақсаты – шиеленістер мен дағдарыстарды болжау, оларды барынша тежеу және алдын алу қабілеттерін арттыру.

Дағдарыс тобы алаңдық зерттеу негізінде әлемнің төрт бұрышындағы – Африка, Азия, Еуропа, Латын Америкасы және Таяу Шығыстағы шиеленістер мен дағдарыстарды зерттейді. Шиеленіс аймағындағы зерттеулер негізінде «Арнайы басылымдар» атты есептер құрастырады [3, 50-51].

2.5. Медиа-мониторинг.

Медиа-мониторинг (немесе БАҚ мониторингі) – жаңалық, сараптау ақпараттарын жүйелі бақылау, сұрыптау және оларды сақтау. Негізгі дереккөздері: БАҚ басылымдары (олардың электронды көшірмелері), электронды БАҚ, жаңалықтар таспасы,

ақпараттық агенттіктердің мәліметтері, радио және теледидар бағдарламалары. Медиа-мониторингтің негізгі мақсат-міндеттері:

- болып жатқан негізгі оқиғаларды тіркеу;
- белгілі бір тұлға немесе ұйым атауының кездесу жиілігін қадағалау;
- алдағы оқиғалар анонстарын дайындау;
- мониторинг бойынша есептер дайындау [4, 59].


БАҚ-тан түсетін ақпарат тасқынын жүйелі бақылау зерттеушіге қажет мәтіндерді анықтау және талдауды білдіреді, ал ол үшін нақты сараптамалық әдістеме қажет. Мұндай аналитикалық жабдықтарды сипаттайтын әдістердің бірі – контент-талдау, яғни белгілі бір мәтін көлемінде зерттелетін талдау бірліктерінің кездесу жиілігін анықтау техникасы. Соңғы уақытта VAAL компьютер бағдарламаларының көмегімен БАҚ басылымдарына контент-талдау жүргізу техникасы кеңінен қолданылып келеді. Бұл үлкен көлемдегі мәтіндік ақпаратты өңдеуде өте тиімді. Мұндай компьютерлік контент-талдаудың кемшіліктері: мәліметтердің оңтайландырылуы және ықшамдалуы; дүниежүзі мемлекеттері медиа-құралдарының әрқелкі қамтылуына байланысты зерттеу нәтижелерінің бұрмалануы; қорытынды есепті дайындау үшін осы әдістің жеткіліксіздігі, елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы жөнінде ақпаратпен толықтыру қажеттілігі, т.с.с.

2.5.1. «Бейбітшілік үшін» қорының Тұрақсыз мемлекеттер индексі (*Failed States Index of the Fond for Peace*). «Бейбітшілік үшін» қоры «тұрақсыз мемлекетке» «өз аумағы шеңберінде бақылау мен легитимді күш қолдану мүмкіндігінен айырылған, қоғамды саяси басқара алмайтын» деген түсінік береді. Тұрақсыз мемлекеттер индексі «Шиеленістерді жүйелі бағалау шкаласы» (*Conflict Assessment System Tool – CAST*) әдістемесі негізінде құралады: мәліметтер базасынан алдын ала 1:10 іріктеу қадамымен алынған БАҚ хабарламаларының негізгі мәлімдемелері мемлекеттің тұрақсыздығын анықтайтын 12 индикатор бойынша жіктеліп, ауыспалыларға 1-ден 10-ға дейінгі мәндер беріледі. Бұл индикаторлар 3 топқа бөлінеді: әлеуметтік (1–4), экономикалық (5–6), саяси және әскери (7–12). Одан кейін ақпаратты сарапшылар өңдейді де, олардың сараптамалық есептері негізінде Индекс құралады [3, 53–54].

2012 жылы БАҚ мониторингі негізінде жасалған Тұрақсыз мемлекеттер индексі 177 мемлекетті (Оңтүстік Суданды қоспағанда) қамтыған. Ең «тұрақсыз мемлекетке» Сомали (1-орын, көрсеткіші – 114,9) орнықса, ең «тұрақты мемлекет» ретінде Финляндия (177-

орын, 20,0) танылыпты. ТМД мемлекеттері ішінде ең төменгі көрсеткішке Украина (113-орын, 67,2), ал жоғары көрсеткішке Өзбекстан (39-орын, 87,5) тұрақтаған. Ресей 83-орында (77,1) болса, Қазақстан 70,9 көрсеткішімен 107-орында тұр.

5-суретте 2011 жылы әлемдік медиа-құралдарының «Шиеленістерді жүйелі бағалау шкаласы» негізінде жасалған бірқатар Араб мемлекеттеріндегі қанды «араб көктемі» оқиғаларын сипаттау жиілігі көрсетілген [6].



5-сурет. 2011 жылғы бірқатар Араб елдеріндегі «шиеленістерді жүйелі бағалау шкаласы»

Қорыта айтқанда, Тұрақсыз мемлекеттер индексі сараптау және болжау сипатынан гөрі бағалау сипатындағы мониторингтік жүйе екендігін атап кеткен жөн. Зерттеу әдіснамасы «тұрақты» және «тұрақсыз мемлекет» жөніндегі идеологиялық түсінікке негізделеді, бұл сәйкесінше берілген индекстің ең басты кемшілігі болып табылады.

2.6. Кешенді мониторинг.

Алдын ала анықтау және алдын ала жауап беру форумының (FEWER) мәліметтері бойынша мониторингтің түрлі әдістерін қосарлап қолдану ең тиімді зерттеулердің біріне жатады. Әлемнің алдыңғы қатарлы ғылыми-зерттеу ұйымдары, әдетте, статистикалық және БАҚ мониторингі алаңдық бақылаулармен толықтырылған кешенді әдіснамаларды қолданады.

Кешенді мониторингке қарапайым мысал ретінде 1990 жылдан бастап Ресей әлеуметтану ғылымында қолданылып жүрген әлеуметтік диагностиканы айтуға болады. Әлеуметтік диагностика сандық

және сапалық әдістерді қатар қолданып, мынадай аспектілерді ашуға талпынды: қазіргі әлеуметтік мәселелерді дер кезінде анықтау үшін әлеуметтік және рухани-өнегелік жағдайды терең талдау, әлеуметтік үрдістердің себеп-салдарлық байланыстарын табу.

Әлемдік деңгейдегі кешенді мониторинг әдіснамасын қолданатын ірі ғылыми-зерттеу орталықтары Швейцария Бейбітшілік қоры (Swiss Peace Foundation), Шиеленістерді алдын ала анықтау жүйесі (Früh-Analyse von Spannungen und. Tatsachenermittlung – FAST) және Ресей Ғылым академиясы Африка институты Өркениеттік және аймақтық зерттеулер орталығының Жүйелі тәуекелдердің мониторингтік тобы болып табылады.

2.6.1. Шиеленістерді алдын ала анықтау жүйесі («FAST») – алаңдық зерттеулер, сараптамалық бағалау, сандық және сапалық әдістерді біріктіріп қолдану арқылы шиеленіс пен дағдарыс үдерістерін зерттейтін тәуелсіз мониторингтік жоба. 1998 жылы Швейцария Бейбітшілік қоры құрылды. Ол күнделікті мониторинг нәтижесінде шиеленіс оқиғаларының даму қарқынын көрсететін сандық көрсеткіштерді жинауға және оларды Гарвард университетінің ғалымдары әзірлеген «Ивент-талдау үшін біріктірілген мәліметтер» (Integrated Data for Events Analysis – IDEA) бағдарлама жабдығы арқылы компьютерлік өңдеуге негізделген. Ақпаратты шиеленіс аймақтарында жұмыс істейтін арнайы сарапшылар тобы жинап, күн сайын орталықтағы сарапшыларға жеткізеді. Нәтижесінде, «FAST» мониторингтік жобасы алаңдық зерттеулер, мәтіндік ақпараттың компьютерлік өңделуі және сандық әдістерді қосарлап қолдану арқылы шиеленіс және дағдарыс үдерістері жөнінде мейлінше толық мағлұмат береді.

«FAST» құжаттарына сәйкес «ұйым қызметінің басты принципі саяси тәуелсіздік саналады: алдын ала анықтау және жауап беру сценарийлері саяси мақсаттарды көздемейді және қандай болмасын саяси бағытты қолдау үшін қолданылмайды». Жалпы айтқанда, «FAST» мониторингтік жобасы – шиеленістер мен дағдарыстарды анықтау мен алдын алудың әлемдегі ең беделді мониторингтік зерттеулердің бірі болып табылады [3, 54-56].

Біз мемлекеттік басқару шеңберіндегі саяси тәуекелдер мен дағдарыстар мониторингінің маңыздылығын ажыратып көрсетуге тырыстық. Оның басты мақсаты – мемлекет таңдаған даму бағытындағы қауіп-қатерлер мен апаттардан қорғану, олардың алдын алу және болжау. Ол үшін саяси мониторинг қажетті ақпарат тасқыны жиналуын және шоғырлануын қамтамасыз етуі қажет.

Бұл мемлекеттің шиеленістер мен дағдарыстардың пайда болу үдерістерін бақылау қабілеттілігін арттыратыны сөзсіз. Ал бұл өз кезегінде тұтастай мемлекеттік басқару ісін жетілдіріп, табиғи және техногендік апаттар, әлеуметтік қайшылықтар, саяси тәуекелдер мен дағдарыстар алдындағы тұрақтылықты күшейтеді.

Мониторингтік зерттеулермен айналысатын тәуелсіз ғылыми-зерттеу орталықтарының маңызы өте зор, өйткені бұл ақпарат шынайылығын салыстырмалы тексеруге мүмкіндік береді. Осы саладағы отандық мемлекеттік органдар мен тәуелсіз ұйымдар зерттеудің барлық әдістерін қолданып, мониторингті кешенді және жүйелі жүргізетін батыстық үлгідегі ғылыми орталықтар сияқты құрылғаны жөн. Осыған орай ресейлік зерттеуші Р.В. Панин атап өткендей, мұндай ғылыми орталықтар кеңес беру қызметінен гөрі технологиялық сипатта болуы керек. Яғни олар барлық заманауи аналитикалық жабдықтар мен технологиялардың көмегімен ақпаратты жинап, сақтайды және сараптамалық өңделгеннен кейін саяси шешім қабылдау үшін өткізеді [4, 164]. Берілген тұжырым қазақстандық мониторингтік жүйелерді құру ісінде де өте өзекті.

Қазіргі саяси үдеріс дамудың осындай талаптарына жауап беруден бас тартуының өзі тәуекел факторына жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Heidelberg Institut für Internationale Konfliktforschung// www.hiik.de
2. Куконков П.И., Степанов Е.И. Моделирование, мониторинг и менеджмент региональных напряжений и конфликтов в современной России: проблемы и перспективы // Россия реформирующаяся: Ежегодник – 2003 / Институт социологии РАН; Малинецкий Г.Г., Подлазов А.В., Кузнецов И.В. Мониторинг и прогноз в системе государственного управления // Государственное управление в XXI веке и инновации / – Москва, 2006; В.А. Тишков. Опыт этнологического мониторинга. – Москва: ИЭА РАН, 2004.
3. Системный мониторинг глобальных и региональных рисков /Отв. ред. Д.А.Халтурина, А.В. Коротаев, Ю.В. Зинькина. – Москва: Издательство ЛКИ, 2010 г. – С.34.
4. Панин Р.В. «Управление политическими рисками и кризисами: модели и технологий»: Дисс. канд. полит. наук: 23.00.02. – Саратов, 2006. – С.78.
5. Системный мониторинг глобальных и региональных рисков: Арабская весна 2011 года / Отв.ред. А.В. Коротаев, Ю.В. Зинькина, А.С. Ходунов. – Москва: Издательство ЛКИ, 2012. – С.33.
6. The Fund for Peace// www.fundforpeace.org.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ жұмысын реформалау бағытындағы ұсыныстары (қажеттігі, маңызы)

Ғани ҚАРАСАЕВ,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының
бас ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының докторы

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатын айқындап, оны еліміздің мүддесіне сай жүзеге асыру жолындағы қызметі өлшеусіз. Сонымен бірге Мемлекет басшысының дүниежүзі елдері арасында орын алған даулы, жанжалды мәселелерді өзара келісім, түсіністік арқылы шешу, ядролық қарудан толығымен және біржолата бас тарту, халықаралық лаңкестікке қарсы бірлескен күресті ұйымдастыру, әртүрлі діндер арасындағы ұғыныстық пен сыйластықты жүзеге асыру және т.б. жаһандық тұрғыдағы келелі бастамалары адамзат қауымдастығынан барынша қызу қолдау тауып келе жатқандығы белгілі.

Осылардың қатарында Н.Ә. Назарбаевтың әлем елдерінің түгелге жуығы мүше болып табылатын, мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі мен адамзат дамуының қауіпсіз болашағын іске асыру мақсатында құрылып, жұмыс атқарып отырған БҰҰ-ның қабылдаған шешімдерінің тиімділігін арттыруға және оның қызметін бүгінгі күннің сұранысына сай үнемі жаңартып отыруға арналған ұсыныстары аса маңызға ие.

ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің әлемдік деңгейдегі жаңашылдық идеяларын тәуелсіз Қазақстанның осы ұйымға мүше болып енген күнінен бастап жариялай бастағандығы белгілі. Мәселен, сол кезеңде ұйымның мінберінен бірнеше рет сөз сөйлеп, мемлекетіміздің халықаралық саясаттағы ұстанып отырған бағытын жариялады. Дүниежүзі мемлекеттерінің осы халықаралық қауымдастық құрылған кезінен бастап әлемдік қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау жолында атқарып келе жатқан қызметіне баға берді, ұйымның ықпалын арттырудағы ойларын ортаға салды. XX ғасырдың 90-жылдарының басындағы шетелдік ресми мұрағат деректерінде баяндалғанындай: «Қазақстан БҰҰ реформалау мәселесінде неғұрлым белсенді саясат ұстап келеді» [1].

90-жылдардың басындағы жаһандық халықаралық ахуалды бейбітшілік талабына сай реттеу бойынша БҰҰ-ның атқаратын нақты шараларын айқындауда егемен еліміздің басшысы Н.Ә. Назарбаевтың: «Біз бүгін барлығымызды XX ғасырдың екінші жартысындағы мүмкін болған әлемдік дәрежедегі апаттардың алдын алудағы БҰҰ-ның жемісті, жігерлі қимылдарына ризашылық білдіруіміз керек.

Мұның өзі ...жаңартылған БҰҰ-ның негізгі бағыттарын айқындауға күш салуымызға мүмкіндік береді. ...Ал мен БҰҰ-ның міндеті мен мақсаты барлығымызға белгілі деп ойлаймын. Олар – Бейбітшілік, Тұрақтылық, Даму, Адамның қауіпсіздігі, Халықтар мен Ұлттардың біртұтас жанұясын негіздеудегі жоғары халықаралық ұйымдарды нақты демократияландыру болып табылады. ...Ол үшін ...барлық аймақтардағы мемлекеттердің осы ұйымдағы пікірлерін есепке алынуына назар аудару қажет» [2] деген мәлімдемесі Қазақстанның осы халықаралық ұйымның жұмысына көзқарасын көрсетеді.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында (1992 жылдың 5 қазаны) сөйлеген сөзінде: «Болашақтың талабы біздің бірлескен қимылдарымызды жаңа тұрғыда жүйелеуді және ұйымдастыруды қажет етеді. Осылармен бірге жұмыс бірнеше деңгейде бүкіл қауымдастықта, өз құрлығында және өз елінің ішінде жүруі керек деп есептейміз. Ең алдымен, қазіргі халықаралық ынтымақтастық жағдайында ...бірінші кезекте, 90-жылдардың басында қалыптасқан қазіргі халықаралық жағдай талаптарына сай Біріккен Ұлттар Ұйымының әлемдегі жаңа орнын айқындау қажет болды. БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау мен нығайтуға арналған қаржысын арттыру қажет. Қазақстан барлық үкіметтерге өздерінің еркін ұмтылыстары ретінде «бір қосу бір» талабында БҰҰ-ның бейбітшілікті қамтамасыз ету бағытындағы қызметіне арналған қорды негіздеуге ұсыныс жа-

сайды. Яғни әр мемлекет өзінің әскери бюджетінің бір пайызын беруді бастай отырып, жыл сайын оны тағы да бір пайызға өсіруіне болады. Міне, осылай 10 жылдан кейін бұл бейбітшілікке арналған қаржы он есеге артады. Нәтижесінде, аталған бастама әлемдік қауымдастықтың әр мүшесінің ұлттық қауіпсіздігін ешқандай да кемітпей, керісінше нығайтады» деген ұсыныс жасады [3, 105].

Н.Ә. Назарбаев осы баяндамасында «қалыптасқан халықаралық істер жүйесі реформалауды қажет етеді, сондықтан да бұл жұмысты бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдаудағы басты құрылым – Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалаудан бастау керек. Қазақстанның ұсынысы бойынша Қауіпсіздік Кеңесі Азия, Африка және Латын Америкасы мемлекеттері есебінен кеңейтілуі қажет. Осылармен қатар БҰҰ Бас Ассамблеясының қазіргі заманның ең маңызды мәселелерін шешудегі орнын күшейту керек. Мұның барлығы әлемнің барша елдерінің мүддесі үшін халықаралық қатынастарды демократияландыруға жағдай жасар еді» [3, 108], – дей келе, бейбітшілік пен тұрақтылықтың тірегіне айналған ұйым мәселелерінің толығынан нақты шешілуі мен оның әлемдік тұрғыда маңыз алуына дүниежүзі мемлекеттері жетекшілерінің назарын аударды.

Міне осылай, Қазақстан дипломаттарының қызметтік қоржынында Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ БА-ның 47-сессиясында ұсынған бейбітшілікті іске асыруға арналған қор құру туралы (әр мемлекет өзінің жыл сайынғы қорғанысқа бөлінетін шығындарын бір пайызға қысқарта отырып, қорға қаржы бөлетіндігі туралы) ұсынысы бар еді [4].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев бүгінгі күннің шындығына айналған, әлемдегі құлашын кеңге жая түскен халықаралық лаңкестік әрекеттер, жекелеген елдердің ядролық, химиялық және т.б. жаппай қырып жоятын күші бар қаруларға ие болуға деген барынша ұмтылыстарын, аймақтардағы соңы қарулы қақтығыстар, қирату мен тонаушылық, жазықсыз адамдар шығындарына ұласып отырған саяси, ұлтаралық қатынас және діни сенімдер арасындағы шиеленістердің күшеюіне жол бермеу, орын алған жағдайларды бітімгершілік талабына сай реттеудегі Біріккен Ұлттар Ұйымына жүктелетін жауапкершілікті арттыруда, осындай жағдайда оның қызметін айқындап, тиімділігін ілгерілетуде өз ұсыныстарын жүйелі түрде жариялап келеді. Мысалы, осындай мақсатты іске асыру жолында ҚР «БҰҰ-ны реформалау, оның уақыт талабына сай бейімделуін» қалайды. БҰҰ БА-ның 50-сессиясында баяндама жасаған Н.Ә. Назарбаев бірыңғай әлемнің дағдарысқа ұшырауына орай «жаңа ғаламдық теңгермешілік және

күштердің жаңа орталықтарының негізделуі» барысындағы геосаяси және экономикалық шындықты ескере отырып, жаңартылған БҰҰ-ның нақты тұжырымды түрін негіздеуге күш салуға ұсыныс жасады. Қазақстан көшбасшысы БҰҰ БА-ның «БҰҰ-ны реформалау – ХХІ ғасырға лайықты жауап» деген арнайы сессиясын өткізуге ұсыныс жасады.

Қазақстанның көзқарасы Қауіпсіздік Кеңесінің рөлін арттыру және барлық аймақтардың мүдделерін ескеретін сандық құрамын көбейтуден тұрады. Алматы Германия мен Жапонияның Қауіпсіздік кеңесіне кіру ұмтылыстарын қолдайды. Сонымен бірге ол Кеңесті мөлшерсіз кеңейтуге қарсы екендігіне де назар аударды [5].

Ал келесі БҰҰ БА-ның 52-сессиясында (1997 ж., қыркүйек) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы сессияға қатысушылардың назарын ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2000 жылға дейін БҰҰ-ны жан-жақты реформалауға арналған арнайы сессиясын ашуға аударды [6].

«2005 жылы 5 шілдеде Астана қаласында өткен ШЫҰ мемлекеттері жетекшілерінің оныншы кездесуінде Н.Ә. Назарбаев БҰҰ-ның әлем мемлекеттері арасындағы беделі туралы мәселені тағы да қойды. Қазақстан Республикасы Президентінің түсінігі бойынша, БҰҰ-ны реформалау «бейбітшілікті нығайтуға бағытталуы тиіс. БҰҰ Бас Ассамблеясын реформалаудағы келіспеушіліктер мемлекеттердің оқшаулануына, онсыз да тұтастықтары толық бекімеген халықаралық қауымдастықтың бірлестігін бұзуға жол бермеуі керек» [3, 108].

2015 жылдың 25 қыркүйегіндегі БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-сессиясында жасаған баяндамасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев дүниежүзінің барша мемлекеттері мен халықтарының алдында осы беделді халықаралық ұйымның 70 жылда атқарған қызметіне баға беріп, алдағы қызметін саралады. ХХІ ғасырдағы адамзат үшін тұрақты бейбітшілікті қамтамасыз етудегі осы ұйым іске асыратын бірінші кезектегі шараларды алға тартты. Осындай жауапты қызметті қамтамасыз етудегі БҰҰ-ның жұмысын бүгінгі күн талабына қоюдың жолдарын көрсетті. Аталған мақсат талабынан шығу жолында оны реформалау қажеттігіне тағы да тоқтады. Көрсетілген бағытта оның «...Біріккен Ұлттар Ұйымының жүз жылдығына Жаһандық Стратегиялық Бастама – 2045 жоспарын әзірлеуді ұсынамын.

Оның мәні – барлық ұлттардың әлемдік инфрақұрылымға, ресурстарға және нарықтарға қол жеткізуінің әділ шарттары негізінде әлемдік дамудың жаңа трендін қалыптастыру, сондай-ақ адамзаттың дамуы үшін жалпыға ортақ жауапкершілікті орнықтыру.

Бірінші. Мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік кеңесін Жаһандық даму кеңесіне айналдыруды ұсынамын. Оның құрамына Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы сайлаған мүше мемлекеттермен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемелерінің барлық басшылары, соның ішінде Халықаралық валюта қорының да басшылары ене алар еді.

Кеңеске Жаһандық экономикалық реттеушінің міндеттері жүктелуге тиіс. Кеңес жүзеге асыратын бүкіләлемдік жобалар жаһандық экономикалық өсім нүктелеріне айнала алады.

Бұл жаһандық дағдарыстар қатерін айтарлықтай азайтуға, сондай-ақ мемлекеттердің ұлттық экономика және әлеуметтік саясат мәселелеріндегі жауапкершілігін күшейтуге септігін тигізеді.

Екінші. Хиросима мен Нагасакиді атом қаруымен бомбалаудан соң 70 жыл өткенде ядролық қарусыз әлем қалыптастыру ісін адамзаттың ХХІ ғасырдағы басты мақсаты етуге шақырамын.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу жөніндегі Жалпыға ортақ декларациясын қабылдауды ұсынамын. Қазақстан – ядролық полигонды жапқан және ауқымы жағынан төртінші ядролық қару-жарақтан өз еркімен бас тартқан, сондай-ақ Орталық Азияда ядросыз аймақ құрған тарихтағы тұңғыш ел. Ядролық қарусыз аймақты әлемнің өзге өңірлерінде, соның ішінде Таяу Шығыста да құрған жөн. Ядролық державалар ядролық қаруға иелік етуден бас тартқан барлық елдерге күш қолданбауға кепілдік беруге тиіс...

Төртінші. Терроризм мен діни экстремизмнің қаупі жаһандық ауқымға жайылып барады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы тұра алатын бірыңғай әлемдік желі құруды ұсынамын. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының терроризммен күрес жөніндегі мәселенің бәрін қамтитын құжатын әзірлеп, қабылдау қажет.

Азияның дамып келе жатқан экономикаларының қуатты серпіні жаһандық үдерістердің жаңа сипатын танытып отыр. Осы үдерісті ескере отырып, мемлекеттердің өзара қарым-қатынасына жаңа серпін беру үшін бұл тарихи мүмкіндікті пайдаланудың маңызы зор. Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерін Азияға көшіру мәселесін ойластыруды ұсынамын. Қазақстанның бастамаларын ұлттар қауымдастығы қабылдайды деп үміттенемін» [6] деген сөздері Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйелеп, реттеуші болып отырған әлем мемлекеттерінің ХХІ ғасырдағы барша адамзаттың игілігі жолындағы бірлескен істерінің

бағыттарын айшықтады. БҰҰ-ның сараланған жауапты міндеттерді қамтамасыз етудегі жұмыс тәсілін белгілеп, тиімділігін арттырудың жолдарын көрсетті

Яғни осындай келелі бастамалары мен ұсыныстары арқылы Н.Ә.Назарбаев өзін тек бір мемлекеттің жетекшісі ғана емес, ХХІ ғасырдағы жер шарының барша халықтарының шиеленіссіз, соғыссыз, бейбіт жолмен дамуын айқындаушы дүниежүзілік тұрғыдағы қайраткер екендігін тағы да паш етті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. РФ ССМ. 897-қор, 1-тір., 1-бума, 3-іс, 19-п.
2. ҚР Президентінің мұрағаты. 5-Н-қор, 1-тір., 5048-іс, 10-п.
3. Внешнеполитические инициативы Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева. Историко-документальное исследование /Нурымбетова Г., Кудайбергенов Р. Вступительные статьи: Селиверстов С.В. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – 384 б.
4. РФ ССМ. 897-қор, 3-тір., 10-бума, 21-іс, 139-п.
5. РФ ССМ. 897-қор, 3-тір., 10-бума, 21-іс, 143-пп.
6. РФ ССМ. 897-қор, 4-тір., 14-бума, 12-іс, 95-п.
7. 25 қыркүйек 2015 жыл. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-сессиясының жалпы дебатында сөйлеген сөзі.

«Ұлы моғол империясы» тұсындағы мәдени тоғысу

Қарлығаш НҰРМҰХАМЕТОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық
университетінің аға оқытушысы,
философия ғылымдарының кандидаты

Мәдениеттің қай түрі болмасын, мәдени сұхбаттастық деңгейімен өлшенеді. Мәдени сұхбаттастық ашық құндылықтар жүйесі аймағында қарастырылады. М. Бахтиннің сөзімен айтқанда, бөтен мәдениет өзін толығырақ әрі тереңірек тек басқа мәдениет арқылы ашады, яғни олардың арасында сұхбат орын алады: сұрақтар қойылып, соларға жауап ізделеді, сөйтіп, бөтен мәдениет бізге жауап бере отырып, өзінің қыр-сырын жарыққа шығарады [1, 354].

Ұлы моғолдар империясы мәдениетін көптеген зерттеушілер мен тарихшылар «Ренессанс дәуірі» деп атайды. Көптеген жылдар бойы Үндістанды басқарған Джавахарлал Неру: «Бабырдың билігі елді мәдени гүлденуге әкелді» [2, 119] деген пікір айтады. Әдебиетші Ө. Қоңыратбаев Ұлы моғолдар тұсын Үнді ренессансының шарықтаған кезеңіне жатқызады: «Үнді Ренессансы – Орта Азия мен Иран мәдениетінің әсерімен өрістеді деген үндінің біртуар ұлы Дж. Неру пікірі дұрыс сияқты. Бабырдың ұрпақтарының барлығы Үнді елінің мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан, тікелей немересі Ақбардың да еңбегі ұшан-теңіз. Кезінде үнді-мұсылман мәдениетінің араласуынан туған сәулет, сурет өнері, халық театры, ән-күй, би дәстүрлері шыңдап өркендеген тұс» [3, 21]. Бабыр өз дәуірінде суретшілер академиясын, ақындар мектебін құра білген, дүниенің түкпір-түкпірінен (Рим, Иран, Ауған, Үнді, Түркі елдерінен) өнер шеберлерін жиып, сәулет саласын өте биік деңгейге көтерген.

Ренессанс мәселесін Бабырдың тарих философиясына қатысты қозғап отырғанымыздың бірнеше себептері бар. Нақты тарихи де-

ректөр мен қазақ халқының өзіндік санасын зерттеу үнділік арнаның өркениеттілік жағынан алғанда да, рухани қазыналар тұрғысынан да маңызды болғанын айғақтайды. Бүкіл түркі-үнді мәдени ауысулар тарихын тізбектеп келтірмей-ақ, Ұлы моғолдар мәдениетіне қатысты кейбір мәдени үрдістерді еске алайық. Ұлы моғолдар империясындағы мәдени гүлденудің бір негізінде үнді халықтарына тән ежелден келе жатқан күш көрсетпеу ұстанымы мен мәдени сұхбатқа деген ашықтық болды. «...Ізгілік қатынас орнату қажет еді. Сол себепті, бұл өңірдегі халықтың отарлы малына ешкімнің суық қол жасауына, тіпті бұлардың сабақты жібін алуға, ала жібін аттауға ешкімнің қақысы жоқ деген жарлық бердім» [4, 59]. Бабыр отарлаған елдің мәдениетін жойып жібермей, жаулаған елінің салт-жоралғы, рәсімдерін еш өзгеріссіз сол қалпында қалдырған. Сонымен қатар жаулап алған жерлерінің бұрынғы билеушісін өлтіргенмен, артында қалған ұрпақтарына тиіспей, «асылдың тұяғы» деп құрмет көрсетіп отырған. Үнді-түркі мәдени ауысулардың мысалына Үндістанда ұзақ ғасырлар бойы сақталып келген ғимараттар куә, ал оның бастамасын кезінде Бабыр жүзеге асырған.

Өнер әрдайым қоғаммен тығыз байланысты. Алғашқы қауымдық құрылыста адам лашық жасап безендіруге тырысса, орта ғасырларда діни идеология салтанатты сарайлар мен шіркеулер салуды қажет етті. Бұл дегеніміз сәулет туындыларында әлеуметтік мағына бар екенін көрсетеді. Ұлы моғолдар дәуірінде сәулет өнері кемелденіп, жаңа сатыға көтерілді. Түркілердің келуімен бір-бірімен тоғысып, біте қайнасқан жаңа сәулеттік стиль қалыптасты. Өнердің тамаша ескерткіштері болып табылатын сәулетті сарайлар мен ғимараттардан сол дәуірде өмір сүрген халықтың дүниетанымын көруге болады. Мешіттер, салтанатты сарайлар, кесенелер, римдік вазелика, термездік, серефидтік оюлар мен арабескалар, грек-рим аркалары, үнділік безендірулер – осылардың барлығы көз тартарлық мәдени сұхбаттастықпен өрілгенін тамашалауға болады.

«Бабырнама» еңбегінен байқағанымыздай, көркем мешіттер мен сарайлар әсемдік үшін тұрғызылмаған. Бұл өнер шыңы – Бабырдың Аллаға деген сүйіспеншілігінен туындаған дүниелер. Джавахарлал Неру де: «Бабыр – қатігез Әмір Темір ұрпағы, кезінде лаң атанған арғы атасынан бойына тек жақсы қасиеттерін алған» [2, 113], – дейді. Расында да, арғы атасы болып табылатын Әмір Темір киелі Түркістан жеріне салдырған күмбездері әлі күнге дейін адамзат баласының

таңдайын қактырады. Әмір Темірдің Самарқанда көк мешіттер мен көк күмбездер тұрғызғаны туралы «Бабырнама» еңбегінде біршама мәліметтер келтірілген. «Самарқанды Ескендір салдырған, моғолдар мен түрік халықтары Семізкент деп атайды. Темір бек Самарқанды астана жасады. Оған дейін ешқандай ұлы қолбасшы Самарқанды астана деп жарияламаған... Самарқан ғимаратында Темір бек төрт құлақты үлкен құрылыс көтерді, оны «Көксарай» деп атады. Ол өте зәулім ғимарат. Темір бек тұрғызған зәулім ғимараттардың бірі – Көксарай Самарқан қаласында болатын» [4, 86]. Жауынгер, қанышер қолбасшының өзі де, өзінен кейінгі ұрпақтарының да әдемілікке, сұлулыққа жаны құмар болуы тектілік қасиет екеніне көз жеткіземіз. Ол салдырған мешіттердің ерекшелігі түркілік стильдің басымырақ болуы. Ішкі-сыртқы безендірілуінде көк түсті молынан пайдалану, сонымен бірге термездік арабеска, ою-өрнектің көбірек қолданылуы мешіттің сұлулығын арттыра түскендей. Мұсылмандар сәулет өнерінде, киімде қою жасыл түстерді көбірек қолданады. Өйткені жасыл түс көктемнің, өсіп-өнудің, тіршіліктің белгісі болып саналады. Түркілердің жерінде салынған көптеген мешіттер көк күмбезді, ішіндегі оюлар мен арабескалардың барлығы көгілдір түсті, олар үшін көк түс – әрдайым жоғарғы орында. Оның себебі: түркілер ислам дінін қабылдамай тұрғанда көк түс олардың басты рәмізі болып саналатын. Түркілер жаратушыны көкте деп түсінген. Аспан, сайып келгенде, көгілдір, кең, түпсіз, ал бұл бейбітшілік, тыныштық мағынасын береді. Қазақ мәдениетінде рәміздік белгінің қызметін зерттеудің аса үлкен мәдени маңызы бар. Рәмізден өткеннен жиналған мәдени ақпараттарды алуға болады.

Түркілік рәміздерді ту еткен дәстүр Бабыр салдырған күмбездерден, мешіттерден көрініс тапты. Бабырдың салдырған көк күмбезді мешіттері ханака деп аталады, оның ішінде 2000-ға жуық адам сыйына алады. Мешіт, негізінен, жаратушының үйі болғандықтан, хан мен қара, қарапайым халық пен сарбаздар, ғалымдар мен жазушылар мінәжат ететін орын, бұл жерде әлеуметтік мәртебесі әртүрлі болғанымен де, барлығы тең, барлығы бір жаратушының құлдары болып табылады. Мешіт тек мінәжат ететін орын ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік институттың да рөлін атқарған. Мешіттердің терезелері мен есіктері міндетті түрде арка стилінде болып келеді. Көне гректер мен римдіктердің түсінігі бойынша, аркадан өткенде жамандықтың барлығы артта қалады, адамды жаңа максаттар

мен міндеттер күтеді, аркадан өткен әрбір адам жақсылықтар мен қуанышқа кенеледі. Мешіттер мен күмбездерді әрлеуде құран аяттарынан үзінділер келтірген. Құран аяттарын түрлі үлгімен жазуда атақты хатат мамандар жұмыс жасаған. Ғибадат ететін орындарын жами, забия және ханака деп саралауға болады. «Жами деп күмбезді мешіттерді айтамыз. Онда шариғат үкімі бойынша жұма, айт намаздары оқылады. Забия – арабтың зауия сөзінің бұрмаланған түрі. Әдетте, Зауия деп мешіттерде қасиетті Құранды оқып үйренуге арналған жеке бөлмелер салынған, кейін уағыз айтатын, діни насихат жүргізетін, шәкірттерге дәріс беретін сопы үйлері мен мекенжайлары аталған. Ханака деп тұрақты үйлері жоқ сопылар тұратын, зікір салатын, діни рәсімдер атқаратын мекенжайлар, тұрақтар аталған» [5, 21]. Ханака түрі біздің Қазақстанның оңтүстік өңірінде өте көп салынған. Бұл мешіттердің бір жағында әулиелер мен діни абыздардың мәйіті жерленген, ал бір жақ қабырғасы мінажат ететін орын тұрғысында салынған. Мысал ретінде Баба түкті шашты Әзиз, Арыстан баб, Оқшы ата, Қожа Ахмет Йасауи мешіттері екі камералы: бір жағы бейіт болса, екінші жағында ғибадат орны бар.

Бабырдың келуімен Кабул мен Үндістан жерінде бірнеше әдемі мешіттер бой көтереді, хатат даярлайтын мектептер ашылады. Хатат мамандығын алуға үлкенді-кішілі қалалардан ағылып, шәкірттер келіп жатады екен. Бабыр көптеген құрылыстардың ішінен тазалық пен денсаулыққа қолайлы бірнеше монша салдырғаны туралы да жазады. «Үндістанда үш нәрседен: 1) аптап ыстықтан; 2) қатты желден; 3) шаңнан азап шектік. Осы үшеуінен де монша құтқарады, аптап ыстық та, азынаған жел де моншада аңғарылмайды, ал ыстық күндері оның іші қоңыр салқын, әуелі адам суықтан қалшылдап та кетеді. Моншаның ішінде ыстық су тоспасы болды. Оның іші түгелдей Бианадан алдырылған таспен қаланды, қабырғасының етегі ақ таспен, қалған жері, асты-үсті түгелдей қызыл таспен өрілді» [4, 346]. Шығыс моншасы өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Орта Азия, Үндістан, Кабулда салынған моншалар бір-бірімен қатты ұқсас. Үндістанда салынған моншалар Самарқан моншасының жүйесіне сүйеніп салынған. Аградағы көне моншаға тоқталсақ, бөлмелерінің еденіне түрлі түсті шаршы плиткалар төселген, ал жуынатын ванна бөлмесінің керегелері әр түсті глазурлы кірпіш плиткармен көмкеріліп, сегіз бұрышты өрнектермен айшықталған. Өрнектер қара сызықтармен жиектелініп, қызыл фонға салынған. Ал ваннаның

өзі су өткізбейтін сылақпен сыланып, кірпіштермен өрілген. Моншаны жылытатын бу, су құбырлары еденнің асты арқылы өтіп, жуынатын бөлмелердің еденін белгілі бір жылылықта ұстап тұрған. Серефидтік, термездік ою-өрнектер көз тартарлық. Түрлі мозайкалармен безендірілген иран, түркілік, үнділік ұлттық өнер түрі өздеріне ғана тән ерекшелік ендігі жерде асқан үйлесімділікпен бірін-бірі толықтырып тұрғандай болады, ою-өрнек, мозайка жасау, кафель, бағалы таспен безендіру бұлардың барлығы бейнелі өнермен қатар дамыды. Бабыр кезеңінде парсылық, Орта Азия ықпалы мен моғол миниатюра өнер мектебі қалыптасты. Шығыста суретшілерді даярлайтын арнайы мектептер болған. Миниатюраларда әрбір салынған суреттердің етегінде құраннан сүрелер келтірілген. Шығыс миниатюра туындыларын дүниеге әкелген дәуірдің тарихы өте тереңде жатыр, жалпы алғанда төрт дәуірді қамтиды екен: Темір әулетінің Хорасан, Мауераннахр (гераттық, самарқандық, тебриздік, шираздық); Сефидтер дәуірі (Иран стилінде шираздық, мешхедтік, исфахандық); Шайбанидтер дәуірі Орта Азия (бұхарлық және самарқандық); Бабыр дәуірі – үнді (агралық және делилік). Үнділік миниатюра мектебі XVI–XVII ғғ. қамтиды, бұл кезеңдегі миниатюралар туындыларын «Ұлы моғолдар миниатюрасы» деп атау қалыптасқан. Өнер әлемінің жанашыры Захир ад-дин Мұхамед Бабыр Орта Азия және Иран жерінің өнерін алмастырып, бір-бірімен аралас байланыстыра отырып, үнді мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосты. Бабыр Қайта өрлеу дәуіріндегі Шығыс әлеміне қатысты өнер саласын, соның ішінде көркемөнер мәдениетін керемет жаңа сапалармен байытқанын байқауға болады. Әр туындыдан байқағанымыз, Қайта өрлеу дәуірінің талғамдары мен талаптарын толық білдіреді. Қазақ сәулетшілігінің тарихы ежелгі керуен жолының бағытымен байланысты. Сәулет әрқашанда идеологияның және қоғамдағы әлеуметтік үрдістердің көрінісі болып табылады. Темір ұрпақтары сәулет өнерінен басқа бейнелеу өнеріне де ғашық болған. Бабырдың ұлдарының ішінде сурет өнеріне жаны жақыны Құмайын, ол Сефевид династиясының Тахмас шахы болып сайланған. Ол Тебризде миниатюра өнеріне қызығушылық танытады, сол жерде атақты суретшілермен танысады. Атақты суретші Бекзаданың шәкірттері Мир Саид Алимен, Ходжа Абусаид Самад Ширазбен достасып, қарым-қатынас орнатады. Мир Саид Али мен Ходжа Абусаид Самадты өздерінің сарайына алдырады. Осы аты аталған өнер адамдары суретшілер мектебінің негізін қалыптастырып, мықты туынды-

лар салып, шығармашылықпен айналысады. Құмайынның осы өнер саласына ғашықтығын кейін оның ұлы Акбар жалғастырады. Акбар бірнеше жылдар бойы «Бабырнама миниатюрасын» салдырады. Миниатюра дегеніміз – көркем әдебиет желісін суреттеп салу, бейнелеу өнерінің бір түрі. «Бабырнама миниатюрасын» салуға әлемнің түкпір-түкпірінен келген 41 елдің суретшісі қатысады. Орта Азиядан келгендер қатарынан: Устад Мансур, Ибрагим Наккаш, Абдуллах, Фарук-бек, Жамшид, Ибрахим Кагар болса, Үнді жерінің атақты суретшілері Кесу Куджараты, Сарун, Таръя, Бахвани қатысқан екен. «Бабырнама миниатюрасын» бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. 15-і – тарихи, 13-і – шаруашылық, 20-сы – әскери, аң аулау сюжетінен 6 миниатюра, пирдан 7-еу, су аңдарынан 4-еу, жануардан 5-еу, гүлдерден 11, құстардан 12 миниатюра деп жіктеуге болады. Барлық миниатюраларының ішінен 20-сы соғыс әскери эпизодтар, қалған 73-і айқын ашық суреттер, өмір-тіршілік нышандары» [6, 346]. «Бабырнама миниатюрасы» асқан шынайылықпен, пейзаждар мен тұрмыс-тіршілік суреттері әділ де тура бейнеленген. Табиғат көріністері кәдімгі өмірдегідей ғажайып үйлесімділікпен салынған. Тіптен салынған суреттер жердің сұлулығынан ләззат алуға шақырғандай күй кешесің. 96-ға жуық «Бабырнама миниатюрасының» 46-сында «Бабырнама» шығармасының басты кейіпкері Бабырдың болмысы салынған. Мықты қолбасшы, терең ойшыл, мемлекет қайраткері Бабырдың бейнесі жанды суреттей болып көрінеді. Ізгілік бет пішінінен нұрын төгіп тұр. Оның жанарынан парасаттылық пен байсалдылықты көруге болады. Оның жүзі жылы шырайлы, түріне қарап мінезін аңғарсақ, салмақтылықты, сабырлылықты көруге болады. М.Х. Дулатұлы «Тарих-и Рашиди» еңбегінде: «Бабырдың бейнесі туралы «өте сүйкімді, жылы жүзді адам еді» [7, 117], – деп жазған. Бұл миниатюралар Бабырдың дүниеден кеткеннен кейін 50 жылдан соң салынған. Атақты Шығыс бағына арналған миниатюралар мен аң стилінің дәстүріндегі кескіндемелер өзінің құндылығын жоймай, әлі күнге дейін ғалымдар тарапынан өз бағасын алуда. Суретшінің міндеті – дүниенің жарастығын барынша ашып, әлдебір әсемдікті орнықтыру, ғажайып бір салтанатты көріністі тудыру. «Бабырнама» шығармасының сюжеттерін атақты суретшілер өз туындыларында бейнелеп безендірді.

Үнділік өнер, керісінше Орталық Азияда да өзінің терең ізін қалдырды. Самарқан мен Бұқарада, Ферғана мен Жетісуда,

Қашқарда сол кезде үлкен табысқа жеткен «Кашмир стилі» кең тарады. Орталық Азияның билеушілері Ұлы Моғолдар мемлекетінен «Камасутраның» сюжеттерімен байланысты миниатюраларды алдырып отырды. Үнділік музыка да түркілік саз өнеріне шығыстық көрік берді. «Моғолдар кезеңінде керамика жасаудың жаңа технологиясы мен мәнерін дамытуда Сұлтанабад қаласының маңызы ерекше болды. Бұл уақытта керамика жасау ісінде моңғол мәнері қолданыла бастады. Осыған байланысты бұл өнер түрі одан сайын әдемілене түсті», – дейді Ширин Баяни [8, 117]. Ағаштың үстіне самарқандық, ирандық ою жүргізіп қырса, арабеска парсылық болса, лактау мен күйдіруде үнді шеберлері асқандық танытты.

«Қазақ ғалымдарының ішінде Үнді жерінде болып ғылыми зерттеулер жүргізіп, өзінің алған әсері жайында жазып қалдырған М. Әуезов еді. Жазушы Үндістанда өткізген қырық бес күнді «мың бір түндегі ертегілер еліне ұқсатады». Үндістаннан келген соң «Индия очерктері» атты еңбегін жазады. Онда: «Индияға Бабырдың соғыспен кіріп, осы Дели қаласына шейін өзіне қаратып алған жыл 1526 жыл еді. Индияны бағындырып, патшалығының орталығы етіп Делиді белгілеп алған соң, Бабыр өзі төрт жылдан соң қайтыс болады. Бұл атақты «Бабырнама» дейтін мемуар қалдырған және ғазелдер жиынтығын тудырған, өзге де бірнеше кітап жазып кеткен өнерлі жанның бірі болған. Осы Бабырдың баласы Қумайын, оның баласы Акбар, оның баласы Жиһангер, оның баласы Шах Жаһан, оның баласы Аурангезеб барлығы да жауынгер, күшті патшалар болыпты», – делінеді [9, 85]. «Бабырнама» еңбегінің құндылығын Мұхтар бағалай білген, айласы асқан қолбасшы, қоғам қайраткері Бабырды өзінің дәрістерінде айтып отыратын дейді шәкірттері.

Өмір Темірден қанына сіңген қасиет Бабырмен тоқтап қалған жоқ, шөпшегі Шах Жаһан ары қарай жалғастырғандай. Шах Жаһан Үндістандағы әлемге әйгілі Тәж Махалды салдырған. «Үнділер Темір ұрпақтарының музыкаға және поэзияға деген махаббатын, шарапқа құмарлықтарын байқаған. Бабыр бау-бақша отырғызуға да жанын салған, оны жергілікті үнділер «Бағбан патша» деп те атайтын. «Жатсам-тұрсам ойымнан кетпей қойған нәрсе – Үндістандағы ағын судың жоқтығы. Мұны бір алапат кемістік деп білдім. Қай жерге тұрақтасақ та, су доңғалағын құрғызып, су шығарып тақталы бақ отырғызуға бел байладым» [4, 345]. Қоршаған ортаны көркейту дәстүрін Үндістанға Бабырдың өзі алып келгендігі оның шығармасында әйгіленіп тұр: «Аграға жақын маңда ондай

бақ орнататын бос жер жоқ еді, сондықтан бірнеше күннен кейін, амалдың жоқтығынан сол жерді игермек болдық. Ең әуелі үлкен құдық қазылды, сол құдықтан қазір моншаға су алынып отыр, содан кейін амбли ағашы өсіп тұрған, сегіз қырлы су тоспасы бар жерді игере бастадық. Содан кейін үлкен су қоймасын және аула жасап, тас құрылыстың алдына да су тоспасын жасап, тал орнаттық. Содан кейін мекен тұрағының айналасына бақ отырғыздық та, жатын бөлме, монша салғыздық. Сонымен сұрықсыз, көріксіз Үндістанда тамаша тақталанған бақша пайда болды. Оның әр пұшпағы көгалдандырылып, көздің жауын алатын райхан гүлі мен итмұрын отырғызылды» [4, 346].

Ғасырлар тоғысында атақты тарихшылар, өнер адамдары, әдебиет дүлдүлдері дүниеге келді. Ғылыми, көркем әдебиет және энциклопедиялық туындылар, талантты суретшілер мен арнайы мамандандырылған кітап мұқабасын түптеп шығарушылардың еңбектері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп қазіргі күнге дейін жетіп отыр. Адам қолынан туындаған дүниелер адамзат баласын ерекше әсер мен эстетикалық сезімге бөлейді. «Ежелгі түріктердің эстетикалық талғамы өте жоғары болған. Тұрфанда табылған мәрмәр мүсіндер грек мүсіндерінен әсте төмен емес. Селжук түріктері мен Хорезм түріктерінің, османдықтардың, Аққойлы, Қарақойлы түріктерінің Мысырда, Иракта, Түркістанда, Үндістанда салған мешіттері, сарайлары, мазарлары, көпірлері, фонтандары әлемдегі ең әдемі туындылардың бірі болып табылады» [10, 21].

Эстетикалық мұрат, Бабыр бойынша, сырт көрінісі мен рухани дүниенің біте қайнасуы. Бабырдың бақыты – халықтың бақыты, жалпының игілігі болып табылады. Адамның сұлулығы – бет жүздің ажарлылығы, күллі дененің мінсіз болуы, сонымен бірге рухани дүниенің байлығы екені рас. Сұлулықты сезіне білетін адам – шын мәнінде бақыттың не екенін білетін адам. Атақты философтардың көзқарасы бойынша, сұлу адам жан-жақты және ішкі, сыртқы дүниесі үйлесімді түрде дамыған адам. Ежелгі Грек ойшылы Платон адам дене сұлулығымен қатар ішкі сұлулықты бірдей ұстау қажет десе, орта ғасырдағы Әл-Фараби «адам қара басының қамын ойламай, өзгені де ойлап, қайырымды жан болса, нағыз бақытты адам осы» дейді, Ж. Баласағұн «Құтты білік» ілімінде бақытты адам ол төмендегі төрт қасиетті меңгерген адам: әділет, ақыл, қанағат, дәулет деп тұжырымдаған. Осы ілімді жалғастырған А. Йасауи «Кемел адам» ілімін ұсынады. Кемел адам пенделік өмірден бас

тартып, нәпсі тазалығына ден қойған. А. Йасауи хикметтерінің даналығының мазмұнына келетін болсақ, Алланы адамға таныту, хәл ілімі арқылы тәрбиелеу. Бірінші кезекте А. Йасауи он сегіз мың ғаламды жаратқан Жаратушының құдіреті, шексіз мейірімі мен кешірімділігін мадақтап, одан соң имандылыққа, адамгершілікке шақырады. Бабыр шығармасында да рухани мәдениет пен жүрек тазалығына көп көңіл бөлген. Бабыр кінәліні әділ жазалауға, адам баласын күнәдан бойын аулақ ұстауға шақырады. Кінә мен күнә мәселесі сопылық дәстүрмен ұласып, әл-Ғазали еңбегімен рухани сабақтасып тұрғанын көруге болады.

Бабыр киім-кешектің эстетикалық ерекшелігіне де мән берген. Келіссөз жүргізуде, елшілік қабылдағанда келген жақтың киім киістерін өзгеше сәнделген деп, ою-өрнектерінен де мағлұмат береді. Өзінің нағашысы болып келетін моғолдардың киім киістері жөнінде: «Ертеңіне нағашым – Кіші хан иығыма шапан жауып, астыма ерттеулі ат мінгізді, оған қоса иірілген жіппен кестеленген тақия, қытай атласынан тігілген жұқа шапан, шақпақ салынатын қыны бар, ескі үлгідегі қытай белдігін сыйлады. Қына белдіктің сол жағына тағылыпты, оған қоса әйелдердің киімінің жағасына, кимешегіне, тоқыма дорбаларына тағатын үш-төрт сәндік сылдырмағы бар. Оң жағынан да сондай үш-төрт затты салбыратып қойыпты». Алыстан келген сыйлы қонағына ат мінгізіп, үстіне шапан жабатын әдет-ғұрып өзіміздің қазақы дәстүрімізде сақталып келе жатыр.

Түркі жұртшылығының рухани мәдениеті әрдайым жоғары, олар қонақжай, үлкенге – құрметшіл, кішіге – ізетшіл, бауырмал болып келетіндігі оның бір өзіндік ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Деректер мен аңыз-әпсаналардан, дастандардан түріктердің арғы жағынан ұқсастықты, жақындықты көреміз. Сондай-ақ жалғастықты, тамырластықты, сабақтастықты іздестіру жұмысымыздың басты бағыты болмақ. «Кіші ханның адамдарының бәрі моғолдарша киінген: моғол қалпақ, алтын зерделі жіптермен кестеленген, қытай жібегінен тігілген шапан. Моғол қалқан, сауыт, ерлері жасыл шегіренмен қапталған, мінгені моғол жылқысының сәйгүліктері. Мұның бәрі олардың салтанатын байқатады», – деп, киім үлгілеріне суреттеме береді [4, 124]. «Бабырнама» еңбегінде қазақтың ата-бабасына қатысты ру-тайпалардың аттарын көптеп кездестіреміз. Кейіпкерлерді таныстырғанда міндетті түрде бірінші руы айтылады, көптеген жауынгерлері мен нөкерлері Найман, Дулат, Арғын, Жалайыр, Барлас руларынан. Бабыр ұлына хат жазғанда: «у ішсең де

руыңмен» деген жолдар кездеседі. Ру сондықтанда қасиетті ұғым, оның ішінде аталасың, бауырың, туысың, қандастарың бар. Әрбір рудың тарихта өз таңбасы, бекітілген байрағы болған. Батыста отбасы мен ру-тайпалар аналық және аталық кезеңдеріне бөлінгенімен, түркі мәдениеті тарихын зерттеушілер осындай жіктеуді ескермей, жоғарыдағы әлеуметтік-мәдени құрылымдарды тарихи үдерістерден және этнографиялық контекстерден тыс қарайды. Соғыстарда ру мүшелері атақты аруақтардың есімдерін ұран ретінде пайдаланып, олардың қолдауына жеткісі келген. Аты ұранға айналған әскербасылар мен елбасылардың есімі көптеген түрік халықтарының этнониміне айналған. Бабыр ұран туралы: «Ұран екі түрлі болады, әр тайпаның өз ұраны, бүкіл әскерге ортақ бір ұран болады» [4, 127].

«Бабырнама» түркі тілдес халықтар мәдениеті мен философия тарихынан алатын орны мен атқаратын рөлі турасында дүниежүзінің ең көрнекті түрколог ғалымдарынан мейілінше жоғары бағасын алды. Бабырдың осы энциклопедиялық мәні бар басты еңбегі қазақ халқының рухани игілігі болып табылатындықтан, әлі де мәдениеттану, философия тарихы тұрғысынан зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. Изд.второе. – М.: Искусство, 1986. – 445 с.
2. Неру Дж. Открытие Индии: В 2-х т. – Т. 2. – М.: Прогресс, 1981. – 328 с.
3. Қоңыратпаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
4. Заһир ад дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. – Алматы, 1993. – 447 б.
5. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Қазақстанның мешіттері мен медреселері. – Алматы: Аруна, 2009. – 496 б.
6. Бабур-наме миниатюры. «Международный фонд Бабур». – Ташкент, 2008. – С. 267.
7. Дулати М.Х. – Алматы: Санат, 1999. – 656 б.
8. Ширин Баяни. Иранда билік құрған қазақтар, оның ішінде жалайыр ұлысының тарихы. – Алматы: Astana press group, 2011. – 584 б.
9. Әуезов М. Индия очерктері: көріністер. – Алматы: Қазмемқорәдеббас, 1958. – 130 б.
10. Зия Көкалып. Түркішілдіктің негіздері. – Алматы: Мерей, 2000. – 130 б.

Поляктар: этногенезі және мәдени ерекшеліктері

Жандос КАРИНБАЕВ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы,
Дипломатия институты
Сыртқы саясат кафедрасының аға оқытушысы

Поляктар (өз атауы – *polacy*) – Польшаның байырғы және мемлекет түзуші халқы. Этностың басым бөлігі тарихи Отаны – Польша аумағын мекендейді, батыс славян тіл тобының лехиттік тармағында сөйлейді, антропологиялық тұрғыдан еуропалық нәсілге жатады. Латын әліпбиін қолданады. Польша аумағындағы мемлекет түзуші халықтың саны – 36,5 млн (жалпы халық саны – 38,5 млн) [1].

Поляк халқының этногенезі халық түзілісінің ортақ заңдылықтарына сәйкес бірнеше, тіпті ондаған ғасырларға созылған көпқатпарлы, жан-жақты, ұзақ та күрделі үдеріс болғандығы сөзсіз. Мақала барысында мүмкіндігінше поляк халқының түзілу үдерісі мен мәдени ерекшеліктеріне жүйелі әрі кешенді тоқталу, қорытынды жасау мақсат етілген.

Б.з. I ғасырында славяндар деп аталған үлкен тайпалар тобы Одрадан Днепрге дейінгі ұлан-ғайыр аумақты мекен етті. Славяндар әлеуметтік құрылымы бірнеше буын өкілдерінен құралып, бірге өмір сүретін және ру көсеміне бағынатын отбасылар түрінде өмір сүрді. Рубасы абыз міндетін де атқарып, табиғат күштері – Күнге, Жер – анаға, от пен суға құрбан шалып, бабалар культімен байланысты жоралғылар жасайтын. Мұндай дәстүр руды қандық туыстықтан да қаттырақ жақындастыратын [2, 1-2].

Сол кезеңде адамдардың айналысатын ісі мен өмір салты толықтай дерлік қоршаған ортаға байланысты болатын. Адамдар

аңшылықпен, балық аулаумен және ертедегі омарташылықпен күн көрді. Уақыт өте келе жерді өңдеуді игеріп, төрт түлік өсіре бастады. Жаңа кәсіптерді, шаруашылықтарды игеру үшін адамдар қалың өскен ормандарды тамырымен тазалайтын немесе өртеп жіберетін. Мұндай жұмыстарға бір отбасының күші жетпегендіктен, адамдар өзге де көрші қауымдармен «ополье» (ежелгі қауымдық бірліктерге) деп аталатын бірлестіктерге ұйымдаса бастады. Опольдік бірлестіктер негізінде «гродтар» (елді мекендер) салынып, барлық ер азаматтардың қатысуымен халық жиындары өткізіліп тұрды [3, 22-23].

Қалыптасқан дәстүр бойынша халық жиналыстары қауымның өміріне байланысты өзекті мәселелерді шешіп отырды, ал қауымның неғұрлым ауқатты адамдары ақсақалдар кеңесінің құрамына енді. Соғыс жағдайында олардың қатарынан әскербасылар мен көсемдер тағайындалды.

Өзара жақын славяндардың «батыс» тобы тайпаларынан Одер мен Висла, Балтық теңізі мен Чехияның таулы жоталары арасындағы аумақты мекендеген ляхтік немесе поляктік құрамдас топ бөлінеді [4, 427].

Поляк тайпалары ортақ атауының «поле» («егін алқабы», «танап» мағынасында) сөзінен шығуы негізгі шаруашылық түрі ретінде жер өңдеуді білдірсе керек [2, 2].

Батысында поляк тайпалары өздеріне туыстас полаб славяндарымен, бодричтармен, лютичтармен және сербтермен шектессе, оңтүстікте чехтармен, шығысында шығыс славяндарымен, солтүстігінде үнді еуропалықтардың балтық тобы тайпалары – прустармен, литвиндермен, ятвягтермен көршілес өмір сүрген.

Поляк тайпалары мекендеген аймақ санғасырлық орман алқаптары басқан, сансыз өзен-көлдермен айшықталған ұлан-ғайыр жазықтықты (Карпат таулы қыратын есепке алмағанда) алып жатыр.

Ертедегі поляк тайпаларынан Варта алабын мекендеген поляндар, орта Висланы мекендеген мазовшандар (мазурлар), Висланың жоғарғы ағысы мен Сан аңғарын мекен еткен висляндар, жоғарғы Одердегі слензандар (жекелей алғанда дзядошандер, бобрандер мен поляндер және т.б.), Балтық теңізі бойындағы кошубтар белгілі.

Ұзаққа созылған тарихи дамуы барысында жекелеген қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени үдерістердің ықпалымен поляк халқы өзінің ділдік ерекшеліктерін қалыптастырды. Аталған үдерістерді әр дәуірдегі поляк ұлтының дүниетанымын, оған ықпал етуші факторларды анықтау мақсатында

нақты тарихи кезеңдерге бөлуге болады. Поляк халқының ділін тарих ғылымының контекстінде талдау арқылы кем дегенде алты кезеңге бөлуге болатындығына көз жеткіземіз. Олар: христиандыққа дейінгі (жергілікті көпқұдайлық), христиандық (католиктік), речпосполиталық, ресейлік-имперлік, социалистік және ұлттық. Және әр кезеңнің поляк ұлтының жадында, мәдениетінде өзіндік із қалдарғандығы сөзсіз.

Поляктардың өз бастауын көнеден алатындығы күмән туғызбайды. Жалпы көне славян тайпаларының Балтық теңізінен Адриат, Қара теңізге дейінгі, Рейннен Днепр мен Альпі тауларына дейінгі аумақтарды мекендегені туралы тарихи гипотезалар бар [5, 4]. Жалпы поляктар славян тайпаларының қазіргі Польша аумағын мекендеген бөлігінің негізінде жеке халық болып қалыптасты.

Өзге халықтар сияқты поляктардың арғы тектері жердің бедеріне, климаттық жағдайға бейімделуді басынан өткерді.

Географиялық тұрғыдан алғанда, ертедегі славян тайпалары Еуропа құрлығының, негізінен, өзен-көлді, орманды, климаты егіншілікке қолайлы, шұрайлы жерлерді мекен еткен.

Польша аумағын мекендеген шетжерлік монах Галл Аноним: «Бұл ел өте орманды болғанымен, алтын мен күміске, нан мен етке бай, ...ауасы дертке ем, жері құнарлы, орманы балға, өзен-көлі балыққа тұнып тұр», – деп суреттейді.

Соңынан поляндар немесе поляктар атанған лехит тайпалары батыс өлкені мекендеген славяндардың, яғни батыс славяндарының ішіндегі саны жағынан көптігімен ерекшеленді. Ерте кезеңнің авторларында олар: лигилер, лигийліктер, лингвийліктер деген атаулармен кездеседі. Сондықтан да орыстарда – лях, литовтықтарда – ланкас, линкас атаулары қалыптасқан.

Поляктар ұлттық мәдениеті мен ғұрыптары бойынша чех – морав тайпаларына жақын. Жекелеген тарихи гипотезалар бойынша б.з.д I ғасырда екі ұлттың арғы тектерін бір тайпалар құраған.

Поляк этносының құрамына енетін тайпалар ертеректе оңтүстігінде қазіргі Чехиядан солтүстіктегі Балтық бойына дейінгі созылған жазықтықты, Одраның қос жағалауы мен Эльба, Висла аралығындағы жерлерді мекен еткен. Бұл өзендердің тұрақты арнасының болмауы, сонымен қатар жағалауы құнарлы, борпылдақ жұмсақ топырақты болғандықтан, ағын арнасының жиі өзгеруі, тасуы арқылы жергілікті халықтың шаруашылығына үлкен ықпалын тигізген. Тасқын судан жазық жерлерде көлдер мен батпақтар түзіліп, халық биіктеу жерлерде мекендерін салған. Нәтижесінде,

жергілікті халық алғашқыда, негізінен, аңшылықпен, балық аулаумен айналысса, уақыт өте келе омарташылықпен, мал өсірумен және егін егумен айналыса бастаған. Ал Балтық бойындағы поляк тайпалары ертеден саудамен айналысқан. Саудаға түскен негізгі тауарлары қымбат бағалы аң терілері мен янтарь болған [5, 6].

Жер жағдайына қарай ертедегі поляк тайпалары ағашты негізгі құрылыс материалы ретінде кеңінен пайдаланған. Бірақ ол кезеңнің ағаш үйлерінің қазіргі үйлерден айырмашылығы үлкен болған. Үйлер жіңішке бұталардан өріліп, сыртынан балшықпен сыланған. Шағын терезелер балықтың көпіршіктерімен жабылып, кіреберіс есік шымылдық іспеттес жапқымен жабылатын. Мұндай үйлерден өзге жуан бөренелерден қиюластыра салынатын ауқымды үйлер де болды. Олар алғашқыға қарағанда тиісінше беріктігімен және жылы болуымен ерекшеленетін [2, 18-19].

Ежелгі батыс славяндарының өздері өмір сүрген кеңістікте алғашқы кезіккен бейтаныс тайпасы неметтер болды. Жеке тайпаның атауына байланысты соңынан тұтас халықты немістер деп атау қалыптасты. Ал «славян» терминінің өзін «словене» – «бір-бірін түсінетіндер» дегеннен шықты деп топшыланады [5, 241].

Көне славян тайпалары өзге халықтар секілді көрші халықтар мен тайпалардың басқыншылығынан қорғануға мәжбүр болған. Батысында кельт халықтарының, галлдардың, бойлардың, таврискілердің, скордискілердің және амброндардың; шығысында скифтердің, савроматтардың; оңтүстігінен рим легиондарының шапқыншылығына ұшырады. Тиісінше, аталған халықтардың мәдени-шаруашылық ықпалын сезінді. Бірақ көне славяндарға кельттік, германдық ықпалдың көбірек болғандығын дәйектейтін тарихи материалдар жетіп артылады.

Ежелгі славяндарға б.з.б. I мыңжылдықта өмір сүрген көшпелі скифтер мен савроматтар тарапынан мәдени ықпалдың болғандығы анық [6, 4]. XIX ғасыр мен XX ғасырдың шегінде өмір сүрген поляктың танымал ғалымы, славян тілдері мен диалектілерінің маманы – доктор Ян Карлович халықтың мекен ету аумағына байланысты поляк тілінің де өзге славян тілдерінен дыбыстардың көптігімен ерекшеленетіндігін айта келіп, оның көне қалпын көбірек сақтағандығын алға тартқан [5, 6].

Б.з. V ғасырында бірнеше ғасыр бойы әлемдегі ең ірі мемлекеттің бірі, Еуропаның, қала берді адамзаттың өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан Рим империясы ыдырап, Батыс және Шығыс иеліктерге бөлінеді.

Бастысы Рим империясының ықпалымен латын тілінің негізінде Батыс Еуропа өркениетінің қалыптасуы жүзеге асқан болса, шығыс грек тілі мен мәдениетінің негізінде Византияның, соңынан славян халықтарының үлкен бір бөлігі жатқызылатын православ өркениетіне қалыптасты.

Көне славяндарға қайта оралар болсақ, олардың мекен ету аймағы, шаруашылығы, материалдық мәдениеті туралы ақпараттар көп болғанымен, олардың руханиаты мен дүниетанымын аша түсетін, ұстанған діндері туралы ақпарат өте аз. Бірақ славяндардың шоқынып, христиан дінінің түрлі бағыттарын қабылдауымен олардың көне діни-нанымдары біржола жойылып кеткен жоқ. Христиандану үдерісінен кейін ескі наным-сенімдер бейресми формаға көшіп, барлық қауымдарда, тіпті жекелеген діни қауымдастықтар арасында да қолданылып келді. Мысалы, полаб славяндарында XIV ғасырға дейін ежелгі славян діні қайта өркендеу мен күшеюді басынан өткерген [6, 6]. Жалпы славяндардың көне діні жергілікті халық мекендеген сол аумақтың діни наным-сенімі болған.

Славяндардың христиан дінін қабылдауы автохтонды діннің жаңа формаға – өн бойында байырғы славян және христиан діндерінің белгілері үйлескен синкреттік дінге көшуімен түсіндіріледі [6, 239].

Бүгінгі поляктардың діни тұрғыдан христиан дінінің католик тармағын ұстанушылар екендігі белгілі.

Католицизм христиан дінінің жеке тармағы ретінде ұлан-ғайыр аумақты алып жатқан Рим империясының батыс бөлігінде қалыптасты. Тарихшылардың есебінше, христиандардың саны б.з. I ғасырының соңында небәрі бірнеше мың адамды құраса, 200 жылы он мыңдаған адамдар тобын, 300 жылы шамамен 2 млн адамды, ал 400 жылы 10–12 млн адамды құраған.

«Папа» титулы (грекшеден «әке» деген мағына) алғашқыда барлық дінбасыларына, бірақ, негізінен, ерекше мағынасында епископтарға пайдаланылды.

Рим папасының билігі император резиденциясын Византияға көшіруімен күшейе түседі. Император Константин оған Латеран сарайын сыйға тартады. Осылайша, папаларға зайырлы саяси жүйеде жоғары мәртебе берілді. Папалар Константинополь императорларының құзырындағы азаматтар болғанымен, саяси тұрғыда өте ықпалды болды [6, 278].

Еуропа құрлығының бірқатар аймақтарына христиан дінінің, оның ішінде католик тармағының таралуында герман тайпалары маңызды рөл ойнады.

«Шалғайды» мекендеген герман тайпаларының Рим империясының периферияларына қоныстануы және Батысты әскери жаулап алуы ұзаққа созылды. Шамамен 500 жылы герман корольдері Равеннеда, Карфагенде, Париж бен Тулузада билік құрды. Рим шіркеуі христиан дінін қабылдаған герман тайпаларымен қатар Пиреней түбегін, Галлия мен Британ аралдарын бұрыннан мекендейтін өзге де халық өкілдерін дінге белсенді түрде қабылдай бастады. Тиісінше, бұрнағы Рим империясы провинцияларының орнында лангобардтық, франктік, испандық және британдық шіркеулер қаланды [6, 279].

Өз ықпалдарының өсуімен Папа Стефан II 752 жылы франк королі Аласа Пипиниге өзіне жаулық ниеттегі лангобардтарға қарсы күресуге көмек көрсетуін өтінді. Король папаға Рим облысын, Равенна мен Кампаның бір бөлігін сыйға тартты. Нәтижесінде, аталған аумақта папа діни билікке ғана емес, сонымен қатар саяси билікке де иелік еткен шіркеу мемлекеті құрылды. Осылайша, шамамен 754 жылы папалардың Византияға кіріптарлығы біржола жойылады. Католик діні тарих сахнасына шығады.

800 жылы франк билеушісі Ұлы Карл император тәжімен бірге тұтас Италияға қатысты барлық саяси құқықтарға ие болды [6, 280].

Ал герман империясына іргелес жатқан аумақтарды көп құдайларға сенетін «дінсіз» тайпалардың мекендеуі империяның қауіпсіздігіне нұқсан келтірді. Сондықтан Герман империясы дінсіздерді христиандарға айналдыруды өзінің басты тарихи миссиясы деп білді.

Христиандық кезеңге дейін поляндардың жергілікті діндерінің ірі ғибадатханалары Гнезно, Краков, Щецин, Колобжег, Аркон және т.б елді мекендерінде орналасқан болатын. Поляндар діни ғибадатханаларында Сворог, Радегаст, Святовид, Перун және т.б көптеген құдайларына сыйыну рәсімдерін жасайтын [5, 7]. Елде көпқұдайлық дамығандықтан, қуатты бір орталықтанған билік орнатуға қиындықтарға кезікті. Сондықтан да поляк тайпалары өзара жақын қауымдар болғанымен, олардың бірігуі бірден жүзеге аспайды. Керісінше олар өзара жиі соғысып тұрды. Адам тығыздығы аз болғандықтан, барлығы еркін және жер иеліктері бар адамдардан құралған-тын. Сөз болып отырған бытыраңқы поляк тайпаларының мемлекетке бірігуін поляндар бастады [4, 427].

Поляндар поляк тайпалары мекендеген аумақтың орта тұсында өмір сүрді. Сондықтан бұл тайпаның біріктірушілік рөлге ие болуы кездейсоқтық емес еді.

Поляндардың ата қонысы Варта өзені бойындағы жерлер, ал олардың орталығы – Гнезно гроды (қалашығы) болды. Шамамен IX ғасырдың ортасынан поляндарды Пясттер әулетінің княздері мұрагерлік жолмен басқарды. Нәтижесінде, аталмыш әулет Пяст династиясын бастап берді. Әулеттің негізін қалаған Пяст жер өңдеуші (пахарь) саналады. XII ғасырдың шежірешісі Галл Анонимнің мәліметіне сүйенсек, Пясттің ұлы Семовит ортақ келісіммен тұтас Велкапольшаның (полякша Wielkopolska, қазіргі батыс Польшаның Варта өзені аңғарындағы тарихи өлке) билеушісі ретінде жарияланып, өз қоластына бүкіл Велкапольша аумағын қаратады. Семовиттің ұрпақтары Лестек, Семомысл билеушілердің тұсында поляндар мемлекетінің аумағы кеңейіп, көршілес гоплан, мазовшан және сандомир лендяндері олардың құрамына қосылды. Сонымен қатар Поморьяның (полякша Pomorze, теңізге жапсарлас, Польшаның солтүстіктегі бірнеше воеводтықтарын біріктіретін тарихи өлке) бір бөлігі де поляндар мемлекетінің қарамағына көшкендігі тарихтан белгілі.

Польша аумағында пайда болған ертедегі мемлекеттік құрылымдардың бірі – Вислян мемлекеті. Мемлекет Мало-польша аумағында (полякша Małopolskia, Польшаның оңтүстік-шығысындағы тарихи аймақ) қалыптасып, орталығы ретінде Краков қаласы орнықты. XIII ғасырдағы Велкапольша шежіресінде: «Лехиттер өздерінің көсемі немесе әскербасы етіп ақылды Кракты сайлады. Сол ...жеңіске жеткен Кракты лехиттер өз патшасы етті. Ол соған дейін Вавел деп аталған гродқа өз есімін беріп, Краков деген атаумен қала салды» делінген мәліметтер кездеседі.

IX ғасырдың аяғында висляндар жерін көршілес Велкоморав княздығы басып алады. Аталмыш мемлекеттің ыдырауынан кейін висляндар Чех мемлекетінің құрамына енеді. Сол кезеңде висляндармен қатар Силезияны мекендеген слензан, ополян және дзядошан тайпалары да Чех мемлекетіне қарасты болды.

X ғасырда тарихи сахнаға поляндардың князі Мешко шықты. Алдыңғы билеушілер оған Польша, латынша Полония деп аталатын, жалпы аумағы шамамен 200 мың шаршы шақырымды құрайтын мемлекетті қалдырған-ды. Халқының көпшілігі көпқұдайларға сенгендіктен, бұғанасы бекімеген жас мемлекет үлкен қауіптерге

тап келіп отырды. Жоғарыда айтылғандай, көрші Герман империясы «дінсіз» поляндарды христиандарға айналдыруды өзінің басты тарихи миссиясына балады. Сондықтан да поляк тайпаларына басты қауіп Герман мемлекетінен болды. Бірақ түрлі құдайларға сыйынатын поляк тайпаларының өзара қатынастары да күрделі күйінде қала берді.

Осындай конфессияаралық қиын әрі геосаяси күрделі жағдайда христиан дінін қабылдау Польшаны қуатты, дұрыс ұйымдасқан еуропалық мемлекетке айналдыратынын, елді Герман империясының жаугершілік саясатынан қорғануға мүмкіндік беретінін Мешко жақсы түсінді. Сондықтан князь христиан дінін қабылдаған көрші Чехия королі Болеславтан қарындасы Дубравканы әйелдікке беруін сұрады. Құдалық жүзеге асып, нәтижесінде, князь әйелінің тікелей ықпалымен христиан діні поляк жеріне тарала бастады. Мешко және оның маңайындағылардың христиан дінін қабылдауы 966 жылғы Пасха мерекесіне орайластырылып, Гнезно қаласында жүзеге асырылды. Мемлекет басшысының христиан болуымен бірте-бірте тұтас Польша христиандар еліне айналды. Христиан діні биліктен қарапайым халыққа тарала бастады.

Христиан дінін қабылдаумен Польшаның бірлігі орнап, қуаты арта түсті. Сонымен қатар діннің, сол кезеңдегі дипломатияның тілі – латын тілін дінбасылары ғана білгендіктен, олар тиісінше князьдің кеңсесіне басшылық жасап, мемлекет қазынасын да бақылады. Өзге мемлекеттердегі князьдің елшілері қызметін де қоса атқарды. Осылайша, католик дінін қабылдаған славяндік Польша мәдени-өркениеттік тұрғыдан Батыс Еуропа аймағына интеграциялана бастады.

Мешко билігі тұсында мемлекет аумағына ертеректе Одра мен Лаба аралығын мекендеген славяндардың велет тайпасына тиесілі болған Лябуш жері қосылды. Соңынан князь Щецин, Колобжег және Волин елді мекендерімен бірге Батыс Поморьені өз аумағына бағындырды.

Өз әйелі, чех ханшайымы – Дубравканың қазасынан кейін Чехиямен арада соғыс басталып, Мешко Силезия мен Малопольшаны Польша аумағына қосты. Осылайша, князь Мешко өзара Одра мен Висла бассейніндегі өзен жолдарымен тығыз байланысқан, біртұтас географиялық кеңістікті өзіне бағындырды.

Сондықтан да бытыраңқы поляк тайпаларының ортақ мемлекетке жинақталуы, ұлт ретінде ұйыса бастауы, аумағы жағынан шамамен қазіргі Польша аумағына сәйкес келетін бір орталықтанған, бір

дінді ұстанған мемлекеттің негізделуін Мешко есімімен байланыстырамыз.

Қорыта айтқанда, көптеген славян тайпаларының бірігуімен поляктар халық ретінде Поляк мемлекетінің құрылу кезеңінде X–XI ғасырлар шегінде қалыптасты [7, 288].

Әр тұлғаның дүниетанымы, ділі мәдениеттің құрылымдық ерекшеліктерінің ықпалымен қалыптасады. Ал мәдениет халықтың тарихи дамуы барысында қалыптасатындықтан, мәдениетке сіңген өткеннің мұрасы ділдің неғұрлым терең ерекшеліктерінің қалыптасуына ықпал жасайды.

Зерттеушілердің көпшілігі ділдің адамдардың дүниетанымдық ерекшеліктерінің қалыптасуына өз ізін қалдырған этностың немесе ұлттың тарихы және өміріндегі әлеуметтік ахуалға байланысты айқындалатындығын алға тартады.

Өзінің тарихи дамуында поляк халқының тілі, салт-дәстүрлері, жөн-жоралғылары, халық шығармашылығы, ұлттық дүниетанымы, топонимия, мәдениет, өмір салты және т.б. ұлт құндылықтары тұрақты түрде қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа мұраға қалдырылуда. Ұлттық құндылықтары поляктарды өзге ұлттардан ерекшелеп тұрады.

Поляктардың христиан дінін қабылдауы 966 жылғы Пасхаға орайластырылып, Гнезнода король Мешко мен оған жақын адамдардың шоқинуынан басталды. Араға екі жыл сала Иордан есімді дінбасы Познанда Рим папасына тікелей бағынатын миссионерлердің алғашқы епископтығын негіздеді [2, 4].

Католик дінін қабылдау, бір жағынан, ел халқын ұйыстырса, екінші жағынан, құрлықтағы халықаралық қатынастарды Мешко билігін легитимді ете түсті.

Поляктардың, чехтар мен словактардың, словендердің католик дінін, ал шығыс және оңтүстік-шығыс славяндарының Византияның ықпалымен православ дінін қабылдауы туысқан халықтардың мәдени-өркениеттік тұрғыдан арасын алшақтата түсті.

Халық ретінде поляктар басым түрде Русь арқылы енген шығыс өркениетінің емес, батыс өркениетінің ықпалында болды [2, 6].

1878 жылы «Народы России. Белорусы и поляки» деген атаумен Санкт-Петербург қаласында жарық көрген этнографиялық сипаттағы еңбекте поляк халқының ұлттық мінез-құлқының ерекшеліктері, әлеуметтік топтары, діни және ұлттық мерекелері оқырманға түсінікті, жүйелі түрде берілген [8, 70]. Бүгінгі күні 140

жылға жуық тарихы бар аталған еңбектен поляк ұлтының қазіргі жаһандану кезеңінен көп ертеректегі ұлттық болмысы туралы құнды мәліметтер аламыз.

Атап айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысындағы поляк қалалары мен елді мекендері туралы ақпараттар алдында сөз болған ұлттың материалдық мәдениеті, өркениеттік ерекшеліктері туралы мол мағлұмат береді: «Поляк қалалары мен ірі елді мекендері орыс елді мекендеріне ұқсамайды. Ондағы үйлері көбіне бір-біріне тақастыра, жапсарлана салынады. Олар тастан, бөренелерден немесе кірпіштен қаланып, шатыры қыш тақташалармен жабылады. Әр қалада, ірі елді мекендерде шіркеу (костел, көбінде готика стилінде), монастырь және орталық ратуша орналасатын төрт бұрышты алаң бар. Ел тұрғындарының төрттен бірі қалаларда өмір сүреді. Бұл пропорция Ресейдің еуропалық бөлігіндегі көрсеткішке кері сипатта. Бұл өз кезегінде өзге өркениетті және өзге әлеуметтік құрылымды көрсетеді» делінген. Және мұндай тұрғыдағы сипаттама халық ретінде поляк қоғамының, негізінен, батыс еуропалық мәдениеттің ықпалында болғанымен түсіндірілсе керек.

Бірақ XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы салыстырмалы жоғары урбанизация поляктар мекендеген барлық аумақтарды қамтыған жоқ болатын. Әсіресе сол кезеңде қазіргі Батыс Беларусь пен Украина аумағын мекендеген поляктардың үлкен бөлігі ауылды жерлерді мекендеді.

Жалпы халық ретіндегі поляктардың аумақтық таралымы, әлеуметтік құрылымы, ұлттық ерекшеліктері өз алдына зерттеуді талап ететін қызықты бағыт. Дей тұрғанмен, саяси тарихын жүйелемейінше, аталған сұрақтарға толымды жауап беру қиын.

X ғасырдан XIV ғасырдың соңына дейін Польша патшалығы жеке ұлт мемлекеті ретінде өмір сүріп, геосаяси тұрғыда көрші мемлекеттермен соғыстарға жиі килігіп отырды. 1386 жылдан мемлекетте Ягелло әулетінің билігі орныға бастайды [3, 516]. Алтын Орда мемлекеті Тоқтамыс ханның тұсындағы уақытша күшеюінен кейін күрт әлсіреді. Бұрнағы уақытта Ордаға тиесілі болған аумақтарда сол кезеңнен қазіргі Литва аумағынан Қара теңізге дейінгі жерлерді өз иелігіне қосқан, басшылығында Ягелло әулеті Ұлы Литов княздігі орныға бастайды. Аталған аумақтар тек соғыстар арқылы емес, сонымен қатар династиялық некелер, келіссөздер және т.б. амалдар арқылы Ұлы Литов княздігінің қарамағына енді.

1569 жылы Люблин қаласында бекітілген уния негізінде қос

мемлекет Польша мен Литва бірігіп, саяси сахнада жаңа субъект – Речпосполита мемлекетінің негізі қаланды [2, 95]. Елдердің бірігуі барысында этникалық құрамы бойынша көпұлтты, әскери-саяси тұрғыда қуатты мемлекет қалыптасты.

Федеративті негізде құрылған Речпосполита мемлекеті жалпы көлемі 800 мың шаршы шақырымнан үлкен аумақты алып жатты. Мемлекеттің халқы шамамен 8 млн-нан астам адамды құрады.

Мемлекеттің шекаралары солтүстігінде қазіргі Латвия аумағынан, оңтүстігінде Қырым хандығынан Молдавияға дейін, батысында Одра өзенінен шығысында Смоленскі, Полтаваға дейінгі аумақтарды алып жатты.

Әлеуметтік құрылымы бойынша сегіз миллион халықтың шамамен 10%-ы – шляхта (ақсүйектер тобы), 70%-ы – шаруалар, ал қалған 20%-ы өзге әлеуметтік топтардың өкілдері құрады.

Ұлттық құрамы бойынша Речпосполита көпұлтты болды. Поляктар ең үлкен этникалық топ болғанымен, мемлекет халқының 40%-ын құраса, 20%-ы – шығыс славян тілдер тобында сөйлейтін өзге де халықтар (украиндар, белорустар мен орыстар), 15%-ы – литовтықтар, 10%-ынан астамын немістер, 5%-ын еврейлер құрады. Ал қалған бөлігін өзге этностар: латыштар, шотландықтар, татарлар және т.б. түзді.

Діни-наным сенімдері бойынша да Речпосполита көпконфессиялық болатын. Халықтың жартысынан астамын католиктер құрағанымен, православ, лютеран және иудаизм дінін ұстанушылардың да саны қомақты еді [2, 105-106]. Мемлекеттің жүргізген саясаты барысында Речпосполитаның шығыс бөліктерінде (полякша Кресы) поляктардың саны артып, поляктандыру саясаты да жүргізілді.

XVI ғасырдың екінші жартысынан XVIII ғасырдың соңғы ширегіне дейін Еуропаның алпауыт мемлекеттерінің санатында болған Речпосполита мәдениеттердің, өркениеттердің өзара тоғысқан аумағы ретінде поляктардың мәдениетінде, ұлттық ерекшеліктерінде өзінің ізін қалдырды.

Поляк қоғамында саны біршама болған әлеуметтік топ шляхта өзінің шығу тегін жауынгер сармат тайпаларымен байланыстырды. Соңынан «сарматизм» деп аталған ағым поляк халқының өнеріне, әдебиетіне, әдет-ғұрыптарына өз ықпалын тигізді.

Шляхтичтер өзінің туған жерін, отбасы құндылықтарын, әулеттік иеліктерін, қаласын, воеводствосын ерекше қадір тұтты.

Себебі, шляхтичтің қоғамдағы орны, әлеуметтік салмағы, экономикалық жағдайы оның отбасымен тікелей байланысты болатын [9, 25].

Ал халықтың басым бөлігін қарапайым шаруалар құрайтын. Поляк халқына зерттеушілердің берген мінездемелеріне тоқталып, жүйелеп берер болсақ, олардың көпшілігі поляктарды көңілді, еті тірі, әсіре діншіл, эмоциялы, қайырымды, қонақжай, музыкаға үйір халық ретінде бағалайды.

Бірақ аталған мінездемелерді біржақты қабылдауға болмайды. Себебі, сипаттама тек бір ғана адамға емес, тұтас халыққа берілген. Ал халық – өз кезегінде ортақ тілі, мәдениеті және өзге де құндылықтары байланыстыратын мыңдаған, тіпті миллиондаған адамдардың тобы.

XX ғасырдың басында жарық көрген әдебиеттерде поляктарды 5 тайпалық топқа бөліп қарастырған:

I поморлық-прусслық топ: кашубтар (лесактар, кабаттар);

II велькополян тобы: 1) познандықтар және Батыс Пруссияның халқы: коцевяктар, краиндықтар (Быдгош маңайы), бамбрлар (Познань маңайы), Нотеци өзені аңғарындағы палучандар; 2) калишандар; 3) куявтіктер (боровяктар); 4) ленчицандар және велькополяндардан малополяндарға өтпелі болып табылатын өзге де топтар.

III мазур тобы: 1) орта мазурлар (байырғы мазурлар): плочандар, добржипяктар, чер мазурлары (Гроецк уезі), нарвяндық мазурлар және наджубтық мазурлар (Пултуск, Маковск, Радзмин және т.б. уездер), ловицтік мазурлар және т.б.; 2) солтүстіктегілер: курпе, прусс мазурлары (Мазовецк көлі) және вармяктар; 3) шығыстықтар: подляшандар және Бель жерінің халқы.

IV малополяндар тобы: 1) таулық рулар: яблонковтықтар, подгаляндар, чивчактер, бабигорлықтар, пенин таулықтары, сандечандар, рабчандар, загорлықтар, клищактар, чубандықтар, ятвяктар және т.б.; 2) малопольша жазықтарының халқы: краковяндар (Краков ұлы княздығы және Келецкі губерниясының оңтүстік уездері), сандомирліктер (Опатов және Сандомир уездері), келецкі таулықтары, привисляндар (Висланың сол жағалауынан Пилица өзеніне дейін), любляндар (подляшандарға жақын Луков жерінің халқы), боровяктар (Сан мен Висла өзендерінің аралығы), Тарнов, Ржешов халқы (мазурлар деп қате айтылып жүр) және т.б.

V слензактар тобы (силездіктер) үш кіші топтарға бөлінеді: цешиндік, опольдік (сленздік таулықтар), висляндар және жазықтардың халқы: доляндар, валахтар және т.б. [5, 10].

Поляк халқының мерекелері мен салт-дәстүрлері олардың ұлттық жадында өте көне және ғұрыптары сақталғандықтан, өзге халықтардың үлкен қызығушылығын тудырады. Сонымен қатар поляктар өзінің тарихы мен салт-дәстүрлеріне терең мән беретіндігімен ерекшеленеді. Поляк мерекелерінің, ғұрыптарының ерекшеліктері: біріншіден, еуропалықтардың көпшілігіне ортақ ғұрыптардың болуы, екіншіден, көнеден жеткен славяндардың дәстүрлерінің жақсы сақталуында.

Поляктар католик дінін берік ұстанатын халық болғанымен, олардың көптеген мерекелері, ғұрыптары көне славяндық дәстүрлермен тығыз астасып жатыр. Олардың кейбіріне тоқталар болсақ.

Дәстүрлі поляк отбасыларында желтоқсанның 24-і күні, Рождество қарсаңында поляктар күніне бір рет, кешке жұлдыз шыққанда ғана тамақтанатын болған. Әйелдер бұл кешке ерекше дайындалып, дастарқанда отбасы мүшелері, туыстар, достар бас қосқан. Отағасының әйелі от жағып, оплатектен (арнайы пісірілетін нан) әр қонаққа дәм ауыз тидірген, ондағы ой өзіне жақын адамдармен жыл бойына нанды бөлісуге даяр екендігін көрсету болатын.

Нанды үзіп, дәм ауыз тигеннен кейін барлығы бір-біріне ұзақ және бақытты ғұмыр тілескен.

Әр отбасында Исаның дүниеге келуін еске алу мақсатында үйдің бұрышына бидайдың сабанын масақтарымен бірге арнайы төгілетін. Үстел басына отыратын адамдардың жұп санды құрауы міндетті болған.

Кешкі астың уақытында жастар сабан арасынан масақтарды алып, олардың ұзындығы мен иісіне байланысты болашаққа болжамдар жасаған.

Тұрмыс құрмаған қыздар аталған кешкі астың алдында, кейде астан кейін аулаға шығып, үрген иттің үнін тыңдаған. Ит қай жақтан көбірек үрген болса, сол жақтан оның болашақ жары келеді деген сенім болған.

Ұлы посттың (ауыз бекіту) алдындағы соңғы апта «запусты» деп аталған. Аталған мерекенің орыс халқының масляница мерекесімен ұқсас тұстары бар. Запусты – халықтың жаппай көңіл көтеретін уақыты. Деревняларда бұл күндері дастарқандар жайылып, ән шырқалып, әбден шаршағанша билер биленген.

Поляк халқында әрқашан Пасхаға ерекше мән берген. Ұлы бейсенбіден немесе сәрсенбіден бастап, әр үйде бұл мерекеге мұқият

даярланған. Әйелдер свенцоне деп аталатын пасхалық дастарқан жайған. Қонақжай поляктар бұл күндері дастарқандарын ерекше жайнатуға мән берген. Ең кедей деген шаруаның өзі жыл бойы отбасымен бірге пасханы тиісінше атап өту мақсатында пасхалық дастарқанға арнап қаржы жинаған.

Пасхалық діни рәсім өткізілгеннен келесі күні «дынгу» басталған. Жігіттер елде мекендегі тұрмыс құрмаған қыздарға су шашып, олардың үстін малмандай еткен. Өздерін су болудан сақтау үшін жекелеген қыздар жігіттерге сыйлықтар сыйлаған. Бір қызығы ескерілмей, суға малынбай қалған қыздар солай болғандығына намыстанатын болған.

Арада күндер өте, керісінше қыздар жағы жігіттерге су құйып, су шашып малмандай еткен. Әрине, бұл дәстүр шат-шадыман күлкі, әзіл-қалжыңсыз өткізілмеген. Осылайша «дынгу» аяқталған.

Польшаның жекелеген аймақтарында Иоанн шоқындырушының күні қарсаңында ұлттық мереке – «собутконы» атап өткен. Көне славян дәстүрлерін зерттеушілердің пікірінше, аталған мереке шоқынудың дейінгі болған көне мерекелердің бірі. Күннің құрметіне өткізілетін бұл мерекені Еуропаның жекелеген өзге де халықтары атап өтеді.

Маусымның 24-іне қараған түні әрбір елді мекеннің тұрмыс құрмаған бойжеткендері алаңқайға жиналып, үлкен алау жағады. Алау жанғаннан кейін барлығы қол ұстасып, оны айнала билейтін болған. Би арасында қыздарға түрлі өсімдіктерден өрілген венотар таратылып, әзіл әндер айтылған. Бойжеткендер ержеткендерді еске алысып, бірін-бірі әзілмен шымшылаған. Ән мен би аяқталысымен, қыздар оттан секіретін болған. Кімде кім оттан жеңіл секіретін болса, сол қыз жақын арада тұрмысқа шығады деген сенім болған. Осы ғұрыптан кейін бойжеткендерге жігіттер тобы қосылып, думан таң атқанға дейін жалғасқан.

Сол күні түнде қыздар қайыққа мініп, венотарын оған арнайы бекітілген балауыз шаммен бірге ағысқа тастаған. Егер ағыс веноты тез алып кеткен болса, бойжеткен сол жылы тұрмыс құрады деп сенген. Егер ұзақ уақыт бір орнынан тапжылмай тұрып қалса, бойжеткен жуық арада күйеуге шықпайды деп топшылаған. Сонымен қатар сол күні түнде қыздар айнаға қарап, өзінің болашақ екінші жартысын көруге үміттенген.

Поляктар ертеден мыстандардың (колдунь) бар екендігіне сенген. Халықтың сеніміне қарағанда мыстандар үйлердің кіреберістерін, бір бөлігін, егістікті, адам өтетін жерлерді дуалау, қарғау арқылы

несше түрлі ауруларды таратқан. Сондықтан поляк халқында тамақты, сусынды ішпес бұрын шоқыну рәсімі орындалатын болған.

Поляк әдет-ғұрыптарының қызықты бір бөлігі – үйлену ғұрпы. Олардың көпшілігі өз бастауын христиан дәуіріне дейінгі кезеңнен алады. Үйлену алдында бірқатар халықтардағы сықылды құда түсу салты болған. Құда болу звяд деп аталатын формалды актіден басталған. Жігіттің анасы немесе жақын жандарының бірі қыздың үйіне арнайы сусынмен келетін болған. Егер қыздың ата-анасы сусыннан дәм татса, ол келісімді білдіргені. Ал дәм татпаса, келіспеушілік білдірілген. Бірақ келіспеушілік өте сирек кездесетін құбылыс болған. Себебі, звядтар алдын ала келісіліп отырған. Аймақтық ерекшеліктерге қарай звядтардың бірнеше түрі болған.

Звядтан соң, «заренчина» (некелесу) жүзеге асырылған. Некелесу күні таңертең күйеу жігіт пен қалыңдық ауыл адамдарын қонаққа шақырған. Қалыңдықтың ата-анасының үйінде дастарқан жайылған. Қонақтар кешке жиналып, түн ауа үстел басына отыратын болған. Дастарқан басындағы думан, әдетте, таң атқанға дейін жалғасқан.

Некелесуден кейін бірнеше күн өтісімен, тек қыздардың жиыны (девичник) болған. Ол дәстүр полякша «разплецина» деп аталған. Сол күні кешке қыздар, қалыңдықтың құрбылары оның шашын өрген. Ән шырқау арқылы шашы өрілген. Өрілген шаш қиылатын болған. Разплецина соңы биге ұласқан. Бірақ аймақтарға байланысты аталған мерекенің де өзіндік ерекшеліктері сақталған.

Үйлену тойынан бір күн бұрын қалыңдық қонақтарды шақыруға баратын болған. Тойдың қарсаңында күйеу жігіт пен қалыңдық ұлттық нақыштағы салтанатты киімде, қалыңдық түрлі ленталар және гүлдермен әрленген баскиімде костелға барған.

Жолай жас жұбайлардың көңілін музыканттар көтеріп, бірге баратын болған. Музыканттар мен қонақтар аттар жегілген арбаларда орналасса, жігіттің достары атпен арбаның маңайында еріп отырған. Дәстүрге сай мұндай шерулер барынша шулы болуы керек-тін. Кейде жолай жастар алау жағып, одан секіретін де болған.

Шіркеуге қалыңдық алдына орамал керілген күйі құрбыларымен бірге енетін болса, күйеу жігіт те тура солай достарының арасында кіретін болған. Шіркеудегі рәсім аяқталысымен, «өлім жолай ада-сып қалуы үшін» елді мекенге, үйлеріне өзге жолмен келу шарты сақталынған.

Жол бойы у-шу, әзіл-қалжың міндетті атрибут ретінде дәстүрге енген. Мысалы, шартты түрде арбашы егер қосымша ақы төленбесе жүрмейтіндігін мәлімдесе, музыкант ақы төленбесе музыканы

ойнамайтындығын қатаң ескерткен. Нәтижесінде, ақы төленіп, думан жалғасқан. Әдетте, жастар шіркеуден соң бірден жігіттің ата-анасының үйіне жол тартқан.

Той дастарқаны барысында деревняның құрметті азаматтары: дінбасылар, әкім және т.б арнайы бөлінген орындарға отырғызылған. Дастарқан барысында жігіттің достары тойдың сәнін келтіріп, думанды қыздырып отырған. Алдымен құрметті қонақтарға сөз берілген. Содан соң полька, соңынан мазурка биленген. Той таңға дейін жалғасқан. Кей жерлерде үйлену тойлары бірнеше күнге ұласатын болған.

Поляктардың өлімге, жерлеуге қатысты барлық халықтар секілді өз дәстүрі қалыптасқан. Егер адам дүние салса, оның үйінің алдына шіркеуден алынған траурлық «хоругв» қойылған. Дүние салған адамды жатқызып, дінбасыға хабар бергізген. Мәйітке ер азамат болса, ақ жейде, шалбар; әйел болса, көйлек кигізген. Дүниеден қайтқан жас болса, шашын тараған. Басын ашық қалдырған. Егер қайтыс болған жан егде тартқан адам болса, басына «духенка» деп аталатын ақ қалпақ, аяқтарына ақ матадан шұлық кигізген. Балаларды тіпті жалаң аяқ жерлеген.

Егер дүние салған жан кәрі немесе үйленген болса, табыт қара немесе қоңыр түсті бояумен боялған. Егер жас болса, қызыл немесе көк түске бояған.

Адам қайтыс болған үйге ертеңіне «Бос түн» (поякша Pusta noc) рәсіміне жиналып, таңертең жерленетін мәйітке дұғалар оқылған. Жерлеу рәсімінде ең қарт адам немесе отбасы мүшелерінен тілек білдіруші қысқа, қоштасу сөзін сөйлеген.

Жерлеу рәсімінен кейін, қайтыс болған жанның ері, зайыбы немесе тірі қалған туыстарының бірі жақын туыстарын шақырып, «похувек» (еске алу) рәсімін өткізетін болған.

Поляк халқының ұлттық ғұрыптарын, діни мерекелеріне қысқаша шолу жасау арқылы олардың көне славян дәстүрлері мен католицизм шарттарының негізінде қалыптасқандығына тағы бір рет көз жеткіземіз.

Поляктардың жеке халық болып қалыптасуына маңызды, мүмкін шешуші ықпал тигізген факторлардың бірі – поляк тілі. Славян тілдерінің танымал зерттеушісі Ян Карлович өзінің дыбыстарының көптігіне, сантүрлілігіне байланысты поляк тілі славян тілдерінің отбасында маңызды орынға ие, славян тілдеріне ортақ дінгек іспеттес деген болатын. Ғалымның пікірінше, көптеген дыбыстық өзгерістерді бастан өткергенімен, поляк тілі өзге туысқан тілдерге

қарағанда көне элементтерді көбірек сақтаған (мысалы, мұрын дыбыстары тек поляк тілінде сақталған). Сонымен қатар поляк говорларына славян тілдеріндегі барлық ерекшеліктер тән болып табылады.

Әр славян тілдерінде көне сөздер жетіп артылады. Бірақ поляк тілінде олардың саны көбірек [5, 5-6].

Поляк тілінің кең таралуы мемлекеттің кеңеюі барысында жүзеге асты. Речпосполита мемлекетінің тұсында тілдік тұрғыдан ерекше поляк-литов говоры пайда болды. Бірақ кең аумақты қамтығанымен, поляк говорлары салыстырмалы түрде өзара түсінікті қалпын сақтады.

Поляк тілінің ықпалын кеш бастан өткерген аумақтарда халық, негізінен, әдеби поляк тіліне жақын тіл қолданысын пайдаланған.

Ұлттың аймақтық орналасуына, тарихи факторларға байланысты поляк тіліне өзге тілдердің ықпалы да елеулі болған.

Христиан дінінің енуімен поляк қоғамында өзара хат алмасушылық белсенді түрде дамиды. Бірақ жазба тілі поляк емес, латын тілі болған еді. Латын тілінің ықпалы XVIII ғасырдың басына дейін сақталды. Өзінің күшіне еніп, гүлденген шағында латын-поляк говорларын қоғамдық барлық салаларынан тықсырып, сарайдың, әкімшіліктің, соттың, ғылым мен әдебиеттің тіліне айналған болатын.

Латын тілін ұзақ жылдарғы қолданудың барысында поляк тілі көптеген латын терминдері мен сөздерін қабылдап, уақыт өте келе тілдің ерекшелігіне байланысты бейімдеп алды. Сонымен қатар XIV–XV ғасырлардағы поляк әдеби мұраларына талдау жасау арқылы поляк тіліне чех тілінің өз ықпалын тигізгендігін аңғарамыз. Чех халқы христиан дінін поляктардан бір ғасырдай бұрын қабылдағандықтан, көптеген діни терминдер мен мәдени сөздер алдымен чех тілінде бейімделіп, соңынан поляктармен қабылданды.

Неміс халқы поляк халқына іргелес қоныстанғандықтан, поляк халқы неміс тілінің де ықпалын терең сезінді. Мұндай ықпал ғылыми әдебиеттер арқылы ғана емес, сонымен бірге поляк қалаларының немістік колонизациясы арқылы да кең таралым алды. Уақыт өте келе қалалардағы немістер колонизацияға ұшырағанымен, поляк мемлекеті халқының едәуір бөлігін құраған еврейлер үй жағдайында өзгеріске ұшыраған неміс тілін қолданған.

Францияда мәдениеттің, сәулет ісінің қарқынды дамып, жоғары дәрежеге жетуі француз тілінің поляк тіліне де ықпалын арттыра түсті. Әсіресе XVIII ғасырдың екінші жартысынан әдеби поляк

тілі француз тілінің үлкен ықпалына ұшырады. Нәтижесінде, поляк тіліндегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестері француз тілінде қолданыла бастады. Француз тілі, француз мәдениетінің ықпалы әсіресе ірі қалаларда кеңінен таралды. Бірақ француз тілі бір кездердегі латын тілі секілді кең таралмады.

Шығыс және солтүстік көршілері поляктар тарихында XVIII ғасырдың II жартысына дейін маңызды рөл ойнамады. Бірақ тілдік тұрғыда поляк тіліне біршама ықпалы болды. Литов тілінің поляк тіліне ықпалы мардымсыз болса, жақын тілдер ретінде белорус және украин тілдері едәуір дәрежеде ықпалын тигізді. Бұл ықпал әсіресе поляк–украин, поляк–белорус деревнялары қатар, іргелес орналасқан аймақтарда жақсы сезілетін [4, 415-416].

Белорус пен литовтықтардың бірқатар беделді ғалымдарының жасаған қорытындыларына сәйкес аталған аймақтардағы поляк ұлтының өкілдері Польша аумағынан болған жаппай миграцияның әсерінен қалыптаспаған, керісінше оларды басым түрде поляктанған осы жердің байырғы тұрғындарының ұрпақтары құрайды.

Ғалымдардың пікірінше, Речпосполита кезінде нақты ұлтқа («поляк») қатысты айтылмаған, аталған термин Речпосполита мемлекеттерінің азаматтарына қатысты қолданылған. Поляк тілінің, мәдениетінің алғашқы таралымы жергілікті жоғары шенді, жоғары лауазымды азаматтардың ықпалымен жүргізілген. Себебі, XVI ғасырдан бастап поляк тілі Литвада, ал XVII ғасырдан бастап Украина мен Волынға кең тарайды. Мемлекеттік тіл ретінде кеңінен қолданылады [4, 417]. Нәтижесінде, Литва мен Белорус аумақтарында өзінің этномәдени сипаттамалары бойынша Польша жеріндегі этникалық поляктарға қарағанда литовтықтар мен белорустерге жақын поляктың ерекше типі қалыптасқан [10, 122].

XVIII ғасырдың соңында Речпосполитаның бөлінісі барысында мемлекеттің үлкен бөлігі Ресей империясының қарамағына көшті. Иеліктердің орыстар қарамағына көшуі барысында орыстандыру саясаты белсенді жүргізіле бастады. Нәтижесінде, көптеген орыс сөздері поляк тіліне еніп кетті. Бірақ поляктар мекендеген аумақтардағы орыстандыру саясаты Беларусь және Украина аумақтарындағыдай жақсы нәтиже көрсетпеді.

Оның нақты себебі, халықтардың діндік-өркениеттік тұрғыдағы айырмашылықтарында еді. Ұзақ жылдар бойына қалыптасқан «поляк – католик» және «орыс – православ» деген түсінік, құндылықтары орыстар мен поляктардың етене жақындаспауында маңызды рөл ойнады [4, 126].

Тілге қатысты қорытындылай айтқанда, әдеби поляк тілінің негізін велкополян диалектісі құрады деуге толық негіз бар. Поляк тілі Реч-посполита мемлекеті тарихының басым бөлігінде мемлекеттік тіл ретінде кең қолданыста болды.

XVIII ғасырдың II жартысында Речпосполита мемлекеті саяси-экономикалық тұрғыдан әлсіреп, құлдырай бастады. Нәтижесінде, Австрия, Пруссия және Ресей империяларының арасында 1772, 1793 және 1795 жылдары бөлініске салынып, жеке мемлекет ретінде ұзақ уақытқа Еуропаның саяси картасынан жоғалып кетті.

Тек I Дүниежүзілік соғыстан кейін ғана II Речпосполита жеке тәуелсіз мемлекет ретінде қайта жаңғырды.

150 жылға жуық бірнеше мемлекеттердің қарамағында өмір сүрген поляктар әр мемлекеттің мәдени-ділдік ықпалын белгілі бір дәрежеде қабылдағаны сөзсіз.

Статист ғалымдарының мәліметіне сәйкес, 1900 жылы әлемді 20 млн шамасында поляктар мекендеген. Олардың 4270 мыңы Австро–Венгрияны, 3627 мыңы Герман империясын, 10486 мыңы Ресей империясын мекендеген. Соның ішінде, Поляк патшалығында 7885 мың, Батыс губернияларында 2100 мың, еуропалық және азиялық Ресейде 500 мың, Америка Құрама Штаттарында 1600 мың, өзге де Еуропа мемлекеттерінде 50 мың поляк мекен еткен [5, 8].

Польшаның Ресейдің, Пруссия мен Австрияның отарына айналуы халықтың ашу-ызасына тиіп, билікке қарсы бірнеше ұлт-азаттық көтерілістер болғандығы тарихтан белгілі. Бірақ көтерілістердің барлығы империялар тарапынан қатаң басылып, аяусыз жазаланды. Көтерілістер барысында жер аударулар, өмір ауыртпашылығына байланысты өз еркімен өзге аймақтарға қоныс аудару үдерісі XIX ғасыр бойына тоқтаған жоқ. Бұл үдеріс XX ғасырдың алғашқы жартысында бәсеңдегенімен, II дүниежүзілік соғыстан кейін XX ғасырдың 80-жылдарының соңына дейін қайта жалғасты.

Бүгінгі күні әлемнің көптеген мемлекеттерінде шашырай өмір сүріп жатқан поляк ұлты өкілдері жалпылама «Полония» атауымен белгілі. Жалпы саны – 18-20 млн шамасында. Тұтас алғанда, әлемде шамамен 58 млн поляк ұлтының өкілдері бар [11]. Олардың елдер бойынша орналасуы мен саны келесідей (Польшаны есептемегенде): Америка Құрама Штаттарында 8,9 млн [12, 219], Бразилияда шамамен 1,5 млн [12, 70], Канадада 1 млн [12, 126], Францияда шамамен 700–800 мың [12, 90], Беларусьте 396 мың [12, 57], Литвада 234 мың [12, 141], Австралияда 165 мың [12, 28], Украинада 144 мың [12, 242], Чехияда 130 мың [12, 77], Бельгияда шамамен 100 мың

[12, 36], Ресейде шамамен 95 мың [12, 202], Австрияда 60 мың [12, 28], Латвияда 53 мың [12, 154], Қазақстанда 34 мың [13, 21] поляк ұлтының өкілдері мекендейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Przynależność narodowo – etniczna ludności – wyniki spisu ludności i mieszkań 2011 // <http://stat.gov>.
2. Dybowska A., Zaryn J., Zaryn M. Polskie dzieje od czasów najdawniejszych do współczesności. Wyd. Naukowe PWN. – Warszawa, 1994. – 372 s.
3. Тымовский М., Кеневич Я., Холцер Е. История Польши. – М.: Издательство «Весь Мир», 2004. – 544 с.
4. Энциклопедический словарь. Том XXIV. – С.-Петербург: Типо-литография И.А. Ефрона, 1898. – С. 474.
5. Поляки. Антропологический очерк. – М.: Типо-литография А.В.Васильева и К, 1901.
6. История религии. В 2 т-х. – Т 1. Учебник / Под общей ред. И.Н.Яблокова. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Высшая школа, 2004. – 464 с.
7. Қазақ-совет энциклопедиясы. Бас редактор М.Қ. Қаратаев. – Алматы, 1976. – 640 б.
8. Алекторов А.Е. Инородцы в России. Современные вопросы. Финляндцы, поляки, латыши, евреи, немцы, армяне, татары. – С.-Петербург: Типография И.В. Льеонтева, 1906. – 70 с.
9. Пержинская В.А. Семейные отношения польского дворянства Юго-Западных губерний Российской Империи в первой половине XIX в. Автореферат диссертации на соискание уч. степ. канд. историч. наук. – М., 2011. – 29 с.
10. Ластовский А.Л. Этнокультурная идентичность поляков Белоруси. «Сацыялогія. Соцыялогія. Sociology». Ежеквартальный научно-теоретический журнал. – 2011, №
11. Polonia w liczbach//<http://wspolnota-polska.org>.
12. Raport o sytuacji Polonii i Polaków za granicą 2012. – Warszawa, 2013. – 436 s.
13. Аналитический отчет. «Итоги национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года». /Под ред. Смаилова А.А. – Астана, 2011. – С. 65.

«Түркістан Республикасының Кеңестер съезінде қаралатын ақша мәселесі тақырыпты жобалар»: мазмұны, маңызы және тарихи талдау

Тимур ТАЛҒАТ,
«Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар мұражайының ғылыми қызметкері
Ақжан БЕГІМ,
Т. Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университетінің студенті

Биылғы жыл қазақ тарихында маңызды да атаулы бірқатар оқиғалар мен тұлғалардың мерейтойларына толы болды. Солардың ішіндегі ең маңыздысы – қазақ мемлекеттілігінің бой көтеріп, нығаюына себеп болған Қазақ хандығының 550 жылдығы. Бұдан бөлек, қазақтың алғашқы ғалымдарының бірі, шығыстанушы, саяхатшы, Императорлық орыс географиялық қоғамының мүшесі Ш. Уәлихановтың 180 жылдығы, қазақтың алғашқы ғылым докторы, тарихшы Е. Бекмахановтың 100 жылдығы, қазақ және бауырлас халықтар – өзбек, қырғыз мемлекеттілігінің қалыптасуына едәуір үлес қосқан, мемлекет және қоғам қайраткері М. Шоқайдың 125 жылдығы. Осы тұлғалардың бәрі Түркістан өлкесіне қатысты мәселелерді өз еңбектеріне арқау қылған. Ш. Уәлиханов Түркістан тарихы мен мәдениетіне қатысты ғылыми деректерді жинақтаса, Е. Бекмаханов кезінде біршама ұлан-ғайыр аумақты қамтыған Түркістанның, соның ішінде Түркістан өлкесінің жергілікті тұрғындарының басым бөлігін құраған қазақтардың тарихы-

на байланысты зерттеулерін жүргізген. Ал Мұстафа Шоқайдың Түркістан өміріндегі алатын орны ерекше. Себебі, ол Түркістан мұхтариатының, яғни Түркістан автономиясының жетекшісі болды.

Құрамына бірқатар этникалық топ өкілдерін шоғырландырып, өзінің экономикасы мен қарулы күштерін нығайтуға тырысқан Түркістан мұхтариаты дербес те егеменді мемлекет құруды мақсат етті. Антанта одағының құрамына кіріп, I Дүниежүзілік соғыста психологиялық әрі іс жүзінде ауыр жеңіліс тапқан Ресейде XX ғасыр тарихында анағұрлым маңызды тарихи үдерістер өтіп жатты. Орыс самодержавиесінің құлап, большевиктердің 1917 жылы ұйымдастырған Қазан төңкерісі Ресей империясының дүниежүзілік сахнадағы саяси ахуалына, оның экономикасына, өндірістік күшінің құлдырап, қоғамдық сананың өзгеруіне айтарлықтай әсер етті. Ондаған жылдарға жалғасқан ауыртпалықтар большевизмнің қазақ-қырғыз даласына, Түркістан өлкесіне бетбұрыс жасап, оны шикізат базасы ретінде қарастыруына себепші болды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Түркістан соғыстары өлкенің әлсіреуіне алып келді. Осындай кезеңде Түркістан өлкесі күшейіп келе жатқан большевизммен күресу әрі мемлекеттілігін нығайту мақсатында қазіргі Қазақстанның оңтүстік бөлігін, Өзбекстан, оның құрамындағы Қарақалпақ территориясын (бұрынғы Закаспий өлкесінің бөлігі), Қоқан хандығының жері мен Қырғызстан, Тәжікстанның аудандарын қамтып, Түркістан мұхтариатын құруды көздеді. Бұл мемлекеттік құрылым 1917 жылдың 27 қарашасы мен 1918 жылдың 22 ақпаны аралығында өмір сүрді. Үкімет жетекшісі Мұстафа Шоқай мұхтариатты большевиктер әскерінің талқандауына байланысты өз қызметін саяси эмиграцияда жүріп, басқаруға мәжбүр болды.

Түркістан мұхтариаты ыдырап, орнына алдымен Уақытша Ферғана үкіметі (1919–1920), кейін 1918–1924 жж. аралығында өмір сүрген Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. Түркістан АКСР-нің немесе Түркістан Республикасының құрылып, дамуына көп үлес қосқан тұлғалардың бірі – Тұрар Рысқұлов [1, 4-б.]. Айтылған кезеңде өлке экономикасына, соның ішінде қаржы, жер, келімсектер мен босқындар мәселелеріне үлкен мән берілді.

Төменде ұсынылып отырған 10 беттен тұратын жұқа басылым шамамен 1923 жылы Ташкент қаласында жарық көрген. 350 дана таралыммен басылып шыққан деректік материал 1921–1923 жылдары Түркістан Республикасында жұмсалған қаржыға талдау және

сол мәселені шешу бойынша саяси-экономикалық құжат сипатына ие. Құжат мазмұнын 8 тақырыпша мен 43 пунктті құрайды. Аталмыш брошюраның өлшемі 24,5x17 см, қағазы целлюлоза – 70 г/м², қазіргі стандарт бойынша А6 форматына сәйкес келеді. Заманға байланысты сарғыш тартқан, тілі – Түркістан өңіріне тән қазақша, баспа қарпі – араб, насх жазуы стилінде. «Ғылым ордасы» РМК ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар ұлттық әдебиет қорында сақтаулы. Кітапша беттерінде КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының кітапханасы, Ресей Ғылым академиясының математика мұражайы мен Орталық ғылыми кітапхананың мөртаңбалары кездеседі. Осындай сарғыш тартқан қолжазбалардың кітапқа айналып, оқырмандарына жол тартып жатқаны көңіл қуантады. Құжаттың толық мәтіні келесідей:

Түркістан Республикасының Кеңестер съезінде қаралатын ақша мәселесі тақырыпты жобалар

I. Жалпы күйі

1) Кеңестер Республикалары Одағының әм оның бір бөлшегі болып отырған Түркістан Республикасында ақша күйлері жалпы одақтың шаруашылық күйінің ыңғайына қарай болады.

2) Кеңестер Одағының шаруашылық күйі жыл санап ілгерілеп келеді. Бұған қарай ақшасының күйі де ілгерілеуде.

3) Хақы кемімейтін тиянақты червонецтің шығуы, барлық ақшаның бестен төртіндей әм жақын арада майда күміс жаңа тиянақты уақ қағаз ақшаға көшу жұмысын біздің ақшамыздың күйінің әжептәуір ілгерілегендігін көрсетеді.

II. Түркістанның бюджеті (кіріс-шығыс)

4) Барлық Одақтың ақшасы дүзелсе, Түркістанның да ақша шаруашылығы дүзетілмек. Былтырғыға қарағанда, мұның бюджеті 58%-ға көбейіп отыр; Одактікі 42%-ға көбейіп отыр.

5) Егер алдағы іс белгілі бір тиянақты жоспармен жүргізілсе ғана, биылғы жылы ақшаның күйінің ілгерілеуін ауызға алуға болады. Айтпай кетуге болмайды, бірталай себептермен 22-23 бюджетті жылдың (бюджеттің кеш бекітілгендігі, ақшаның уақытында алып, беріліп тұрмағандығы, хақы кемуі) жоспары болмады. Айдан айға жылжып көштік те отырдық, осының бәрі Комиссариаттарға жұмысын көңілдегідей жүргізуге мүмкіндік бермеді.

6) Үстіміздегі жыл мен өткен жылдың бюджеттерін салыстырып келгенде, оқу жұмысына ұсталған расходтың 21-22 жылғы 34%-дан 22-23 жылы 37,2%-ға дейін; әм жер-су істерінің 21-22 жылы 15,4%-дан 22-23 жылы 19,8%-ға дейін көбейтілуінің орынды екендігін айтпай кетуге болмайды.

Ыхтиярлы милицияны мемлекет қаражатына шығармай тұру мүмкін болмағандық себепті, Халық ішкі істер комиссариатының расходы үлкейіп отыр.

7) Белгілі расходтардан басқа да 10 365 287 сом қосымша берілмекші жер суарту, темір жол жүргізу, халық ағарту іс әм басқаға. Және ауыл шаруашылығына әм басқа мұқтаждарға 5 131285 сом жіберуге тағайындалған. Барлығы бюджеттен тысқары 15 506 568 сом жіберілуі керек. Түркістанның бюджетін расходымен, бәрін алғанда, бірлескен Комиссариаттарды шығарып тастап 21 миллион сомға жақын жіберілмек.

Ескерту: 1913 жылы осы айтылған орындарға Түркістанда 8 175 114 сом жұмсалған.

8) Өткен жылғы расходты тексерсек, қажетті қамдау, еңбек ақыларын орындау әм басқа, айрықша қалыпсыздықты көрсетеді, еңбек ақы қоры аз жіберілу себепті комиссариаттар еңбек ақы төлеу үшін басқа қаражатының көбін жұмсап қойған.

9) Үстіміздегі жылға еңбек ақыға әм апаттан сақтау жұмысына 2 603 685 сом жіберілмек, бұл ақша толық жетуге тиіс.

Қызметшілердің қысқартылғанын ойға алып, 23-24 жылы еңбек ақы қорын басқа ақшамен көбейтуге болмайды әм еңбек ақы үшін арналып жіберіліп отырған ақша басқа орынға жұмсалуға болмайды.

Комиссариаттар арасына қаражатты үлестіру жөніне келсек, орнықты бюджет болуы қажет. Әр мекеменің істейтін жұмысының айқын жоспары болу керек әм оның бұлтарсыз орындалуын бақылау керек.

10) Өткен жылғыдай қылмас үшін, ақша алынған ыңғайға бекітілген бюджетпен беріліп тұруы қажет әм уақытында орында-рында тұтасымен жиналуы қажет, әйтпесе биылғы жылда өткен жылға осап жобасыз, жоспарсыз жұмысы жеміссіз болмақ.

III. Жергілікті бюджет

11) 22-23 жылы мемлекет бюджеті оң баса жергілікті ауданда жаман болды. Расходтарының әр тарауында да облыстарда есепті

мөлшерді орындау жағынан қарағанда-ақ көрінеді. 22-23 жылғы жергілікті бюджеттің тұқымның жоқтығы орындалған мөлшер 6% бен 23% арасында.

Өте орынсыз халық ағарту әм ауыл шаруашылығы расходтарын өте кемітіп, олардың есебіне ел билеу жұмысының расходтарын көбейтушілік (Ферғана әм Сырдария облыстарында).

12) Көрсетілген кемістіктердің себептері: бірінші бюджет жасалған уақытта шаруашылық жоспарының қоса жасалмағандығы, екінші кірістен шығыстың анағұрлым *күйдегі*, ақырында аз ғана кірісімен салыққа *назардың* аз салынуы.

13) Кіндік бекіткен 23-24 жылғы жергілікті бюджеттің кіріс бөлімі 13 501 963 сом, шығыс бөлімі – 14 310 031 сом. Былтырғы жылдың расходумен әм 1913 жылғы земскі расходтарымен салыстырғанда бұл көрсетілген сома жеткілікті деп тану керек.

14) Әр облыс бекітілген бюджетті жарыққа шығаруды мақсат қылуға тиіс, мұның үшін керек нәрселер: А) Осы жұмысқа айрықша назар салынуы керек; В) Жергілікті ақша орындарының мекемелерін болғанынша тәуірлеу керек; С) Барлық салықтың мүмкіндіктерін пайдалану керек әм D) Салық кірістеріне айрықша назар салуы керек.

15) Мемлекет жер-су кірістерін толық алу үшін орындардағы мекемелерге берілуге лайықталғандарын тез беру керек. Халық байлығы Кіндік Кеңес маңында біріккен кәсіпшілік сол ұйымдасқан күйінде қалу керек, түскен пайдасымен жергілікті бюджетке қатынасып.

IV. Болыстық бюджет

16) Болыстарда істелетін расходтары жабудың мүмкін еместігін ескеріп, жергілікті я мемлекет бюджетінен болыстарда да шаруашылықтарын жүргізетін қалып обыр ету керек. Осы туралы Кіндік Атқару Комитеттің соңғы толық бас қосуы болыстық бюджет ашуды ыңғайлы тапты.

17) Түркістан халқының мәдениетінің кемдігін ескеріп әм орындарда даярланған жұмыскерлердің жоқтығынан болыстық бюджеттері жақын арада жасауға күштен кемиді. Соның үшін Жалпыроссиялық Кіндік Атқару Комитетінің Қаулысы бойынша болыстық алым жүргізіп барып, тәжірибе ретінде бюджетті жүргізуге пайдалану керек.

18) Болыстық алымды жүргізумен әртүрлі жолсыз алымдарды құртуға мықтап кірісу керек.

V. Кірістер

19) 1913 жылы 21 584 179 сом өткен жылғы түскен азық-түлік салығымен қоса, 12 772 мың сом кірістермен болашақ жылғы түсуге жоспарланып қойылған 17 117 мың сом кірісті салыстырғанда қазіргі алымның соғыстан бұрынғы алымнан кемігенін көреміз.

20) Салықтың былтырғы түсіміне қарағанда, биылғы жылғы *шаһар* халқына түскен салықтың әм салықтан қысқарғы қаражаттарына қарасақ, былтырғы түсімінен шамамыз аздығы көрініп отыр.

21) *Егін өнімі кірісі* 20-таблицаға қарағанда, бірыңғай шаруа салығы болып отыр. Бірақ бұл салықтың жиылуы өте жай, аса на-шар бара жатыр.

22) Салықтың жай жиналып келуі толып жатқан *ұйымшылық* жұмысының себептерінен болды.

23) Орындардағы Кеңестер құралысы салық жұмысына жақсылап қарамай, өзіне өздері есеп бермей келуінің кесірінен, салық жұмысы тоқталып келді. Мұның растығы, орындардағы салықтан заттарын жасырушыларға тиісті шаралар істелмегендіктен көрініп отыр.

24) Соның үшін, салықты азайту, уақытша тоқтата тұру дегенді қойып, осы Съезд атынан диқандарға, кешіктірген сайын бидайдың бәсі арзандай беретінін көрсетіп, 24 жылдың бірінші февраліне дейін салықты беріп, бітіруге жар салу керек.

25) Төтенше салықтың ішінде ең күш салынатын салық – мүлікке түсетін салық болуы керек. Себебі, ол кезде салықтың көбі байларға түсуі керек. Мұнымен бара-бара кәсіпшілікке түсетін салықты да ұмытпау керек.

26) *Басқа уақ* (налогтардың) салықтардың ішінде салық салатын зат шай мен тұз болуы керек.

27) Сауда сату жұмысына келгенде шекаралас патшалыққа шығарып сатпау үшін шекарадағы (ахырына) тартып сақтайтын орындарға зейін салдырып таможенный кірісті көбейтудің шарасын істеу керек.

28) Келешекте салықтың мөлшерін көбейтуге болмайтындығын еске алып, салық кірісіне айрықша зейін салу керек.

29) Кірісі болмаса, Түркістан Республикасының осы күнгі халінде яғни *кірісінен шығымының* көп бөліп тұруын еске алсақ, ол уақытта кірісінің аз түсуінен әр комиссариаттың пландағы жұмыстарының бәрі орындалуда беймағлұм болуы керек.

Ақшаның жүруі

30) Түркістан Республикасында ақшаның жүруі басқа одақтас республикаларға қарағанда қиынырақ, себебі Түркістанға шекаралас патшалықтың бәрінде де күміс, алтын ақша жүреді, әм Түркістанның *шаһарларының* арасының бірінен-бірі қашықтықта көп кедергі болмақшы.

31) Шет патшалыққа сататын-алатын заттарды (тауарларды) алтын, күміс ақшаға алатын болмаған соң, қара бұқара халыққа сол ақшаларды жинау мінез пайда болып, қара бұқара халықтың червонецпен таныспағандығы, алтын ақшаның бәсін Мәскеу базарынан 15-20%-ға көтеріп, қымбаттап жіберіп отыр.

32) Мақта маусымының уақытында мақта жұмысын басқаратын комитет базарға көп *живность* шығарумен, червонецтің бәсі арзандап қалды. Бірақ оны диқандардың шаруашылығы көтере алмады. Ақша жұмысын басқаратын комиссариаттың кассасының былай ақшамен айырбастаумен бәсі Мәскеудегі бәсіне жетіп қалды.

33) Червонецтің бәсі шамасыз көтеріліп кетпеуі үшін ақша сілтейтін кассалар (сберегальный кассалар) ашу керек. Әм үкімет банкісі үкімет мекемесінен ақша алғанда червонец есебімен алуы керек. Ал бір ауданда червонецтің бәсі арзандаған кезде, Ақша жұмысын басқаратын комиссариат, сол орынға червонецті жай ақшаға айырбастап алып отыруға керек.

Банкі кредиті

34) Шаруашылықтың жөнделіп, жаңа кооперация әм сауда-сату істейтін мекемелердің өршуімен, бізге банкілердегі оборотный, яғни қатынас капиталымызды көбейтуіміз керек.

35) Банкінің берген кредиті мен кооперацияның *ұйымшаларын* жарықтандыру керек. Сол кезде сауда-сату мекемесі де тауарын сұраушыларға жеткізе алады.

36) *Волиелік коммунаны* банкінің керектігі үшін, Орта Азия сауда банкісінің қасында айрықша коммунальный банкі жасалсын.

Ұйымдастыру жұмысы

37) Түркістан Республикасының ақша жұмысы өте нашар. Бұған бұл кезге дейін аса зейін салынбай келді. Ақша жұмысын басқаратын комиссариат пен Азық-түлік комиссариаты *жаңадан ғана* қосылып жатыр.

38) Азық-түлік комиссариатының құралысы Ақша жұмысын *басқарушы* комиссариатының ойлағанындай болмай шықты, *автоматты тауып* беретін орындары аз болды.

39) Соңғы жыл не бар күш әрбір құралыстарға ортақшыл жолдас-тарды отыртуға салынды, бұл туралы не істелгенінен көрініп тұр. Әлі мұнан да көп істейтін жұмысы бар.

40) Егер де мекемелердің жұмысы жергілікті халыққа түсінікті болсын десек, ол кезде ақша жұмысын басқаратын мекемелер түсінікті болуы керек. Себебі бұл мекемелердің күн сайын, сағат сайын жергілікті халықпен қатынасы болып отыр. Соның үшін, Ақша жұмысын басқаратын комиссариат жұмыскерлерді жергілікті халықтан алуға тырысып отыр. Жергілікті халықтың тілін білетін еуропалық жолдастармен құралысты жарықтандыру *тәртіптегі істік бірім ой* болуы керек.

41) Сонымен бірге жергілікті жастарды ақша жұмысына үйрету, олардан келешекке жұмыскерлер даярлау, тиісті курстардан өткізу дегендей, бұл жұмыстар басталған *көбі екпіндетіп* алып бара беру керек.

42) *Ұзанбай* істейтін жұмыстың біреуі ақша жұмысы басқаратын мекемелердің істерін орысшадан жергілікті халықтың тіліне аудару болуы керек. Бұл жұмысқа келгенде жұмыстың ағымына қарай, төмендегі ұйымшалардан бастау керек, әлбетте белгілі берілген план бойынша.

43) Ақша жұмысын басқаратын комиссариатта керексіз кісілердің отыруларын еске алып, олардан тазарту шарасын істеу керек. Олардан тазартқан кезде әлбетте ақша жұмысын жүргізетін жұмыскерлердің аздығын да естен кетірмей, шамамен ғана жүргізу керек.

Мәтіннің мазмұны көрсетіп отырғандай, қаржы, ақша реформасының жалпы күйі, Түркістанның бюджеті, жергілікті және болыстық бюджет, кірістер, ақшаның жүруі, банкі кредиті, ұйымдастыру жұмысының мәселелері қарастырылған. Кітапшаның бір ерекшелігі – қазақ тілінде шыққан кітаптар каталогіне енбеген әрі оның ешбір жерде қайта жарияланбауында [3]. Тағы бір ескерте кететін жағдай, құжат баспаханада істеген өзге ұлт өкілдерінің кесірінен көптеген техникалық қателерге толы, біраз сөздері қазіргі күнгі қолданыстан шығып ескіріп қалған, не болмаса басқа мағынасында қолданылады. Сол себепті, кейбір маңызды деген

сөздердің орысша баламасын не түсініктемесін беруді жөн көреміз. Мұндағы: *ам* – *һәм*; *ақша хақы* – *жаңа банкноттардың күшіне енуі*; *ыхтиярлы милиция* – *ерікті жасақ/вольная дружина*; *қажетті қамдау* – *қажеттімен қамтамасыз ету/обеспечение необходимым*; *еңбекақы қоры* – *фонд заработной платы*; *орнықты бюджет* – *базовый бюджет*; *маһкеме* – *мекеме, басқарма*; *бұлтарсыз* – *бұлжытпай, анық*; *осап* – *ұқсап*; *кіндік* – *орталық*; *волиелі коммуна* – *ерікті коммуна/вольная коммуна*; *жарыққа шығару* – *жариялау/оглашать*; *толық бас қосу* – *собрание в полном составе*; *орындар* – *мекемелер/учреждения*; *жолсыз алымдар* – *незаконные поборы*; *ұйымша* – *бөлімше, ұяшық/отделение, ячейка*; *нарар* – *нарау, на-шар, әлсіз*; *облажение/процентовка*; *обыр ету* – *қанау, күшпен енгізілу/эксплуатация, практиковать, искоренять*; *құрал* – *хурал, жиын*; *бәс* – *баға*; *ахыр* – *қора-қопсы, қойма*; *базар* – *нарық*; *жеу-нес* – *живность*; *ақша сілтейтін касса* – *сберегательная касса*; *қатынас капитал* – *оборотный капитал және т.б.*[4]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1916-1924 жж. Түркістан кезеңі): Тарих ғылымдарының канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. авторефераты /07.00.02/. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті. – Алматы, 1997. – 28 б.
2. Түркістан Республикасының Кеңестер Съезінде қаралатын ақша мәселесі тақырыпты жобалар. – Ташкент: Туркгосиздат, 1923. – 10 б.
3. Араб графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогі (1841–1932) / Құраст.: Асқарбекова Н.М., Замзаева Т.А. – Алматы: «Казахстаника» баспа үйі, 2006. – 176 б. + сур.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст.: Жанұзақ Т., Омарбеков С., Жүнісбек Ә. және т.б. – Алматы, 2011.

Әскери шығыстанушылар еңбектеріндегі көшпелілердің рухани мәдениеті

Анар БОРСЫҚБАЕВА,
«Ғылым ордасы» РМК ғылыми қызметкері

Он сегізінші ғасырдың басында дала жұртында көшпелі өмір салтына тән айрықша материалдық және рухани мәдениет қалыптасты.

Кейбір еуропалық зерттеушілер дала адамдарын өркениеттен тысқары қалған, бұратана халық деп сипаттағанымен, қазақ халқы көшпелі мал шаруашылығында жоғары дерлік мәдени даму деңгейіне қол жеткізгенін сеніммен айта аламыз.

Қарастырылып отырған кезең бойынша қазақ мәдениетінің дамуы туралы маңызды дереккөздер ресейлік әскери шығыстанушылардың еңбектері болды. Бұл еңбектер баяндау сипатында болғанымен де, авторлар өздері куә болған оқиғаларды егжей-тегжейлі суреттеп беруімен құнды. XVIII–XIX ғасырларда орыс шығыстанушылары И.Г. Андреев, И. Казанцев, С.Броневский, А. Левшин, Гавердовскийлер көшпенділер тарихын зерттеуде үлкен серпіліс жасады. Олардың жазбаларынан көшпелілер мәдениетінің даму бейнесін көре аламыз.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің бастаулары тереңде жатыр. Бұл – ең алдымен, қазақ халқының наным-сенімдері, тілі, әдебиеті мен музыкасы.

Дала жұртының діни наным-сенімдеріне кеңірек тоқталып өтсек. Қазақ халқының негізгі бөлігі мұсылман дінін ұстанды. Оны әскери шығыстанушылардың бәрі өз еңбектерінде айтып кеткен. Орта

жүздің аумағын зерттеген И.Г. Андреев қазақ халқы мұсылман қағидаттарымен өмір сүрді деген қорытындыға келді. «...Ауыл адамдары мұсылман шарттарын білетін, күніне 5 рет азан айтатын адамды барынша құрмет тұтады. Азанды ести сала, мұсылмандар істеп жатқан шаруаларын тастап, тізерлеп отырып, дұға жасайды... пұтқа табынудан да көп нәрсе қалған, олардың да рәсімдерін орындайды. Салтанатты, не болмаса кәделі тойлар неке қиылғанда, өлім рәсімдерінде өткізіледі, олар көбіне ішіп-жеуден және ат жарысынан тұрады» [1].

И. Казанцев те қазақ халқының ислам дінін ұстанғанын айтады, оның айтуынша, діни наным-сенімнен бөлек олар діннің көне формасы пұтқа табыну ғұрыптарын да сақтап қалған [2, 192].

Әскери шығыстанушылардың көбі дала халқы мұсылман дінін ұстанса да, олардың шарттарын қатаң сақтамаған деген пікірде болды. Мәселен, С.Броневский «қырғыздар атауы бойынша ғана мұсылман» дей келе, «олардың Құдайға іштей құлшылық етуі соқыр наным-сенімнен тұрады: кедейшілік пен ажалдан қорқу, жындарды көру... Дұғалар мен Құран туралы білетіндері сирек; сырттай құлшылық етуге құлықсыз, мешіттер жоқ, оның мәнісі діннен хабарсыз болуында» [3, 27-28], – деп көрсетеді.

Гавердовский де «қырғыздар дінге келгенде, әлсіз орындаушылар, бірақ олардың жүрек түкпірінде сенім бар» [4, 270], – дейді.

А. Левшин болса, қазақтардың қай дінді (исламды ма, әлде пұтқа ма?) ұстанатынын аңғару қиын дейді. Исламнан бөлек «олар басқа да жындардың бар екендігін мойындайды; сәуегейлер мен бақсы-балгерлерге сенеді» [5, 313].

Ш. Уәлиханов Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордтың тапсырмасымен әзірлеген «Қазақтардың көне діни наным-сенімдері туралы» жазбасында А. Левшиннің қазақ халқы жабайы, олардың ешқандай наным-сенімі болмаған деген пікірінің қате екендігін негіздейді.

Осы еңбегінде Ш. Уәлиханов қазақтардың діни наным-сенімі туралы мол мағлұматтар қалдырып кетті. Қазақтардың ежелгі дінін, ондағы наным-сенімдердің тамырын зерттей келе, сол белгілерді қазақ халқының күнделікті тұрмыста қолданып жүрген сөздерімен дәлелдеп береді. Сондай-ақ ол отқа табыну, ата-баба аруағын қастерлеу, жындар: албасты, орман перісі, дию; бақсы-балгерлер – құмалақшы, жауырыншы туралы жан-жақты сипаттайды.

III. Уәлиханов қазақ халқының наным-сенімдерін, салт-ғұрыптарын арнайы сапар шегіп жинаған жоқ, ол жастайынан көрген-білгендерін жүйелеп отырған. Аталған еңбекте Бағаналы руынан шыққан Қойлыбай бақсы туралы да деректер келтірілген. «Қойлыбай бақсы бір бәйгеге өз қобызын қосып, жарыс басталатын жерге алдын ала бір үлкен сексеуілге байлатады. Бәйгеден келе жатқандардың шаңы көрінгенде, Қойлыбай бақсылық ойынын бастап, сарын айтады. Кенет қатты дауыл тұрып, ысқырған жел соғады. Көп ұзамай дауылдың ортасынан алғашқы аттар көріне бастайды. Ал бәрінің алдында сексеуілді түбірімен сүйреткен Қолыбайдың Қобызы келеді. Сөйтіп, Қойлыбай бас бәйгені алыпты».

Шоқан Уәлиханов өз еңбегінде жындарды ғана емес, кейбір жануарлар мен құстарды кие тұту, табиғаттың тылсым құбылыстары туралы да қызықты мәліметтер келтіреді [6, 69-70]. Осының бәрінде көшпелі халықтың мінез-құлқы, қоршаған ортаны поэтикалық қабылдауы жатыр.

«Тәржімеші Мамет Тевкелевтің қырғыз-қайсақ ордасының тұрмыс-салты туралы» журналында Тевкелев діни мейрамды сипаттап жазады: «1 сәуірде Құрбан айт деп аталатын діни мейрам болды. Асқа жиналған жұрт малдас құрып, жерге (кілемде, киізде) айнала отырады. Әрқайсысының алдына ұсақ туралған ет салынған ыдыс, ал ханның алдына ас салынған 4-5 ыдыс қойылады... Сонан соң, жылқының егі, не болмаса тұтасымен қой қойылады. Хан еттен алған соң ғана, қалғандары жей бастайды. Олар бие мен түйе сүтін ішеді» [7, 107].

Дала халқы арасында христиан дінін уағыздаушылар да болды. Ол жөнінде И. Казанцев өз еңбегінде «Орынбор аймағына христиан дінін тарату үшін шотланд миссионерлері келді» деп жазады. Бірақ бұл миссияның нәтижесі табысты болған жоқ [2, 216].

Жоғарыда айтылғандай, дала халқы ислам дінін ұстанғанын көреміз, бірақ оның шарттарын қатаң орындаған жоқ. Ішінара мұсылманшылыққа дейінгі наным-сенімдер сақталды, сәуегейлік пен бақсы-балгерлерге сенді.

XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың басы қазақ халқы мәдениетінің тарихында ерекше орын алады. Көшпелі өмір салты жағдайында халықтың ауыз әдебиеті, жыраулық дәстүрі (жырау, жыршы, ақын), музыка өнері (әнші, сал-сері) ерекше дамыды. Бірақ Ресейдің шығыстанушылары өз еңбектерінде бұл жөнінде мүлдем

айтпады, не болмаса Левшин сияқты «не тұрмыс салты, не әдет-ғұрпы қырғыз-қайсақтарға білімді болуға мүмкіндік бермеді» [5, 350] деген пікірде болды. Ш. Уәлиханов бұл пікірмен келіскен жоқ. Ол «біздің шығыс эпостарынан гөрі үнді-герман эпосына ұқсас бай және поэтикалық мәні жоғары әдебиетіміз бар», – дейді [8, 81].

Гейнстің айтуынша, «Қырғыз-қайсақтар көне түрк тілінде сөйлейді. Бірақ олардың басқа көрші халықтармен араласуынан бұл тіл көптеген өзгеріске ұшырады... Көріксіз табиғат, қарапайым өмір салты мен көршілермен қарым-қатынасы қырғыз-қайсақ халқы мен оның тілінің дамуына кері әсерін тигізді. Соған қарамастан, оларға табиғат шешендік пен әзіл-мысқыл сезімін молынан сыйлаған. Көпшілік жиналған дау-таластарда тұспалдап, астарлап жеткізуді жиі қолданады» [9, 68-69].

Гавердовский өз еңбегінде қазақ ауылындағы білім беру саласының дамуына кең тоқталады. «Бұл елде дарындыларды дамытудың уақыты әлі келген жоқ» дей келе, өз ойын былай жалғастырады: «білім қиын не күрделі болғандықтан емес, олар өздерінің табиғи қабілеттеріне жақын, не болмаса жалған сенімді қанағаттандыруға қажет білімді ғана алды» [4, 448].

Әскери шығыстанушылардың зерттеулеріне сүйене отырып, біз көшпелі халықтың тілі бай болғанын, сол тілмен өз ойын батыл жеткізіп, тұспалдап, астарлап сөйлегенін көре аламыз.

А. Левшин өз еңбегінде «қырғыз халқы сауатсыз болса да, олардың туындыларынан поэзия мен музыканың бастауларын көреміз» деп жазды.

«Олардың поэзиясы ғылымның ережелеріне бағынбайтыны анық... Бірақ әлемнің ежелгі халқындай олардың да өз қаһармандарының ерлік істері мен туған жердің табиғатын суреттейтін, махаббатты жырлайтын өлең-жырлары бар... Мұндай табан астында шығарған туындылар көбінесе шимай-шатпақ болып келеді, әсіресе теңеулер қолданылған жерде,... дегенмен ара-тұра сәтті шыққан туындылар да кездеседі, кейбір өлең-жырлардан тіпті ұйқасты көруге болады» [5, 351-352].

«Жыр-дастандарда қазақ халқының өткені мен қаһарман батырлардың ерліктері жырланды. Әдетте, оны тек кәсіби жыршылар орындаған», – деп жазады Е.К. Мейендорф [10, 193].

Левшин қазақ халқының негізгі музыкалық аспаптары – қобыз бен сыбызғы туралы мәліметтер береді. С.Б. Броневский де

«Орта жүз қазақтары туралы» еңбегінде қазақ халқының қобыз («скрипканың бір түрі»), сыбызғы («флейтаға ұқсас») сияқты музыкалық аспаптарына мән беріп, қазақ халқының музыкаға бейім екендігін жазады [3, 74]. «Өз туындыларында әнші-жыршылар қазақ батырларының ерлік істерін жырлап қана қоймай, жақсы не мұңлы әсер қалдырған көз алдындағы барлық құбылыстарды, табиғат көріністерін: тау-тасын, өзен-көлін, даласын өз жырына арқау еткен» [3, 74]. Олар әнді ешбір дайындықсыз, табан астында шығарып шырқайды [4, 195].

Қазақ халқында 20-дан астам музыка аспабы бар. Ән мен күй әрқашанда дала жұртының тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты болған.

Қазақ даласында жиі болған А. Янушкевич өз хаттарында көшпелі халықтың музыка өнерін терең сипаттап, сүйсіне сөз етеді. Қазақтар жөнінде сол кезде қалыптасқан «тағы, жабайы халық» дейтін теріс көзқарастарды әшкерелейді: «...мереке кезінде мен ең алғаш рет өлеңшілерді тыңдауға мүмкіндік алдым. Бұлар қазақтың трубадурлары, даланың бардтары – ұлы ақындары. Қазақтардың өлең шығаруы мен орындау дарыны осы халықтың ақыл-ой қабілетін тамаша айқындайды» [11, 128]. Осы хатта ақындар айтысы туралы да жан-жақты сипаттайды: «Олимпиада ойындарындағыдай екі ақын жарысқа түсуде. Бірі біріне ауыз сөзбен шабуыл жасайды, екіншісі одан шебер қорғанады; бірте-бірте екеуінің де шабыты оянып, кәдімгідей ұрыс басталды. Бұл енді ғажап көрініс» [11, 128].

Е.К. Мейендорф «Қазақтың халық ауыз әдебиеті олардың идеологиясын көрсетеді: түз балалары шет жұрттың өркениетінің кез келген ықпалынан тыс қалды. Көшпелі халық еркіндікті сүйеді, өздеріне озбырлық жасағандарды жек көреді» [10, 195], – дейді.

Олардың айтуларына, жергілікті тұрғындар музыкаға бейім. Ән арқылы халық өз көңіл күйі мен сезімін білдіріп отырған.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, қазақ даласына саяхат жасаған кейбір зерттеушілер өз еңбектерінде дала қазағының бейнесін, оның мінез-құлқын сипаттаған.

Мәселен, Ф. Назаров қазақтарды былай сипаттайды: «Даладағы көшпелі қырғыздар, негізінен, орта бойлы, қараторы келеді. Ғасырлар бойы далада өскен, таза ауамен тыныстаған қырғыздар мықты, ыстық-суыққа көнбіс келеді» [12, 89-90].

И. Казанцев қырғыздардың сыртқы келбеті олардың моңғол-

түрік қосындысынан шыққанын көрсетеді дейді. «Ер адамдардың келбеті қоңырқай, бет сүйегі шығыңқы, көзі көбіне қысыңқы және қара, мұрны жалпиған, аяқтары қисық, жүрісі баяу, теңселіп жүреді; жаяу жүрмейтіндіктен, етіктерінің тақасы биік, былғарыдан тігілген; сақалының түсі қарақошқыл, ал шашы қатты және қара; шаштарын қырып алады, тақия киеді, сақалын да бастырады. Әйелдерінің сырт келбетінің еркектерден айырмашылығы жоқ, беті шығыңқы, туғаннан бетінде шырайы бар, кербез сұлулар опа жағып, қастарын сүрмелейді; көздері қысыңқы және қара, мұрны жалпиған, аяқтары қисық» [2, 193-194]. Левшин болса, «бойы, мүсіні, бет әлпеті келісті ер адамдарды кездестіргенін» айтады [5, 301]. Гавердовский де осы пікірмен келіседі: «әйелдердің арасынан, әсіресе қара шашты қас сұлулар кездеседі. Бет терісі нәзік, келбеті айқын, көздері мөлдіреген, тістері маржандай тізілген қырғыз әйелдерінің біздің сұлулардың жанынан ойып орын алатыны сөзсіз» [3, 66-67].

20 жыл бойы қазақ даласында жүрген С. Броневский қыр қазақтары туралы қызықты деректер келтіреді. «Кейде бойында бірбет қайсарлық пен асаулықтың ұшқыны көрінетін қырғыздар бейбіт өмір сүруге құштар. ...Ресейліктерге, жалпы шет жұрттықтарға сенімсіз, бірақ өз жұртына сондай кеңпейіл» [3, 51], – деп қазақтарға психологиялық мінездеме берсе, Гейнс «өз халқының талайсыздығына қырғыздар мейлінше рақымды; бірақ жоқ-жітіктерге көмектесе бермейді, оған зауықсыз да; қаталдықта тіпті бой бермейді, сыртқы жалтыраққа көп көңіл бөлгіш, дарақы; күштілер алдында дәрменсіз, ал әлсіздерге жәбір көрсетеді», – дейді.

«Қырғыздар еш уақытта антынан таймаған, берген уәдесіне берік: уәде берді ме, қандай қиындықтан өтсе де, оны орындайды. Саудагерлер нан мен тауарларды қырғыздарға қарызға беріп отырған және де олар оны үнемі уақытында төлеген. Олардың тұрмысы қанша жерден жұтаң болса да, өздеріне аманат етіп қалдырған затты пайдаланбайды. Бірақ осындай жақсы қасиеттерімен қоса, ұрлық-қарлықты, не болмаса адамды еркінен айыруды күнә деп есептемейді...» [9, 53]. Ғалым олардың адамгершілік қасиеттерінің ішінен адалдықты, салауаттылық пен төзімділік сияқты қасиеттерін ерекше атап көрсетеді.

Казанцевтің айтуынша, «қырғыздар шабуылды ешкім күтпеген жерден, тұтқиылдан жасайды; алғашқы шабуылдан кейін-ақ олжаны иемденеді, ал өздеріне кішкене тойтарыс берсе болды, кейін шегініп,

қашуға кедергі жасайтын заттардың бәрін тастай қашады. Дала жұртында кездесетін ең қорқыныштысы – «қанға қан, жанға жан» дәстүрі. Жапа шеккен адам өлген жағдайда кек алу құқығы баласына немесе жақын туыстарына көшеді, солайша жапа шеккен адамның руы түбімен жойылғанша, зәбір көрсеткен адам өз қауіпсіздігіне сенімсіз болады. Қырғыздардың дауласуында ешқандай айқындық жоқ; кейде түкке тұрмайтын нәрсе оларды ашу-ызаға булықтырып, адам өліміне себепші болуы мүмкін. Жалпы, қырғыздар дене жазасына төзімді келеді.

Қырғыздардың үй ішін асырауға малы, ыстық-суықтан қорғайтын үйі мен жанында әйелі болса, одан асқан бақытты жан жоқ. Үй шаруасы – әйелдердің мойнында. Ерлер болса, ішіп-жеп, әңгімедүкен құрады. Жазда өз үйірін бақылағанды жақсы көреді және де олар бәйге мен жортуылға мықты» [2, 241-244]. Бұдан қазақтар жалқау деген ой туындамау керек. Қазақтарда мал бағудың өзіндік үрдісі қалыптасқан. Үй иесі мал тапса, әйелдер отын жағып, малын сауады, балалар тезек тереді. Бұл қазақтың шаруашылық дәстүрі екенін ескеру қажет.

Мейендорф те жоғарыдағы пікірді қуаттай отырып: «қазақ әйелдері – отбасындағы жалғыз жұмыс күші: олар ас әзірлейді, киіз үйді тігеді, атты ерттейді», – деп жазады [10, 195]. Броневский «қырғыз әйелдері ат үстінде мығым, балаларын шексіз сүйеді, қандай жұмыс болмасын, еркектерден асып түседі. Ерлерінің атын атамайды, әдетте, оларды мырза дейді. Олар ерлерден гөрі шаруақор, аттарға жем береді, тіпті оны ерттеп, атына мінгізеді. Мал шаруашылығымен айналысу, көшіп-қонған кезде киіз үйді жинап, тігу де – осының барлығы әйелдердің мойнында» [3, 67], – дейді. Олар қазақ әйелдерінің инабатты, шаруақор, еріне адал болатынын көрсетіп, қазақтардың өмір салтына шынайы баға берген.

Ресей шенеуніктері өз еңбектерінде дала жұртының жиынтық бейнесіне мінездеме береді. Сыртқы түр-тұлғасын сипаттаудан бөлек ғалымдар қазақтардың мінез-құлқына, отбасындағы, сондай-ақ көрші елдер мен шет жұрттықтармен қатынасына да көңіл аударған.

Қазақ даласын зерттеген ресейлік әскери шығыстанушылар көшпелі халықтың мәдени дамуы, оның ішінде, діни наным-сенімі, музыка өнері, поэзия, халық ауыз әдебиеті туралы құнды мәліметтер қалдырды. Көшпелілердің дүниетанымы мен мәдениеті қазіргі қазақ халқының рухани және мәдени негізі болып табылатыны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы: «Ғылым», 1998.
2. Казанцев И. Описание киргиз-кайсака. / Букеевской Орде 200 лет. В 6 кн. – Алматы: «Өлке», 2001. – Кн.1. – С.162, 318.
3. Броневский С.Б. О казахах Средней Орды. – 2-е изд. доп. – Библиотека казахской этнографии. – Астана: «Алтын кітап», 2007. – Т.5. – С. 168.
4. Гавердовский В.Я. Обзорение Киргиз-кайсацкой степи. / Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. История Казахстана в русских источниках XVIII-XX веков. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2007. – Т.V. – С. 395-396.
5. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: «Санат», 1996. – 656 с.
6. Стрелкова И. Валиханов. – М.: «Молодая гвардия», 1990. – С. 6.
7. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.). / История Казахстана в русских источниках XVIII-XX веков. – 3-т. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005.
8. Валиханов Ч.Ч. //Собр. соч.: в 5 т. – Т.4. – С. 81.
9. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. – 2-е изд. доп. – Библиотека казахской этнографии. – Астана: «Алтын кітап», 2007. – Т.37. – С. 216.
10. Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару / Этнография казахов в записках российских путешественников начала XIX в. – 2-е изд. доп. – Библиотека казахской этнографии. – Астана: «Алтын кітап», 2007. – Т. 49. – С. 246.
11. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. – 2-е изд. доп. – Библиотека казахской этнографии. – Астана: «Алтын кітап», 2007. – Т.29. – 384 с.
12. Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях Средней части Азии / Этнография казахов в записках российских путешественников в начале XIX в. – 2 изд. доп. – Библиотека казахской этнографии. – Астана: «Алтын кітап», 2007. – Т. 49. – С. 100.

Түйіндеме

Кыргызстан и перспективы расширения ЕАЭС для Казахстана

Дария Мухамеджанова, главный научный сотрудник Представительства Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК в г. Алматы, кандидат экономических наук

Вступление Кыргызстана в ЕАЭС знаменует новый этап развития евразийского интеграционного пространства, связанный с формированием его новых экономических границ в Центральной Азии. В статье анализируются основные тенденции экономического развития Кыргызстана в условиях глобализации и регионализации, проблемы развития ЕАЭС с учетом вступления Кыргызстана в Союз, а также возможности и перспективы расширения ЕАЭС для Казахстана.

Kyrgyzstan and the EEU Expanding: Implications for Kazakhstan

Daria Mukhamedzhanova, Chief Research Fellow, Almaty Branch of Kazakhstan Institute of Strategic Studies (KazISS) under President of Kazakhstan, Candidate of Economics

Kyrgyzstan's entry into the EEU marks a new stage in the integration process within the Eurasia space signifies the formation of new economic space of Central Asia. The article analyzes the main trends in the economic development of Kyrgyzstan in the context of globalization and regionalization, the EEU specific to Kyrgyzstan's entry into the Union as well as the opportunities and prospects for expanding the EAEC Kazakhstan.

Транспортная инфраструктура как фактор пространственного развития

Вера Можарова, старший научный сотрудник Института экономики КН МОН РК, кандидат экономических наук

Важнейшей задачей формирования единого экономического пространства в Казахстане является преодоление межрегиональной дифференциации, пространственная интеграция регионов, что невозможно без устойчивых межрегиональных взаимосвязей. Транспорт является системообразующей отраслью, важнейшей составной частью производственной и социальной инфраструктуры региона. Развитие транспорта, соответственно, определяется уровнем развития и состоянием транспортной инфраструктуры.

Transport Infrastructure as a Factor Spatial Development

Vera Mozharova, Senior Research Fellow, Institute of Economics, Ministry of Education and Science, Candidate of Economics

The most important task of forming a coherent economic space in Kazakhstan is to overcome the regional disparities and to achieve spatial integration of the regions, which is impossible without a stable communication and transport infrastructure. Transportation is the backbone industry and an important part of the industrial and social infrastructure of the regions. The development of transport, is respectively, dependent of the level the state of the infrastructure.

Вопросы экономического сотрудничества Казахстана с Европейским союзом

Лазат Нурсултанова, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва, доктор исторических наук
Райхан Жанболатова, старший преподаватель Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва

Болган Батишева, магистрант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва

В данной статье рассматривается европейский вектор внешней политики нашей республики, анализируются современное состояние и тенденции экономического взаимодействия, особенности и основные направления взаимовыгодного партнерства республики с европейскими институтами.

On Economic Cooperation between Kazakhstan and the European Union

Lyazzat Nursultanova, Professor of Regional Studies, Gumilev Eurasian National University, Doctor of History

Raikhan Zhanbolatova, Senior Lecturer, Gumilyov Eurasian National University

Bolgan Batisheva, Graduate Student, Gumilyov Eurasian National University

This article discusses the European vector of foreign policy Kazakhstan and analyzes the current state and the trends of economic cooperation, its features and the main directions of the mutually beneficial partnership of Kazakhstan with the European institutions.

Системный мониторинг глобальных и региональных политических рисков и кризисов: теоретические и прикладные аспекты

Рустам Муса, магистрант факультета журналистики и политологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва

Данная статья посвящена методологическому обзору мировых систем и методик мониторинга политических рисков и кризисов. Целью исследования является анализ методов реализаций мониторингового исследования и эффективно действующих проектов по мониторингу политических рисков и кризисов различной степени интенсивности.

System Monitoring of Global and Regional Political Risks and Crises: Theory and Applications

Rustam Mussa, Graduate Student, Department of Journalism and Political Science, Gumilev Eurasian National University

The article provides the methodological review of the world's most prominent monitoring systems of political risks and crises. The article, in particular, aims to analyze the implementations of the monitoring methods applied to the political risks and crises characterized by varying degrees of intensities.

Предложения Президента Республики Казахстана Н.А. Назарбаева по реформированию работы ООН

Гани Карасаев, главный научный сотрудник Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук

В статье рассмотрены значимые инициативы и идеи Президента Республики Казахстана Н.А. Назарбаева, касающиеся реформирования работы ООН.

Initiatives of President Nursultan Nazarbayev of Kazakhstan to Reform the United Nations

Ghani Karasaev, Chief Research Fellow, Institute of History of Kazakhstan, Ministry of Education and Science, Doctor of History

The article discusses the most significant initiatives and President Nursultan Nazarbayev of Kazakhstan concerning the reform of the United Nations Organization.

Культурное сближение во времена Великой могольской империи

Карлығаш Нурмухаметова, старший преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета, кандидат философских наук

В статье анализируется творческое наследие восточного средневекового мыслителя Бабура, оставившего яркий след в истории тюркской философии и культуры. Центральное место в наследии Бабура занимает его труд «Бабырنامه», носящий в основном энциклопедический характер и отражающий историю народов Центральной Азии, Афганистана и Индии. Выявлен феномен исторического и духовного самосознания тюркских этносов в контексте диалога культур и цивилизаций, нашедших отражение в сочинении «Бабырنامه».

Cultural rapprochement during the Great Mongol Empire

Karlygash Nurmukhametova, Senior Lecturer, Kazakh State Women's Pedagogical University, Candidate of Philosophy

The article analyzes the heritage of an eastern medieval thinker Babur in terms of his influence on the Turkic philosophy and culture. The major focus is on the «Baburname» as the centerpiece of Babur's work, which is an encyclopedic source on the history of the peoples of Central Asia, Afghanistan and India. The «Baburname» reveals the author's philosophical positions on the historical and social importance of «cultural dialogue» between the Turkic peoples, their understanding of life.

Поляки: этногенез и культурологические особенности

Жандос Каринбаев, старший преподаватель кафедры Внешней политики Академии Государственного управления при Президенте Республики Казахстан

В статье рассматриваются процессы многовекового этногенеза польского этноса, а также культурные особенности поляков.

The Poles: Ethnogenesis and Features of Culture

Zhandos Karinbayev, Senior Lecturer, Department of Foreign Relations, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan

The article examines the processes of ethno genesis of the Poles throughout the centuries and discusses the cultural characteristics of the Poles that have been developing during this process.

Проекты, посвященные вопросу денег и рассматриваемые на съезде Советов Туркестанской Республики: содержание, значение и исторический анализ

Тимур Талгат, научный сотрудник РГП «Ғылым ордасы» КН МОН РК
Ақжан Бегим, студентка Нового экономического университета им. Т.Рыскулова

В данной статье обсуждается критическая оценка деятельности Туркестанской Республики, которая до 1920 гг. XX в. сменила несколько форм правления и перешла на новый путь социалистического развития на основе плановой экономики. Приведены замечания по социально-экономическому положению, деятельности государственных органов, по денежной реформе и видам хозяйств и рассматриваются проекты планов первой пятилетки новой советской республики. Выполнена транслитерация текста исторического источника с арабской графики на кириллицу. На основе данной работы рассмотрены социальные, экономические и политические аспекты, а также много статистических данных. В конце статьи даны пояснения историческим терминам, вышедшим из современного обихода.

Monetary Issues within the Turkestan Republic Congress Agenda: Content, Meaning and Historical Implications

Talgat Timur, Research Fellow, «Gylym Ordasy», Ministry of Education and Science

Akzhan Begim, Student, Ryskulov New Economic University

The article provides a critical assessment of the Turkestan Republic, which until 1920 had undergone several changes in terms of the form of government and introduction of the planned economy. The article discusses the socio-economic situation, the activity of state establishment, the monetary reform and the types of farms. The authors made the transliteration of the original texts from Arabic graphics to Cyrillic that enabled to reveal the social, economic and political conditions as well as considerable statistical data.

Духовная культура номадов в исследованиях военных востоковедов

Anar Borsukbaeva, научный сотрудник РГП «Гылым ордасы» КН МОН РК

К началу XVIII столетия у жителей Казахской степи сложилась своеобразная материальная и духовная культура, которая соответствовала их кочевому образу жизни. На основе научных трудов, полученных в результате деятельности российских военных экспедиций, автор рассматривает духовную культуру номадов, уделяя особое внимание жизни и быту казахского населения и их религиозным воззрениям.

Spiritual Culture of Nomads in Researches of Military Orientalists

Anar Borsukbaeva, Researcher Fellow, «Gylym Ordasy», Ministry of Education and Science

The author discusses the features and characteristics unique spiritual culture the inhabitants of the Kazakh steppe had developed by the beginning of the 18th century and analyses how their nomadic way of life influenced the culture. The analysis is based on a wide range of sources, namely the writings of the members of military expeditions to Kazakhstan of Russian Empire.